The shortest work in the Mamluk-Kipchak language «**Ad-Durra**» is a dictionary written in classical Arabic in the 14th century in Egypt and Syria for the study of the Kipchak language. The monument consists of 24 papers, 47 pages, each page has 15–16 lines. The monument «Ad-Durra» contains a list of Arabic-Kipchak words. Arabic words are written in black ink, and words in Kipchak are written in red ink, with a clear, plain pattern of «nash». Lexical materials in the Arabic-Kipchak dictionary are divided into 24 chapters. The first chapters of the dictionary contain various nouns and their adjectives, a list of numbers in the Turkic language, and the last chapter 24 contains the most common phrases and ready-made phrases in the Turkic-Kipchak language. The last chapter contains 235 phrases on various topics [3, p. 101].

The following conclusions can be drawn from a comparative analysis of the dictionary sections of the manuscripts described above:

- The interpretation of grammatical features and linguistic features of the Turkic-Kipchak language in the written monuments of the Mamluk rule on the basis of traditional Arabic grammar should be convenient and easy for the general reader and learners of the Mamluk-Kipchak language;

- As a result of the study of manuscripts written during the Mamluk rule, it can be concluded that all the monuments are written in the form of a textbook with a Kipchak-Arabic dictionary for the purpose of teaching the Kipchak language; All manuscripts written during the Mamluk rule include a Kipchak-Arabic dictionary with a phonetic and grammatical section;

- All manuscripts are written in a clear, understandable «Nash» style (apart from the main text, it is difficult to read only the monument «al-Idrak» due to the inscription between the lines and at the edges); In all Kipchak-Arabic dictionaries, the main Arabic text is in black ink, and the Kipchak words are in red ink, and the Arabic diacritical marks and characters are written (only in the monument «At-Tuhfa» the Kipchak words are written in red ink and the characters are in black ink). Red ink in Kipchak is a common feature of all medieval Mamluk-Kipchak dictionaries. This makes it much easier to study the works of the Mamluks;

- In all Kipchak-Arabic dictionaries the first Arabic word is given, then its Kipchak equivalent is written, and only in «Al-Idrak» the first Kipchak word is given and then it is translated into Arabic;

- In all monuments, synonyms or dialects are given side by side, indicating several words connected by the vowels **اولا** [al-uāḇ], **وا** [ʾaḇ]), ie «and», «or»;

Although all the monuments are guided by the system of Arabic linguistics, many peculiarities of the Turkic-Kipchak language, which are not subject to this system, are identified and given as a warning. In the interpretation of some words in the Kipchak language, in doubtful places, «God knows everything,» «All knowing God» (لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ [ʔa-l-Lāhu 'a'lam]), «God knows the truth» (بِأَوْصَالِ اللَّهِ [ʔa-l-Lāhu 'a'lamu bi-š-šāʔāb]) were used;

- In the Kipchak-Arabic dictionaries such as «Al-Idrak» and «At-Tuhfa» the words are presented in alphabetical order, while in other dictionaries they are semantically grouped into several chapters (26 chapters in the «Tarjuman», 24 chapters in the «Ad-Durra»; 14 chapters in «Al-Qawanin»);

- The lexical fund of monuments can be specified as follows: 3600 words in «At-Tuhfa»; 3500 words in «Al-Idrak»; 1,800 words in the «Tarjuman», 1070 words in the «Ad-Durra»; 368 words in «Al-Qawanin»;

- Among the monuments written during the Mamluk rule, only the monument «Tarjuman» contains a Kipchak-Arabic dictionary, as well as a Turkish-Mongolian dictionary; Among the Kipchak-Arabic dictionaries written during the Mamluk rule, the name «Kazakh» is found only in the monument «Tarjuman». This increases the historical and cultural value of the dictionary.

Financing information

The research was carried out under the research project №AP08855781 with grant funding from the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Conclusion

As a result of a comparative analysis of the Kipchak-Arabic dictionaries we see that the Kipchak language was of great importance in that society during the Mamluk rule. All these manuscripts are a direct historical heritage of the Kazakh people. By studying the Kipchak-Arabic dictionaries, you can get valuable information about the history, culture, literature, language, life of the peoples of that period. Therefore, it is necessary to consider written monuments, Kipchak-Arabic dictionaries as a linguistic source during the Mamluk rule. This is because the linguistic units and language images in it reflect the worldview and national character of the Turkic-Kipchak people who speak this language.

REFERENCES

1 **Гаркавец, А. Н.** Китаб-и Маджмуи Тарджуман-и Турки ва Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави [Текст]. – Алматы : Баур, 2019. – 600 с.

2 **Mustafaeva, A., Aubakirova, K.** Linguistic situation and the status of the Turkic language in the Mamluk state of Egypt and the Golden Horde [Текст] // KazNU Bulletin, Oriental Studies Series. – 2021. – № 2(3). – P. 244 – 249.

3 **Жұбатова, Б. Н., Аубакирова, Қ. Қ.** Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары : монография [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, 2019. – 235 б.

4 **Курышжанов, А.** Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» [Текст]. – Алма-Ата, 1970. – 234 с.

5 **Есбосынов, Е.** Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Әбу Хайян еңбегі бойынша XIV ғ.) [Текст]. – Алматы, 2005. – 196 б.

6 **Арынов, Т.** Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб ат-тухфа аз-закыйа фил-луга-ат-туркийя» [Текст]. – Алматы, 1983. – 152 с.

7 **Қонқабаева, Н.** «Ат-Тухфа аз-закыйа фи әл-лугат ат-туркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация : 6D021200 – Түркітану бойынша филос. докт (PhD) ғыл. дәрежесі. дисс. [Текст]. – Алматы, 2020. – 181 б.

8 **Зияева, И.** Исследование памятника XIV в. Китаб ат-тухфат уз-закыйа фил-лугати-ит туркийя (лексика, морфология, словообразование) [Текст]. – Ташкент, 1972. – 23 с.

9 **Erners, R.** Turkic Forms in Arabic Structures : the description of Turkic by Arabic Grammarians [Текст]. – Nijmegen, 1995. – 260 p.

10 **Aubakirova, K., Jubatova, B., Zhumazhanova, F., Mustafayeva, A.** Turkic-arabic cultural and linguistic relations [Текст] // Analele University din Craiova, Istorie. – 2016. – № 1(29). – P. 133 – 143.

REFERENCES

1 **Garkaves, A. N.** Kitab-i Majmui Tarjuman-i Turki va Ajami va Mugali va Farsi. «Svodnaya kniga perevodchika po-turkski, i po-persidski, i po-mongolski, i na farsi» Halila bin Muhammada bin Iusufa al-Kunavi [Kitab-i Majmui Tarjuman-i Turki va Ajami va Mugali va Farsi. «Brief book of the translator in Turkish, Persian, Mongolian and Farsi» Khalila bin Muhammad bin Yusuf al-Kunawi] [Text]. – Almaty : Baur, 2019. – 600 p.

2 **Mustafaeva, A., Aubakirova, K.** Linguistic situation and the status of the Turkic language in the Mamluk state of Egypt and the Golden Horde [Text] // KazNU Bulletin, Oriental Studies Series. – 2021. – № 2(3). – P. 244–249.

3 **Zhubatova, B., Aubakirova, K. K.** Mysyrdagy mamlukter biligi tusyndagy turki-arab madeni-tildik bajlanystary : monographia [Turkic-Arab cultural and linguistic relations during the Mamluk rule in Egypt : monograph] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2019. – 235 p.

4 **Kuryshzhanov, A.** Issledovanie po leksike starokypchakskogo pismennogo pamjatnika XIII v. «Tjurksko-arabskogo slovary» [Research on the lexicon of the Old Kipchak monument in the 13 century «Turkish-Arabic dictionary»] [Text]. – Almaty : Nauka, 1970. – 234 p.

5 **Esbosynov, E.** Eski qypshaq tilinin leksika-grammatikalyq erekshelekteri (Abu Hajjan enbegi bojnsha XIV g.) [Lexical and grammatical features of the old Kipchak language (according to the work of Abu Hayyan in the 14 century)] [Text]. – Almaty, 2005. – 196 p.

6 **Arynov, T.** Leksiko-semanticheskie i stilisticheskie osobennosti jazyka starokypchakskogo pamjatnika «Kitab at-tuhfa az-zakija fil-luga-at-turkija» [Lexical-semantic and stylistic features of the language of the Old Kipchak monument «Kitab at-tuhfa az-zakija fil-luga-at-turkiya»] [Text]. – Almaty : Nauka, 1983. – 152 p.

7 **Qonqabaeva, N.** «At-Tuhfa az-zakia fi Al-lugat at-turkija» eskeretkishine tarihi-lingvistikalıq interpretasiya : 6D021200 – Turkitanu mamandygy bojnsha Filosofiya doktory (PhD) gylimi darezhasin aluga arналған dissertaciya [Historical and linguistic interpretation of the monument «At-Tuhfa az-zakia fi al-lugat at-turkiya» : dissertation for the degree of doctor of philosophy (PhD) in the specialty 6D021200 – Turkology]. – Almaty, 2020. – 181 p.

8 **Zijaeva, I.** Issledovanie pamjatnika XIV v. Kitab at-tuhfat uz-zakija fil-lugati-it turkija (leksika, morfologija, slovoobrazovanie) [Research of the monument 14 c. Kitab at-tuhfat uz-zakija fil-lugati-it turkiya (lexicon, morphology, word formation)] [Text]. – Tashkent, 1972. – 23 p.

9 **Erners, R.** Turkic Forms in Arabic Structures : the description of Turkic by Arabic Grammarians [Text]. – Nijmegen, 1995. – 260 p.

10 **Aubakirova, K., Jubatova, B., Zhumazhanova, F., Mustafayeva, A.** Turkic-arabic cultural and linguistic relations [Text] // Analele University din Craiova, Istorie. – 2016. – № 1(29). – P. 133–143.

Material received on 13.06.22.

*Қ. Қ. Аубакирова¹ А. А. Мустафаева² Г. А. Камишева³

^{1,3}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Материал баспаға 13.06.22 түсті.

«ТӘРЖҰМАН» ҚОЛЖАЗБАСЫН МӘМЛҰК-ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗДІКТЕРМЕН САЛЫСТЫРА ЗЕРТТЕУ

Бұл мақалада мәмлүктер кезінде (XIII–XV ғ.) ескі қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық жазба мұралар мен арабша-қыпшақ сөздіктерге жан-жақты талдау жасалады. Оның ішінде қазіргі түркітану ғылымында белгілі болған «Тәржұман», «Әл-Идрак», «Әт-Тухфа», «Әл-Қауанин» және «Әд-Дурра» сияқты лингвистикалық еңбектердің сөздік бөлімдеріне салыстырамалы зерттеу жүргізіліп, арабша-қыпшақ сөздіктердің ұқсастықтары, құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері айқындалады. Аталған ескерткіштердің арабша-қыпшақ сөздік бөлімдеріндегі тілдік материалдарды зерттеу арқылы қазіргі түркі тілдерінің, оның ішінде қыпшақ тобына жататын қазақ тілінің тарихын зерттеуде құнды деректерді жинақтауға болады. Мәмлүктер кезіндегі ортағасырлық қолжазбаларда сақталған мәмлүк-қыпшақ тіліндегі лингвистикалық деректерден ортағасырлық Мысыр қоғамы туралы ғана емес, сонымен қатар Мысыр мәмлүк мемлекетімен тығыз қарым-қатынаста болған Алтын Орда халықтарының да тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, діні, ділі, тұрмыс-тіршілігі туралы ақпаратқа қолжеткізе аламыз. Сондықтан мәмлүктер кезіндегі қолжазбаларды жалпы түркі халықтарына ортақ мәдени мұра ретінде жан-жақты зерттеу, оның ішінде лингвистикалық еңбектерге жалпы сипаттама бере отырып, салыстыра талдау жасау тіл білімі мен түркітану саласындағы өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Кілтті сөздер: қыпшақша-арабша сөздіктер, «Тәржұман» қолжазбасы, ескі қыпшақ тілі, мәмлүктер, ортағасырлық жазба мұралар.

* К. К. Аубакирова¹, А. А. Мустафаева², Г. А. Камишева³

^{1,3}Қызылординский университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан, г. Кызылорда;

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Материал поступил в редакцию Республика Казахстан, г. Алматы
Материал поступил в редакцию 13.06.22.

**СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ РУКОПИСИ «ТАРДЖУМАН»
И СЛОВАРЕЙ НА МАМЛЮК-КЫПЧАКСКОМ ЯЗЫКЕ**

В настоящей статье проводится комплексный анализ средневекового письменного наследия и арабо-кипчакских словарей, выполненных на старокыпчакском языке в эпоху правления мамлюков (XIII–XV вв.). В работе выполняется сравнительное изучение лексических разделов известных в современной тюркологии лингвистических памятников, таких как «Тарджуман», «аль-Идрак», «ат-Тухфа», «аль-Кауанин» и «ад-Дурра», где достаточно подробно рассматриваются особенности арабско-кипчакских словарей, их схожести по структуре и содержанию. Изучение языкового материала раздела памятников, включающего арабо-кипчакский словарь, позволит собрать ценные сведения по истории современных тюркских языков, в том числе казахского языка, относящегося к кипчакской группе. Посредством лингвистического материала в средневековых мамлюкских рукописях мы получаем сведения не только о средневековом египетском обществе, но и об истории, культуре, литературе, языке, религии, менталитете и быте народов Золотой Орды. Поэтому комплексное изучение мамлюкских рукописей на базе сравнительного анализа является одним из ключевых вопросов, рассматриваемых языкознанием и тюркологией и тем самым представляет важность для всеобщего культурного наследия тюркских народов.

Ключевые слова: кипчако-арабские словари, рукопись «Тарджуман», старокыпчакский язык, мамлюки, средневековое письменное наследие.

FTAMP 16.01.07

<https://doi.org/10.48081/LGKC9217>**Н. Бирай¹, Г. Т. Шоқым², *К. Б. Жумашева²**¹Памуккале университети, Түркия, Денизли қ.²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университети, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.**ГЕНДЕРЛІК ОППОЗИЦИЯНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕ
МЕТАФОРЛАР АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕНУІ**

Қазіргі таңда әлемнің тілдік бейнесіндегі адамды зерттеуде тілдік тұлғаның жеке сипаттамалары, оның ішінде жыныс категориясы маңызды орынға шығып отыр. Түрлі лингвомәдени қауымдастықтағы гендерлік түсініктердің мазмұны тілдік құрылымдар арқылы қарастырылады, себебі гендерлік таным тілдің барлық деңгейлерінде көрініс тауып, белгілі бағаларды білдіреді. Мақалада гендерлік мазмұндағы мақал-мәтелдер тілдің паремологиялық қорының маңызды қабатын құрайтындығы негізге алына отырып, түрлі лингвомәдениеттегі әлем бейнесін тануда маңызды материал болып табылатындығы айқындалған. Және концептуалды метафоралардың қатарына енетін, ұлттың, мәдениеттің өзіндік ерекшелігін білдіретін гендерлік метафора категориясына түсініктеме берілген. «Гендер» еркектік және әйелдік категорияларын ашып көрсететін болғандықтан, гендерді құрылымдаудың негізгі мәні оппозитивті қарым-қатынас екендігі келтірілген. Осыған байланысты мақал-мәтелдер ойлау мен тілдің метафоралылығының арқасында мәдени концептуалды метафоралардың ең көп қолданылатын дискурсивтік ортасы ретінде қарастырыла отырып, мақал-мәтелдер корпусынан мазмұнында гендерлік метафоралар арқылы берілген гендерлік оппозитивті қатынас бар мақал-мәтелдер іріктеліп алынып, бірінші бөлігі аталық бастаумен, ал екінші бөлігі аналық бастаумен байланысты айтылған бинарлы оппозициялар жүйесіне талдау жасалады. Талдау барысында ұл-қыз, ата-ана, еркек-әйел оппозициялары айқындалып, Дж. Лакофф және М. Джонсонның ұсынған концептуалды метафора теориясы бойынша гендерлік метафоралардың қатары көрсетіледі. Келтірілген метафоралық

қолданыстардан бірнеше метафоралық модельдер анықталған. Зерттеу қорытындысында алынған нәтижелерге бағалаушытық-сипаттамалық тұрғыдан баға беріліп, мақал-мәтелдерде кездесетін гендерлік метафоралар халықтың дүниетанымының, өмір тәжірибесінің көрінісі деген тұжырым дәлелденген.

Кілтті сөздер: гендерлік метафора, гендерлік оппозиция, мақал-мәтел, метафоралық модель, гендерлік лингвистика.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемнің тілдік бейнесіндегі адамды зерттеуде тілдік тұлғаның жеке сипаттамалары, оның ішінде жыныс категориясы маңызды орынға шығып отыр. Еркектер мен әйелдер табиғаты бойынша бірдей адамдар, сонымен қатар олар «гендерлік ерекшелік» деп аталатын белгілі бір сипаттар бойынша ерекшеленуі мүмкін.

«Гендер» немесе «жыныс» термині – еркек пен әйел ойының, ақылының, мінез-құлқының ерекшеліктерін білдіретін түсінік. Г. Брандтың пайымдауынша, «жыныс» сөзі табиғаттан берілген биологиялық, физиологиялық табиғи белгілерді білдірсе, «гендер» термині мәдени ерекшеліктерге байланысты рухани тұрғыда еркектер мен әйелдерді ерекшелейтін тілдік, мінез-құлық және жеке белгілердің жиынтығы [1, 169]. Түрлі лингвомәдени қауымдастықтағы гендерлік түсініктердің мазмұны тілдік құрылымдар арқылы қарастырылуы мүмкін, себебі гендерлік таным тілдің барлық деңгейлерінде көрініс тауып, белгілі бағаларды білдіреді.

Н. Ф. Алефиренконың пікірінше, «әлемнің тілдік бейнесінің эмотивті-бағалаушытық мазмұны әлеуметтік-мәдени түсініктермен генетикалық тұрғыда тікелей байланысты» және «жанама-туынды атау белгілерімен вербалданған (метафора, фразеологизм, мақал-мәтел) [2, 202]. Сондықтан да мақал-мәтелдер зерттеу жұмысының талдау материалы ретінде алынып отыр.

Гендерлік мазмұндағы мақал-мәтелдер кез келген тілдің паремиологиялық қорының маңызды қабатын құрайды. Бұл қабат соңғы кездерде өзекті зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, түрлі лингвомәдениеттегі әлем бейнесін тануда мазмұнды материал болып табылады. Мағынасының негізгі өзегі адам болып табылатын мақал-мәтелдерді зерттеу қазіргі лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан аса маңызды. Қазіргі таңда зерттеуші тілшілер тілдік құбылыстарды зерттеуде антропоэлектік қағидатқа сүйенеді.

А. Г. Фоминнің пікірінше, гендер психолингвистикалық категория ретінде тіл мен сөйлеуде көрініс табатын гендерлік сәйкестіктеріне байланысты негізгі қоғамдық институттар қалыптастырған және жеке тұлғалардың өздері құрған әлеуметтік қатынастардың моделін, көпкомпонентті құрылымын білдіреді [3, 84].

Мақал-мәтелдердің универсалдық ерекшелігі ретінде мәдени маңызды ақпаратты ұзақ уақыт бойы сақтауын қарастыруға болады. И. В. Зыкованың айтуынша, «тілдің фразеологиялық кеңістігі белгілі бір халықтың мәдени өмірінің көрінісі ретінде «маскулиндік» және «феминдік» концептілердің ерекшелігін толық аша алады» [4, 18].

1985 жылдың өзінде ғалым Мидер есептеуі бойынша мақалдың 50-ден астам анықтамасы болғандығын айтады, одан кейін қаншама анықтамалар пайда болды. Алайда көптеген паремиологиялық анықтамалар мен сипаттамалардың ішінде мақал-мәтелдердің метафоралылығына мән берілмеген. Негізінде мақал-мәтелдердің метафоралылығы туралы түсіндірме Аристотельден бастау алады. Аристотель мақалды метафора ретінде түсінеді, яғни бір түрдің екінші түрге ауысуы деп қарайды. Соңғы жылдары мақал-мәтелдердің метафоралығын зерттеген ғалымдар бұл құбылысты кездейсоқтық деп қарастырған. Когнитивист-паремиолог Хонек метафораны мақалдарда кездесетін троптың бір түрі ретінде қарастырады. Когнитивті лингвистика тұрғысынан қарағанда, мақалдардың метафоралылығын дәлелдеу артық, себебі метафора кез келген дискурста кездеседі. Сондықтан концептуалды метафораларды зерттеуде мақал-мәтелдер дискурсы маңызды дереккөз бола алады.

Мақал-мәтелдердің мәдени маңыздылығы туралы ешқандай талас тудыра алмаймыз. Олар «түрлі кезеңдердегі түрлі әлеуметтік кластардың көзқарасы мен дүниетанымының сандығы» [5, 21]. Алайда мақал-мәтелдердің белгілі бір мәдениетке тән метафораларды анықтаудағы маңыздылығы толығымен ашылған жоқ. Егер де метафора мақал сияқты нақты мәтіннен алынса, бұл метафора осы тілдік және мәдени қоғамдастықта маңызды ұғым екендігінің дәлелі. Метафораларды когнитивті-психологиялық тұрғыдан қарастырған, оның ішінде мақал-мәтелдердің метафоралылығын зерттеген ғалым Гиббс мақал-мәтелдердің «метафораға толы табиғаты» зерттеу объектісі болмағандығын айтады [6, 40]. Осылайша, біздер бұл зерттеуімізде мақал-мәтелдерді белгілі бір дискурсивтік дәстүрде орныққан концептуалды метафоралардың сандығы ретінде қараймыз. Яғни мақал-мәтелдер ойлау мен тілдің метафоралылығының арқасында мәдени концептуалды метафоралардың ең көп қолданылатын дискурсивтік ортасы болып табылады.

Концептуалды метафоралардың қатарына еніп, ұлттың, мәдениеттің өзіндік ерекшелігін білдіретін маңызды категория – гендерлік метафоралар. Гендерлік метафора терминін ғылымға тіл біліміндегі когнитивтік бағыт өкілі М. Джонсон мен Дж. Лакофф енгізген болатын. Гендерлік метафора дегеніміз жынысқа қатысты емес заттарға еркектік және әйелдік ұғымдарына жинақталған барлық сапалар мен қасиеттердің ауысып қолданылуын білдіреді. Әр жыныс өкіліне қоғамдық және жеке санада еркектік және

әйелдік стереотиптерді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын сәйкес сапалар жиынтығы таңылады.

Метафораларды атау ретінде қолдану санада объектілердің екі класын қалыптастырады: салыстыратын және салыстырылатын. Бұл жағдайда салыстыру базасы салыстырылып отырған объектілердің белгілі бір ортақ қасиеті болып табылады. Метафоралану тетігі адамның жеке және мәдени тәжірибесіне негізделген антропоморфизм қағидатының әрекетіне негізделген заңдылықтарды жарыққа шығарады.

Соңғы кездері гендерлік метафора термині жиынысқа байланысты кез келген метафоралық мағынаны білдіру үшін қолданылып жүр [7]. Гендерлік дискурс үлкен идеологиялық қызмет атақарады, себебі ол түрлі әлеуметтік топтар арасындағы доминантты қарым-қатынасқа әсер етеді. Дж. Лакофф және М. Джонсон атап өткендей, «метафоралар біздің тәжірибеміздің белгілі бір аспектілерін анықтап, байланыстырады» [8, 156].

Ұлттық мәдениеттегі арнайы белгілер мен бағалар образын берудің бір тәсілі мақал-мәтелдерде кеңінен көрініс табатын метафоралар болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу жұмысында «Бабалар сөзі» 100-томдық сериясының 65, 66, 69-томдарына енген мақал-мәтелдердің ішінен гендерлік метафоралар арқылы берілген оппозитивті мағынадағы мақал-мәтелдер іріктеліп алынды. Зерттеу жұмысында мақал-мәтел мәтіндік сипаттамаларға, прагматикалық қызметтерге ие дереккөз ретінде қарастырылды. Талдау гендерлік оппозиция туралы теориялық түсініктер мен когнитивті семантика аппаратын қолдану арқылы концептуалды метафора теориясына сүйене отырып жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылау

Жоғарыда көрсеткеніміздей, «гендер» еркектік және әйелдік категорияларын ашып көрсететін болса, онда гендерді құрылымдаудың негізгі мәні полярлылық және қарама-қарсылық болып табылады. Осыған байланысты мақал-мәтелдердегі бірінші бөлігі аталық бастаумен, ал екінші бөлігі аналық бастаумен байланысты айтылған кейбір бинарлы оппозициялар жүйесін қарастырмақпыз.

Оппозициялық жұптар мәдениет мағынасының аялық шекарасын қалыптастырады. Бинарлы оппозиция адамның тұтас әлемді қабылдауының екі жағы бар екендігін көрсетеді. Қарама-қарсылық белгілі бір болмыстың екі жағын құрай отырып, оның ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетеді. Белгілі бір болмыстың екінші бір болмысқа қарсы қойылғандығы туралы айту үшін екеуінің арасында салыстыруға негіз бола алатын белгілі бір ортақтық болу керек. Қарама-қарсы қою оппозиция мүшелерінің бір-бірінен ерекшеленетін белгілеріне ғана емес, сонымен қатар олардың ортақ белгілеріне негізделеді. Мысалы ер адамның бар екендігін әйел адаммен

салыстырмай түсіндіре алмаймыз немесе керісінше. Бұл жерде салыстырудың базалық негізі олардың адамзатқа қатысты ортақтылығында. Аталық және аналық бастаулар әлем жүйесіндегі рух пен материяны білдіру арқылы біртұтас субстанцияның екі жағы болып табылады. Рух пен материяның және әке мен ананың біртұтастығы - әлемнің негізгі заңдылығы, ғаламның жаратылуы, дамуы және өмір сүруі осы заңдылықтың негізінде жатыр.

Т. В. Цивьянның пікірі бойынша, еркектік – әйелдік оппозициясы мүшелерінің қарама-қарсылығы (кереғарлығы) олардың белсенді, шығармашылық байланысын білдіреді, осы байланыс жаратылыстың, әлемнің мәнін, оның үнемі жаңарып отыруын, тұрақтылығын және ұзақтығын көрсетеді [9, 14].

Еркектік – әйелдік оппозициясы табиғаттың дуализмін сипаттайтын негізгі бинарлы жүйелердің бірі, ер, әйел ұғымдары халықтың рухани мәдениеті мен діліндегі маңызды түсініктерді білдіреді, бұл оппозицияны білдіретін тілдік бірліктерде материалдық және рухани мәдениеттің құндылықтары жинақталған. Гендерлік оппозиция қарама-қарсы екі бөлігі бір-бірін толықтырып тұратын комплементарлы түсініктердің қатарына жатады.

Осыған дейінгі зерттеулерімізде еркек пен әйелді қарсы қойып салыстыру немесе қатарластыра сипаттау қазақ мақал-мәтелдерінде жиі кездесетін гендерлік ерекшелік екендігіне тоқталған болатынбыз [10, 130]. Соның тағы бір дәлелі ретінде бұл жолғы талдау барысында мақал-мәтелдер дискурсынан метафоралар арқылы берілген келесі гендерлік оппозицияларды анықтадық:

Ұл - қыз оппозициясы:

Жаксы қыз – жағадағы құндыз,

Жаксы жігіт – көктегі жұлдыз.

Қыз – ауылдың көркі,

Жігіт – ауылдың серті.

Ұл – орнықты алтын ту,

Қыз – айдыннан ұшатын қу.

Ер бала ата-анаға таяу,

Қыз бала – үйге жаққан бояу.

Қыз «куыршақ» дейді,

Бала «құлыншақ» дейді.

Қыз өріс емес пе,

Ұл қоныс емес пе?

Ұл өссе, ұрпақ,

Қыз өссе, өріс.

Ата-ана оппозициясы

Ата – асқар тау,

Ана – бауырындағы бұлақ,

Бала – жағасындағы құрақ.
 Әке – жезде, ана – қазына.
 Еркек-әйел оппозициясы
 Еркек – бас, ұрғашы – мойын.
 Ұятсыз қатын – тұзсыз ас,
 Әдепсіз жігіт – жүгенсіз ат.
 Еркек семіз болса – есек,
 Қатын семіз болса – төсек.
 Батыр – өктем, балуан – алып,
 Әйел – дария, ер – балық.

Қарама-қарсылық теориясы тұрғысынан алғанда жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерде ер адам мен әйел адам образы бірін-бірі толықтырып тұр. Ата-ана оппозициясындағы (1) мақалда тау мен бұлақ бір-бірін толықтырып тұратын табиғат құбылысы болса, ата-ана да – сол сияқты бір-біріне мәні толық ашылмайтын түсініктер. Еркек-әйел оппозициясындағы (1) мақалда да адамның басы мен мойны сияқты еркек пен әйел де – бір-біріне қызмет ете алмайтын дене мүшелері ретінде бір-біріне тәуелді құбылыстар. Бұл көрсетілген мысалдар жоғарыда келтірілген еркек-әйел оппозициясының бірін-бірі толықтырып тұратын ерекшелігін көрсетеді.

Ал жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерге концептуалды метафора теориясы тұрғысынан баға беретін болсақ, осы мақал-мәтелдерде кездесетін гендерлік метафораларды мәдени концептуалды метафоралар қатарына жатқыза аламыз, себебі мақал-мәтелдер де, метафоралар да мәдени символикаға тұнып тұр.

Дж. Лакофф және М. Джонсонның ұсынған концептуалды метафора теориясы бойынша талдауға алынған мақал мәтелдер корпусынан келесі метафоралар анықталды: қыз – құндыз, жігіт – жұлдыз; қыз – көрік, жігіт – серт; ұл – ту, қыз – аққу; ұл – таяу, қыз – бояу; ұл – құлыншақ, қыз – қуыршақ; қыз – өріс, ұл – қоныс; ата – тау, ана – бұлақ; әке – жезде, ана – қазына; еркек – бас, ұрғашы – мойын; әйел – дария, ер – балық.

Келтірілген метафоралық қолданыстардан бірнеше метафоралық модельдерді ажыратуға болады: әйелді сипаттайтын метафоралық модельдер: әйел – жануар (құндыз), әйел – құс (аққу), әйел – артефакт (бояу, қуыршақ), әйел – табиғат құбылысы (өріс, бұлақ, дария), әйел – дене мүшесі (мойын); ер адамды сипаттайтын метафоралық модельдер: еркек – жануар (құлыншақ, балық), еркек – табиғат құбылысы (жұлдыз, тау), еркек – артефакт (ту, таяу, қоныс), ер адам – дене мүшесі (бас).

Бұл метафоралық модельдер бағалаушылық-сипаттамалық тұрғыда ер адам мен әйел адамның бейнесін түрлі аспектіде суреттейді. Қыз – құндыз, қыз – өріс, ана – қазына, ана – бұлақ, ұрғашы – мойын, әйел – дария

метафоралық қатарлары қыз баланың, әйел адамның, ананың қоғамдағы орнын, әлеуметтік рөлін жалпы тұрғыда сипаттаса, қыз – аққу, қыз – бояу метафоралық қатарында жалпы қазақ халқының түсінігіндегі қыз баланы үйдің «қонағы» ретінде бағалауы көрініс береді.

Ер адамды сипаттайтын метафоралық модельдердегі жігіт – жұлдыз, жігіт – серт, ұл – ту, ұл – таяу, ұл – қоныс, ата – тау, еркек – бас метафоралық модельдері ер адамның отбасындағы, қоғамдағы басым рөлін білдерсе, әке – жезде, ер – балық метафоралық қатарлары ер адамның мінез-құлық, өзін өзі ұстау ерекшеліктерін көрсетеді.

Келтірілген метафоралық модельдердегі салыстыратын және салыстырылатын нысандардың байланысу нүктесі – екі нысанның арасындағы ұқсастық. Мұны ғалым М. Блэтсас «мысалы, жануарлардағы адамдарға тән сипаттардың мақал-мәтелдердегі метафоралар көмегімен адамдарға қайтып оралуы» деп көрсетеді [11, 28].

Қорытынды

«Мақал-мәтелдердің мазмұны әлеуметтік құндылықтарға толы және мақал-мәтелдер арқылы халықтың мәдени коды беріледі» [12, 145]. Ал гендер – әлеуметтік-мәдени феномен, сондықтан мақал-мәтелдер контексті гендер категориясының мазмұнын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымға осы зерттеуімізде де көз жеткіздік.

Мақал-мәтелдер дискурсындағы гендерлік қарым-қатынасқа оппозициялық тұрғыдан талдау жасау қорытындысында, метафоралық жолмен берілген ер және әйел бинарлы оппозициясының бірін-бірі толықтырып тұратын комплементарлы қасиеті анықталды. Метафоралық қолданыстарды топтау кезінде ер мен әйелді метафоралар арқылы салыстыру қатаң бинарлы түсінікке негізделген дүниетаным арқылы көрініс тапқандығы аңғарылады.

Концептуалды метафора теориясы тұрғысынан метафоралық модельдерді анықтауда ер адам мен әйел адам көбінесе жануарлар мен табиғат құбылысы арқылы берілгендігіне көз жеткіздік. Бұған қазақ халқының табиғатпен бірлікте өмір сүру тәжірибесінің көрінісі деп қарауға болады. Бұл жоғарыда айтылған мақал-мәтелдердегі метафоралар халықтың дүниетанымының, өмір тәжірибесінің көрінісі деген пікірге дәлел.

Мақал-мәтелдер дискурсында ер адамның да, әйел адамның да қоғамдағы орнына баса мән берілген. Бұл белгілі бір деңгейде қазақ дүниетанымында ер мен әйелдің әлеуметтік рөлі тең дәрежеде бағаланатынын білдіреді.

Осылайша, мақал-мәтелдерде кездесетін гендерлік метафоралар осы тілдік және мәдени қоғамдастықта маңызды орынға ие ұғым екендігіне көз жеткіземіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Брандт, Г. А.** Природа женщин как проблема: Концепция феминизма [Текст] // Общественные науки и современность. – 1998. – № 2. – С. 167-189.
- 2 **Алефиренко, Н. Ф.** Фразеология в свете современных лингвистических парадигм [Текст]. – М.: Изд-во «Элпис», 2008. – 271 с.
- 3 **Фомин, А. Г.** Психолингвистическая концепция моделирования гендерной языковой личности [Текст]. – Кемерово : Кузбасс вузиздат, 2003. – 236 с.
- 4 **Зыкова, И. В.** Способы конструирования гендера в английской фразеологии [Текст]. – М.: УРСС, 2003. – 200 с.
- 5 **Mieder, W.** Proverbs Westport [Text]. – Connecticut : Greenwood Press, 2007. – 150 p.
- 6 **Gibbs, B.** What Proverb Understanding Reveals About How People Think [Text]. – Baltmannsweiler : Schneider, 2003. – 50 p.
- 7 Словарь гендерных терминов [Текст] / А. А. Денисова и др. – М.: Информация XXI век, 2002. – 256 с.
- 8 **Lakoff, G.** Metaphors We Live By [Text]. – Chicago : University of Chicago Press, 1980. – 180 p.
- 9 **Цивьян, Т. В.** Модель мира и ее лингвистические основы [Текст]. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 280 с.
- 10 **Шоқым, Г. Т.** Тілдің гендерлік жіктелім ерекшеліктері [Мәтін]. – Алматы : Бастау, 2009. – 120 б.
- 11 **Bletsas, M.** Gendered Metaphors in Proverbs. A study on Italian and French [Text] // Metaphorik.de: Metaphor and Gender. – 2020. – №30. – P. 25–35. [Электронды ресурсы]- https://www.metaphorik.de/sites/www.metaphorik.de/files/journal-pdf/3_metaphorik_30-2020-bletsas.pdf
- 12 **Biray, N.** Proverbs with «mind» as a common value of the Turkish world [Text] // Turk Kulturu ve Hacı Bektaş Veli - Arastirma Dergisi. – 2017. – № 81. – P. 133–150. [Электронды ресурсы]- <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85017638163&partnerID=MN8TOARS>

REFERENCES

- 1 **Brandt, G. A.** Priroda zhenshin kak problema : Konceptiya feminizma [The nature of women as a problem: The Concept of Feminism] [Text] // Social sciences and modernity. – 1998. – No. 2. – P. 167–189.
- 2 **Alefirenko, N. F.** Frazеologiya v svete sovremennykh lingvisticheskikh paradigm [Phraseology in the light of modern linguistic paradigms] [Text]. – Moscow : Izd-vo «E'lpis», 2008. – 271 p.

- 3 **Fomin, A. G.** Psixolingvisticheskaya koncepciya modelirovaniya gendernoj yazykovoj lichnosti [Psycholinguistic concept of modeling gender linguistic personality] [Text]. – Kemerovo : Kuzbass vuzizdat, 2003. – 236 p.
- 4 **Zykova, I. V.** Sposoby konstruirovaniya gendera v anglijskoj frazeologii [Ways of constructing gender in English phraseology] [Text]. – Moscow : URSS, 2003. – 200 p.
- 5 **Mieder, W.** Proverbs Westport [Text]. – Connecticut : Greenwood Press, 2007. – 150 p.
- 6 **Gibbs, B.** What Proverb Understanding Reveals About How People Think [Text]. – Baltmannsweiler : Schneider, 2003. – P. 50.
- 7 **Slovar' gendernyx terminov** [Dictionary of gender terms] [Text] / A. A. Denisova [et. al]. – Moscow : Informatsiia XXI vek, 2002. – 256 p.
- 8 **Lakoff, G.** Metaphors We Live By [Text]. – Chicago: University of Chicago Press, 1980. – 180 p.
- 9 **Tsivian, T. V.** Model mira i ee lingvisticheskie osnovy [Model of the world and its linguistic foundations] [Text]. – Moscow : Knizhnyi dom «LIBROKOM», 2009. – 280 p.
- 10 **Shoqym, G. T.** Tildin genderlik zhiktelim erekshelekteri [Features of the gender classification of the language] [Text]. – Almaty : Bastau, 2009. – 120 p.
- 11 **Bletsas, M.** Gendered Metaphors in Proverbs. A study on Italian and French [Text] // Metaphorik.de: Metaphor and Gender. – 2020. – № 30. – P. 25–35. [Electronic resource] - https://www.metaphorik.de/sites/www.metaphorik.de/files/journal-pdf/3_metaphorik_30-2020-bletsas.pdf
- 12 **Biray, N.** Proverbs with «mind» as a common value of the Turkish world [Text] // Turk Kulturu ve Hacı Bektaş Veli - Arastirma Dergisi. – 2017. – № 81. – P. 133-150. [Electronic resource] - <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85017638163&partnerID=MN8TOARS>

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

Н. Бирай¹, Г. Т. Шоқым², *К. Б. Жумашева³

¹Университет Памуккале, Турция, г. Денизли;

^{2,3}Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Актобе.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ГЕНДЕРНОЙ ОППОЗИЦИИ В ПОСЛОВИЦАХ ЧЕРЕЗ МЕТАФОРЫ

В настоящее время в изучении человека в языковой картине мира важное место занимают характеристики языковой личности, в том числе категория пола. Содержание гендерных понятий в различных лингвокультурных сообществах рассматривается через языковые структуры, так как гендерное познание проявляется на всех уровнях языка и выражает определенные оценки. В статье определено, что пословицы гендерного содержания составляют важный пласт паремнологического фонда языка, являются интересным материалом для познания картины мира в различных лингвокультурах. И дается объяснение категории гендерной метафоры, которая входит в число концептуальных метафор, выражает своеобразие нации, культуры. Поскольку «гендер» раскрывают категории мужественности и женственности, то представляется, что основной смысл структурирования гендера – оппозитивные отношения. В связи с этим, рассматривая пословицы как наиболее используемую дискурсивную среду культурных концептуальных метафор, из корпуса пословиц отбираются пословицы, содержащие гендерные оппозитивные отношения, содержание которых выражено через гендерные метафоры, и анализируется система бинарных оппозиций, в которой первая часть связана с мужским началом, а вторая – с женским началом. В ходе анализа были показаны оппозиции мальчик-девочка, отец-мать, мужчина-женщина. По теории концептуальной метафоры, предложенной Дж. Лакоффом и М. Джонсоном, подобран ряд гендерных метафор. Из приведенных метафорических применений выделяются несколько метафорических моделей. В заключении исследования дана описательная оценка полученных результатов, доказан вывод о том, что гендерные метафоры, встречающиеся в пословицах, являются отражением мировоззрения, жизненного опыта народа.

Ключевые слова: гендерная метафора, гендерная оппозиция, пословица, метафорическая модель, гендерная лингвистика.

*N. Biray,¹ G. T. Shokym², *K. B. Zhumasheva³*

¹Pamukkale University, Turkey, Denizli,

^{2,3} K. Zhubanov Aktobe Regional University, Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Material received on 13.06.22.

REPRESENTATION OF GENDER OPPOSITION IN PROVERBS THROUGH METAPHORS

At present, the personal characteristics of the linguistic personality, including the category of gender, play an important role in the study of human beings in the linguistic picture of the world. The content of gender concepts in different linguistic and cultural communities is considered through linguistic structures, as gender cognition manifests itself at all levels of language and expresses certain values. The article determines that proverbs of gender content constitute an important stratum of the paremiological fund of the language and are an interesting material for learning the picture of the world in different linguocultures. The article determines that proverbs of gender content constitute an important layer of the paremiological fund of the language and are an interesting material for learning the picture of the world in different linguocultures. The article explains the category of gender metaphor, which is among the conceptual metaphors, expressing the uniqueness of a nation, culture. Since «gender» reveals the categories of masculinity and femininity, it seems that the main meaning of gender structuring is oppositional relations. In this connection, considering proverbs as the most used discursive medium of cultural conceptual metaphors, proverbs containing gender oppositional relations, the content of which is expressed through gender metaphors, are selected from the body of proverbs and the system of binary oppositions, in which the first part is related to masculinity and the second part to femininity, is analyzed. The analysis showed the oppositions of boy-girl, father-mother, and man-woman. According to the theory of conceptual metaphor proposed by J. Lakoff and M. Johnson, a number of gender metaphors were selected. From the given metaphorical applications several metaphorical patterns are highlighted. The conclusion of the study provides an evaluative and descriptive assessment of the results obtained and proves the conclusion that the gender metaphors found in proverbs are a reflection of the worldview and life experience of the people.

Keywords: gender metaphor, gender opposition, proverb, metaphorical model, gender linguistics.

***Қ. Т. Жанұзақова, Ж. А. Байбатшаева**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ОРАЗБЕК СӘРСЕНБАЕВ РИСАЛАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ұлттық әдебиетімізде өзіндік орны бар белгілі қаламгер О. Сәрсенбаевтың «Адамның құны қанша?» атты рисала жанрында жазылған туындыларының тағылымы тереңде. Берілген мақалада Оразбек Сәрсенбаевтың рисала жанрында жазған әңгімелерін қарастырдық. Қазақ әдебиеттануында рисала жанры – күні бүгінге дейін зерттеле қоймаған жанр. Адамзаттың даму тарихында қаншада қаламгерлерді адам болмысы, оның рухани қасиеттері мен құндылықтары жайлы сұрақтар толғандырып келді. Осы тұста «Адамның құны қанша?» жинағында адамдық тұлғаның ішкі жан байлығы мен ықыласында жатқандығы, оның бүгінгі көкейкесті рухани мәселелермен сабақтастығы, көркемдік және пәлсапалық сипаттары бағамдалады. Мақалада О. Сәрсенбаевтың «Адам құны қанша?» рисалалар жинағына енген мазмұны терең, діни, мысал-әсиет рухында жазылған осы аттас шағын әңгімесі әдеби, теориялық, пәлсапалық тұрғыдан талданады. Сонымен қатар мақалада осы жинаққа енген «Сопылар салты немесе тақуалықтың тура жолы», «Бақыт деген немене», «Махаббат пен гадауат», «Қанағат қағидалары», т.б. шығармалары да зерделенеді. Қаламгердің адам бойындағы асыл қасиеттерді қоғамда болып жатқан рухани құбылыстармен, бүгінгі адамдардың іс-әрекеттерімен, өмір шындығымен байланыстыруы әдеби мысалдармен талданған. Мақалада жазушының ерекше суреткерлік қыры өмірде болып жатқан құбылыстарды бүгінгі күн тұрғысынан шынайы толғағаны туралы қорытындылар жасалады.

Кілтті сөздер: рисала, жанр, рухани құндылықтар, дін, адамгершілік.

Кіріспе

Қазақ әдебиеттану ғылымында рисала жанры - күні бүгінге дейін зерттелмеген өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда, рисала жанрының көп қарастырылмаған өзекті сипатын зерттеушілер де басты назарда ұстайды

[1, 57]. Мақаланың мақсаты – қазақтың белгілі жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Оразбек Сәрсенбаевтың көптеген қаламгерлер бара бермеген рисала жанрындағы «Адамның құны қанша?» атты жинағын жанрлық және көркемдік тұрғыдан талдау болмақ.

Осы орайда жазушының рисала жанрын дамытудағы үлкен орнына ерекше тоқталуға болады. Талдау нысанына айналған «Адамның құны қанша?» атты жинағына енген рисалаларының әрқайсысының көтеретін әлеуметтік жүгі салмақты, діни-рухани тақырыптарды бүгінгі күн тілімен сипаттаған бір-бір философиялық трактат тәрізді, адам өмірінің мәні мен мағынасы, жаратылыс пен жалған дүние туралы ойдың терең тұңғиығына бойлатып жібереді.

«Рисала» әдеби ұғымына фольклортанушы-ғалым Б. Абылқасымов «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» төмендегідей теориялық анықтама береді: «Рисалат – араб әдебиетіндегі прозалық жанр, ұйқас пен ырғаққа құрылған кеңсе қағаздары, елшілік құжаттар, ғылыми және діни шығармалар, саяси үндеулер мен арнаулар. Рисалат жанрының негізін салушы атақты араб халифы Марви екіншінің хатшысы, ұлты парсы Абдәль-Хамид эль-Катиб болып саналады» [2, 284 б.].

Негізі, рисала жанры – өзіндік сюжеті жоқ, пәлсапалық, діни мазмұндағы мәселелерді толғайтын проза түрінде, кейде өлең түрінде де жазылатын, өзіндік ырғағы мен ұйқасы бар, әңгімелесу, ой бөлісу, сыр ақтару сипатындағы әдеби шығарма. Бұл жанрдың жаңа өзіндік өзгеше қырын көрсетеді. Тарих беттерін ақтарып қарақ болсақ, рисала жанры араб әдебиетінде өткен дәуірлерде қалыптасып, біте қайнасып, сіңісе түсті. Рисала жанры араб прозасының тамырына тарап ғана қоймай, әр елдің әдебиетінде өзіндік қасиеттермен толыға түсті. «Рисала» сөзі алғаш рет түрік ғалымы, теолог Бадиеззаман Саид Нурсидің (1877–1960) Құран Кәрімнің «Рисале-и-Нұр» түсіндірме кітабында кездеседі [3].

Рисала жанрының жеткілікті деңгейде қарастырыла бермеуі, әсіресе оның қазақ әдебиетіндегі қалыптасу, даму арналарын, көркемдік ерекшелігін зерделеу қажеттілігі тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Материалдар мен әдістері

Ұсынылған зерттеудің материалы ретінде О. Сәрсенбаевтың «Адамның құны қанша?» атты жинағына енген рисалаларды талдау барысында жазушы шығармашылығы турасында зерттеген отандық ғалымдардың еңбектері алынды. Сонымен бірге әдебиетте сирек кездесетін рисала жанрына қалам тербеуі мен шығармашылығының қыры мен сырын барлау мақсатында өзінің зерттеу мақалалары, рисала туралы теориялық толғамдары көрініс тапқан еңбегі, сұхбаттары да пайдаланылды. Оларды жинақтау негізінде көп зерттеле қоймаған рисала жанрының теориялық анықтамасы, көркемдік және

жанрлық ерекшелігі де зерделенді. Рисала жанрының теориялық мәселелерін қарастыру барысында осы турасындағы отандық, шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары де басшылыққа алынды.

Мақаланы жазу барысында теориялық материалды жинау, рисалалар мәтіндерін әдеби талдау, саралау әдістері, психологиялық, салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық, т.б. әдіс-тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

О. Сәрсенбаев – дарынды әдебиетші және аудармашы ретінде қазақ әдебиетінің төрінен орын алады. Сонымен қатар ол ислам әдебиетін оқырман қауымының арасында тарату мен уағыздау ісіне елеулі үлесін қосып келеді. Атап айтсақ, «Құран кәрім», «Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері», «Мұсылмандық әдеп сабағы», «Шайтаннан сақталу жолдары», т.б. көптеген кітаптарды қазақ тіліне аудару саласында көп еңбек етті. Жазушы О. Сәрсенбаевтың өзінің шығармалары да дүние жүзінің бірнеше тілдеріне аударылғаны белгілі. Ислам қағидаларын әдебиет сүйер қауым арасында тарата жүріп, қазақ әдебиетінде көбісі батылы бара бермейтін рисала жанрына қалам тербеген, оны жанрлық тұрғыда жаңа белеске шығарған. Ізгілікті, адамгершілік ұстанымдарын уағыздаған, рухани жан дүниесі бай қаламгердің бірі десек артық айтқандық болмас еді. Жазушы О. Сәрсенбаевтың Абайдың қара сөздерін рисала жанрына жатқызуы оның осы мәселені жетік білетінінің, дін жайлы терең хабары бар екендігінің айқын көрінісі іспетті. Мақала нысанына айналған «Адамның құны қанша?» атты жинағын ислам дінінің басты қағидаларына негізделген адмагершілік болмыс мәселелерін тың тұрғыда зерделеген пәлсапалық прозалық баяндау деп қабылдауға болады.

Рисала жанрын қазақ әдебиетіне алғашқылардың бірі болып алып келген ұлы Абай Құнанбаев болды. Абайды шығыс ғұламалары мен теңдес ақын десек, асырып айтқандық емес. Өмірінің ақырына дейін дүниенің ақиқат құндылықтарын танытудан жалықпаған дана Абайдың 1890 – 1898 жылдар аралығында жазылған ақыл, нақыл сөзге құрылған қарасөздері рисала жанрының талаптарына сәйкес келеді. Бұл жайында жазушы О. Сәрсенбаев қазақ әдебиеті газетіне берген сұхбатында: «Рисала – Шығыс әдебиетінде ежелден бар жанр. Қазақта бірінші рисала жазған адам – Абай. Абай «қара сөздер» деп емес, «сенім-наным кітабы» деп жазған екен. Кейінгілер оны «бірінші сөз», «қырық бесінші сөз» деп нөмірлеп шыққан», – дейді [4].

Бүгінде біраз ғалымдардың қарасөздерге трактат деген атау беріп жүргені белгілі. Негізі трактат пен рисала өзара мағыналас, мәндес келеді. Тек бір мағынаны білдірмейді. Қазірге дейін Абайдың «Қара сөздерінің» жазылу жанры түрліше аталып келеді: ғақлия, қарасөз, рисала трактат. Осы рисала ретіндегі атауға қатысты да бірнеше тұжырымдарды келтіруге болады.

Абай қарасөздерінің жанрын анықтау барысында академик Р. Сыздықова да бірнеше жанрды атап көрсетті: «публицистикалық, білім-таным үлгісіндегі тарихи очерк (46-сөз), үлгі-өсиет (25-сөз), филологиялық этюд (5-сөз), афоризмдер жиынтығы (7-сөз), философиялық толғаныс (43-сөз), дін, мораль мәселелері жайындағы ой-пікірлері (38-сөз) болып келетін ғылыми-публицистикалық еңбек», – деп анықтама береді [5, 529 б.]. М.Әуезов осы орайда Абайдың қарасөздерінің тақырыптық, мазмұндық арнасын жіктейді. Ол 46-сөзді «тарихтық мақала-очерк тәрізді, қысқа зерттеу», 38-сөзді «ой-толғау», 25-сөзді «мысал-өсиет», 37-сөзді «афоризмдер» деп санамалап шыққан [6, 355–356 б.].

Осы тұжырымдарға сүйенсек, академик М.Әуезов пен Р. Сыздықованың зерттеулерін басшылыққа ала отырып, О. Сәрсенбаевтың рисала жанрын үлгі-өсиет, мысал-өсиет, философиялық толғаныс, діни, адамгершілік мәселелер жайындағы ой-пікірлерін, толғамдарын жинақтаған туынды ретінде бағалауға негіз бар. Шынтауайтына келгенде, қай кезең болмасын адам қасиеттері мен оның өлшемдері, құндылықтары жайлы сұрақтар көпшілікті толғандырып келді.

Жазушы рисала шығармаларының басым көпшілігін деректі әрі көркем әңгіме түрінде жазған. Әңгіме жанры көлем жағынан шағын болса да, мағыналық жағынан өте терең. Жинаққа енген *«Адамның құны қанша?»*, *«Сонылар салты немесе тақуалықтың тура жолы»*, *«Шындықтың шырайы қандай?»*, *«Бақыт деген немене?»*, *«Қанағат қағидалары»*, *«Тура жолды іздеумен келеміз»*, *«Шайтанның шәкірттері»*, *«Әл-Фараби формуласы»*, *«Махаббат пен ғадауат»*, т.б. рисалалары тақырыптарына сәйкес кесек те күрделі адамгершілік, рухани мәселелерді арқау етеді. Қаламгердің өзіндік идеялық, тақырыптық, эстетикалық ортақ бағыт-бағдары бар екенін аңғаруға болады. Сан түрлі пәлсапалық тақырыптарды қамтыған туындылардың композициялық қазығындай болған, тұтастық тұрғыдан оларды көгендеп тұрған образ, орталық кейіпкер бар, ол – Тақуа әкенің бейнесі.

О. Сәрсенбаевтың «Адамның құны қанша?» кітабы тұлғаның адамдық сипаты оның ішкі жан дүниесімен, өзін-өзі рухани жетілдіруімен, кемелдендіруімен байланысты екендігін сипаттайды. Жазушының жинақтың тақырыбына арқау болған, ерекше көзге түсетін «Адамның құны қанша?» атты шағын әңгімесінің мазмұны терең, діни мысал-өсиет, уағыз үлгісінде адам өмірінің мәні мен мағынасы жайында қалам тербеген. Қаламгер адам бойындағы асыл қасиеттерді, қоғамда болып жатқан адамдардың іс-әрекеттерімен таразылай отырып, күнделікті тіршіліктегі деректермен, өмірлік мысалдармен дәлелдейді, дүние жүзі ойшылдарының даналығымен, көркем ойының жетістігімен көмкереді.

Жазушы шығармаларының ерекшелігі өзінің басынан кешкен, өмір сүрген кезеңдердегі шынайылық өмірді басты назарға ала отырып, тікелей автордың өзі араласып, қатысқан оқиғаларға құрылады. Сол оқиғалардың бірі осы «Адамның құны қанша?» рисаласында көрініс тапқан. Автормен бірге оқыған сыныптас, көрші жігіттің әрекеттерін екеуара диалог ретінде өрбітіп, адами құндылықтардың өлшемін танытқандай. Шағын рисалаға құрылған әңгімесін оқи отырып, оқырмандардың көз алдына қазіргі замандағы адамгершіліктің құлдырау сатысын аңғаруға болады. Алайда, автор көз алдында көріп, сөздерін санасына тоқып өскен, Құранды жатқа білетін, діннен сауаты бар тақуа әкесінің көрегендігін үлгі тұтады. Бастан кешкенін әкесіне айтып, әке мен баланың диалогы арқылы адамдардың құндылық өлшемін таразылайды.

12 **Кинфу, З. Т., Фадеева, А. А.** Функциональные особенности медиапространства Казахстана в условиях глобализации // *Вестник РУДН. Серия : Литературоведение. Журналистика* – Т. 2020. – 25. – No 1. – С. 168–176.

13 **Кириллова, Н. Б.** Медиакультура : от модерна к постмодерну. – М. : Академический проект, 2006. – С. 448.

14 **МакЛюэн, М.** Понимание медиа. Расширения человека. – Лондон, Нью-Йорк, 1994. – С. 396.

15 **Уилкинсон, Дж., Грант, А., Фишер, Д.** Принципы конвергентной журналистики // Нью-Йорк, 2009. – С. 234.

16 **Хьярвард, Стиг** Медиатизация общества : теория СМИ как агентов социальных и культурных изменений // *Nordicom Review*. – 2008. No 2. – С. 105–134.

17 **Шипота, Г. Э.** Развитие медиакультуры в условиях активизации использования информационных технологий, 2011 – С.197–202

18 **Эмрих, Ф., Плахина, Ю., Цыренжапова, Д.** Преобразование цифровых медиа: Казахстан // *Доклад фондов открытого общества*, 2013. С. – 114.

REFERENCES

1 **Baigozhina, Dana O., Natalia I. Klushina and Serik Sh. Takhan.** (2019) Mediatizaciya kul'tury v diskurse sovremennyh kazahstanskih media [Mediatization of Culture in the Discourse of Modern Kazakh Media] // *Russian Journal of Linguistics*. – 23 (3), 2009. – P. 784–801.

2 **Barlybaeva, S. Kh.** Sovremennye mediatekhnologii: monografiya [Modern media technologies: monograph] / S.Kh. Barlybayeva. – Almaty : Kazakh University, 2019. – 142 p.

3 **Bart, R.** Izbrannye raboty : Semiotika : Poetika : Per. s fr. [Selected Works : Semiotics : Poetics : translation from French] / Comp. total ed. G. K. Kosikova. – Moscow : Progress. 1989. – 616 p.

4 **Bourdieu, P.** Sociologiya politiki : Per. s fr. [Sociology of politics : translation from fr.] / Comp., total. ed. N. A. Shmatko. – M. : Socio - Logos, 1993. – p. 5.

5 **Castells, M.** Galaktika Internet [Galaxy Internet. Ekaterinburg]: U-Factoria, 2004. – P. 328.

6 **Dewze, M.** What is Multimedia Journalism? // *Journalism Studies*, Vol. 5. – No. 2. 2004. – P. 140.

7 **Emrich, F., Plakhina, Y., Tsyrenzhapova, D.** Mapping Digital Media: Kazakhstan // A report by the open society foundations, 2013. – P. 114 .

8 **Hjarvard, Stig** The Mediatization of Society : A Theory of the Media as Agents of Social and Cultural Change. *Nordicom Review*, –2– 2008. – P. 105–134.

9 **Ibraeva, G.** Na perekrestke kommunikacij : zhurnalistika, media Kazahstana [At the crossroads of communications : journalism, media of Kazakhstan]. – Almaty : Kazakh University, 2013. – P. 238.

10 **Ivanova, M. V., Klushina, N. I.** Normy v massmedia: kognitivnyy aspekt. [Norms in mass media: cognitive aspect] // *Questions of cognitive linguistics*, 2018. – P. 2–5.

11 **Kinфу, Z. T., Fadeeva, A. A.** Functional traits of the media space in Kazakhstan in the context of globalization // *RUDN Journal of Studies in Literature and Journalism*, Vol. 25, No.1. – 2020. – P. 168–176.

12 **Kirillova, N. B.** Mediakultura : ot moderna kpostmodernu [Media Culture : from modern to postmodern]. Moscow : Academic Project, 2006. – P. 448.

13 **McLuhan, M.** Understanding Media. The extensions of man. – London, New York, 1994. – P. 396.

14 *Practical journalism in Kazakhstan* // Almaty, MediaNet, 2008. – P. 360.

15 *Routledge. Couldry, Nick* Mediatization or mediation? Alternative understandings of the emergent space of digital storytelling // *New Media Society*. – 10 (373) 2008. – P. 373–391.

16 **Shipota, G. E.** Development of media culture in enhancing the use of information technologies / G. E. Shipota // *Naukovi Vydannya KNUKiM : Collection of scientific works*. – Num. 27 : Culturology questions. – Kiev : KNUKiM, 2011. P. 197–202.

17 **Wilkinson, J., Grant, A., Fisher, D.** Principles of convergent journalism, New York, 2009. 234 p.

18 **Zhanabekova, M., Barlybayeva, S., Myssayeva, K.** Development of Mass Media in Kazakhstan Procedia - Social and Behavioral Sciences (159).– 2014 – P. 512–516

19 **Zizek S.** Kiberprostranstvo, ili nevynosimaya zamknutost' bytiya [Cyberspace, or the Unbearable Closure of Being] // Art of Cinema – 1998. No.1. P. 125.

20 **Zrazhevskaya, N. I.** Methodology and methods of culture media / N. I. Zrazhevskaya // Scientific notes of the Institute of Journalism, T. 40. 2010 – P. 93–97.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

*С. С. Жаркебаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ БАЙЛАНЫС ТІЛІ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШІМ ЖОЛДАРЫ

Қазақстандағы ақпараттық медиа мәдениет 1990 жылдардың аяғында жаңа бұқаралық ақпарат құралдарының парадигмасы ретінде еліміздің әлемдік ақпараттық қауымдастыққа енуінің шексіз мүмкіндіктері мен әлемдік медиа кеңістігіне енді. Адамзаттың ақпараттық технологиялардың жаңа дәуіріне өтуі сананың нақты трансформациясын және қазіргі қоғамнан медиа-ортаның жылдам метаморфозына дайындығын талап ететіні сөзсіз.

Қазақстанның, әсіресе өскелжұр ұрпақтың медиа мәдениеті еліміздің әрбір азаматының қоғамдық санасын немесе өзіндік пікірін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын ерекше атап өтуге болады. Қазіргі жастар енді интернетсіз, заманауи ақпараттық ресурстарсыз, әлеуметтік желілерсіз, блогосферасыз өмір сүре алмайды.

Медиа-мәдениеттің даралануын қамтамасыз ететін негізгі параметрлер: біріншіден, тұтынушылардың өзіндік цифрлық интернет-контентін қалыптастыру мүмкіндігі; екіншіден, ақпаратты берудің интерактивті тәсілі. Сондықтан, қазіргі заманғы медиа коммуникацияларды пайдалана отырып, сенімді ақпаратты тиімді ұйымдастыру және ұсынумен байланысты бар проблемаларды анықтау үшін Қазақстандағы ақпараттық

медиа мәдениетті кешенді зерттеу қажет, бұл өз кезегінде осы мақаланың таңдалған тақырыбының өзектілігін анықтады.

Зерттеу нысаны: медиакеңістіктің әлеуметтенуінің қазіргі жағдайындағы Қазақстанның ақпараттық медиа мәдениеті.

Зерттеу пәні: Қазақстандағы заманауи медиа коммуникацияларды пайдалана отырып, ақпаратты ұйымдастыру және ұсыну процесінің ерекшелігі.

Зерттеудің мақсаты: Қазақстандағы ақпараттық медиа мәдениетті зерделеу және оларды шешу жолдарын табу үшін өзекті мәселелерді анықтау.

Таңдалған тақырыптың ғылыми жаңалығы Қазақстанның ақпараттық мәдениетіндегі өзекті мәселелерді шешудің теориялық аспектілері мен әдістемелік тәсілдерін анықтауда.

Қазақстандағы қазіргі ақпараттық мәдениеттің практикалық маңыздылығының негізгі негізгі сипаттамаларын бөліп көрсету керек:

- үлкен аудиторияны қамту;
- мақсатты аудиториямен жұмыс істеуде үлкен әлеуеті бар ақпарат ағынын берудің мобильді құралдары;
- интерактивтілік, яғни. веб-сайтты, әлеуметтік желілерді, блогты және т.б. пайдалана отырып, пайдаланушыны әртүрлі мәселелер бойынша ақпаратты зерттеу процесіне тарту мүмкіндігі;
- анық өлшенетін нәтижелер.

Мақаланың талдамалық бөлімінде контент-талдау негізінде Қазақстандағы медиа мәдениеттің нақты жай-күйіне қысқаша сипаттама беріліп, интернет арқылы интерактивті орта құрудағы негізгі проблемалар айқындалған.

Мақаланың ұсынымдық бөлігінде Қазақстандағы ақпараттық мәдениетті одан әрі жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсыныстар айтылды.

Кілтті сөздер: тіл, ақпарат, сөздік, медиакомпания, медиа мәдениет.

* S. S. Zharkebayeva

Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty

Material received on 13.06.22.

INFORMATION LANGUAGE OF COMMUNICATION IN KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND SOLUTIONS

Information media culture in Kazakhstan in the late 90s as a new mass media paradigm entered the global media space with its unlimited possibilities for the country's entry into the global information community. Undoubtedly, the transition of humanity into a new era of information technology requires a concrete transformation of consciousness and readiness for a rapid metamorphosis of the media environment from modern society.

Of particular note is the fact that the media culture of Kazakhstan plays an important role in shaping the public consciousness or own opinion of every citizen of our country, especially among the younger generation. The youth of today can no longer do without the Internet, modern information resources, social networks, or the blogosphere.

The main parameters that ensure the individualization of media culture are firstly, the possibility for consumers to form their digital Internet content; secondly, the interactive way of presenting the information. Therefore, a comprehensive study of information media culture in Kazakhstan is necessary to identify the existing problems associated with the effective organization and presentation of reliable information, using modern media communications, which in turn determined the relevance of the chosen topic of this article.

Object of research: information media culture of Kazakhstan in modern conditions of socialization of the media space.

Subject of research: a feature of the process of organizing and presenting information using modern media communications in Kazakhstan.

The purpose of the study is to study the information media culture in Kazakhstan and to identify the pressing problems to find ways to solve them.

The scientific novelty of the chosen topic lies in the definition of theoretical aspects and methodological approaches in solving urgent problems in the information media culture of Kazakhstan.

The main key characteristics of the practical significance of modern information media culture in Kazakhstan should be highlighted:

- huge audience coverage;*
- mobile tools for transmitting information flow with great potential in working with the target audience;*

- interactivity, i.e. the ability to involve the user in the process of researching information on various issues using a website, social networks, blog, etc.;

- clearly measurable results.

The analytical part of the article gives a brief description of the actual state of information media culture in Kazakhstan based on the content analysis and identifies the main problems in creating an interactive environment via the Internet.

In the recommendation part of the article, conclusions and proposals were made for the further improvement of information media culture in Kazakhstan.

Keywords: language, information, vocabulary, media company, media culture.

<https://doi.org/10.48081/WSAQ8854>

***Б. Б. Жахина**

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, Көкшетау

ТІЛ ДАМУЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Мақалада жаңартылған білім мазмұнына сай қазақ тілінен оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда тілдің негізгі салаларымен байланыста тіл дамыту жұмыстарын жүргізудің рөлі сөз болады. Осыған орай, әдістеме ғылымында тіл дамыту жұмыстарын жүргізу мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне тоқталынады. Әрі мақалада тіл дамыту жұмыстары теориясының функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесінің негізі болатындығы айтылады.

Негізінен, оқушы тұлғаның функционалдық сауаттылығының қалыптасуы тілдік тақырыптарды терең түсініп, лингвистикалық негізін танумен байланысты. Мәселен, сөздік құрамдағы сөздердің семантикалық ерекшелігін, қолданылу аясын білмейтін адам сауатты сөйлей де алмайды. Сондықтан мақалада тіл дамыту жұмыстары сөздің лексика-семантикалық топтарымен байланыста жүргізілуі керектігі сөз болады. Осы ретте тіл дамыту жұмыстарын тілдік тақырыптармен байланысты жүргізудің рөлі жөнінде зерттеген ғалымдардың көзқарастары сараланады. Әрі ғалымдардың көзқарастарында да тіл дамыту жұмыстарының функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізі болатындығы байқалады. Мақалада тіл дамытудың теориялық мәселесін тек қана лексика-грамматикалық заңдылықтарды, жалпы тілдік тұлғаларды жаттанды түрде үйретіп қана емес, сөзді қызмет ету аясында, сөздің функционалдық қызметін таныту барысында шешуге болатындығы айтылады. Осы орайда, мақалада тіл дамыту жұмыстарының негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға болатындығы көрінеді.

Кілтті сөздер: жаңа бағдарлама, функционалдық сауаттылық, функционалды сауатты тұлға, тіл дамыту, сөз семантикасы, тілдік тұлға, оқушы тұлға.

Кіріспе

Жаңартылған білім мазмұнының мақсатына сай функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – қазақ тілін оқытуды жаңа талаптар тұрғысынан жетілдіру, оқушы тұлғаның туған тілдерінің бай сөздік қорын жете меңгеріп, әр түрлі реңктегі сөз мағынасын терең түсіне біліп, ана тілінде сауатты сөйлеп, өз ойларын дәл, анық баяндай білу дағдыларын қалыптастыру міндетін қамтиды. Себебі функционалдық сауаттылық дегеніміз – алған білімінің негізінде тұлғаның заман талабына сай әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы үшін мектепте оқытылатын әр пән бойынша алған білімдерін өмір қажетіне жарату.

Ал функционалдық тұрғыда сауатты тұлға дегеніміз – қоғам құндылықтарына сай, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет ете алатын, қоғамдық ортада өмір сүріп, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттілікті меңгерген адам.

Материалдар мен әдістер

Осы тұрғыдан келгенде, туған тіліндегі сөздердің бай мағыналық реңктерін, қолданылу ерекшеліктерін білмейтін, өз ойын дұрыс жүйелеп баяндай алмайтын оқушының дүние танымы тежеледі, өздігінен ойлануы, ой қорытуы дұрыс қалыптаспайды. Функционалдық тұрғыдан сауатсыз тұлғаға айналады. Мұндай кемшіліктің оқушыда болмауы үшін, мектепте тіл дамыту жұмысына тиісті дәрежеде мән беріліп, бұл жұмыс түрі дұрыс жолға қойылуы керек. Ол үшін оқыту барысында тіл саласы, онда қарастырылатын тілдік тақырыптардың лингвистикалық негізі, тілдік табиғаты тілдегі, сөйлеудегі рөлі айқындала түсіндірілуі қажет.

Әрі тіл дамыту жұмыстарының аясы өте кең, ол қазақ тілі пәнін оқумен ғана шектеліп қалмайды, кез келген пән иесі оқушыны өз пәнінің тілінде сөйлете алуы тиіс.

Біз білеміз, тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын сақтай отырып, әрі өзара бір-бірімен тығыз байланыста болады. Оны ғалымдар қазіргі қазақ тілі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, диалектология болып бірнеше салаға бөлінгенімен, олардың барлығының да зерттейтіні сөз дегенді айтады.

Дегенмен де, «Лексика» – сөз, оның мағынасы жайлы тілдің негізгі саласы, ал сөз мағынасын, оның әртүрлі реңкін, қыр-сырын жете түсіне алмаған, сөз байлығы жетілмеген оқушы ойын да анық, ұтымды, мазмұнды етіп жеткізе алмайды. Сондықтан да тіл дамыту жұмыстарын лексикалық тақырыптарды оқытумен байланысты алудың өзіндік маңызы зор.

Сонымен қатар кейбір лексикалық тақырыптарды, оның ішінде сөздің лексика-семантикалық топтарын тіл дамыту жұмыстарымен бірлікте, байланысты жүргізу – сөз мағынасын терең түсініп, орынды қолдана

білуге ықпал жасайды, оқушының белсенді сөздік қорларын молайтады. Ал оқушының сөздік қорын байытпайынша, тілін дамыту да мүмкін емес.

Тіл дамыту жұмыстарының ғылыми жүйелі негізде дұрыс жолға қойылуы – оның келешекте дамытылуына, күрделенуіне, ең тиімді әдіс түрлерімен толысуына жол ашады. Ал ол функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың ғылыми негізі болып табылады.

Сондықтан сөздің лексика-семантикалық топтарын оқытумен тіл дамыту жұмыстарын байланыстыра жүргізудің әдістемесін теориялық жақтан негіздеу; лексикалық тақырыпты оқытумен байланысты жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының мазмұны мен көлемін анықтау; лексикалық тақырыптарды оқыту барысында оқушының ойлауы мен сөйлеуіне ықпал ететін оқыту әдістері мен жаттығулар түрлерін зерттеп зерделеу, жинақтау, осы аталғандардың барлығын белгілі бір жүйе түрінде, лексикалық тақырыптарды оқыту жағдайымен байланыстыра қарастырған жөн.

Нәтижелер мен талқылау

Осы тұрғыдан келгенде, 1990 жылдан бастап 2000 жылдарға дейін ең өзекті зерттеу тақырып ретінде қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында қарастырылып келген тіл дамыту мәселесі қазіргі білім беру жүйесіндегі басты проблема функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесінің өзегі болып отыр. Сондықтан қай тілді оқыту ісінде болмасын күн тәртібінен түспейтін ең басты мәселе оқушы тілін дамыту болып табылады.

Мәселен, орыс тілін оқыту әдістемесінде тіл дамыту жұмысын жан-жақты зерттеген әдістемеші ғалымдар қатарында И. И. Срезневский, В. П. Шереметевский, М. А. Рыбникова, А. В. Текучев, Ф. И. Буслаев, А. Н. Гвоздев, А. М. Пешковский ғалымдарды атауға болады [1, 54].

А. М. Пешковскийдің пікірінше, дұрыс сөйлеу стилін қалыптастыру сабағында мәтінге тереңдете стилистикалық талдау жасауға көңіл бөліну керек. Ол оқушыларға синтаксистік конструкциялар мен сөздің нақты көркемдегіштік қасиетінің сырын ашуға көмектеседі деп есептейді [2, 59].

Әдістемеші ғалым В. Н. Добрамыслов оқушының мазмұндама, шығарма жұмыстары арқылы олардың сөздік қорын бақылау, тілінің көркемдік ерекшелігін және жаңа сөздер арқылы сөздік қорының толығуын байқауға болатынын айтады. Сонымен бірге оқушының сөздік қорын байытуда омоним, синоним, антоним сөздермен жұмысты жандандыру керек екендігіне үлкен мән береді және белсенді сөздік қорын дамытуда нақты бір тақырып жайында өз бетінше баяндау жасатудың жолын көрсетеді.

Ғалымдар Ф. И. Буслаев, А. Н. Гвоздев грамматикалық құрылыстың ойды жеткізудегі рөліне тоқтай келіп, тіл дамыту жұмысын грамматиканың заңдылықтары мен ережелеріне негіздей ұйымдастыруды ұсынады [3, 68].

Ғалым И. А. Рыбникованың да бірнеше еңбектері оқушының тіл және тіл дамыту жұмыстарына арналған. Оның «Изучение родного языка», «Книга о языке», «Введение в стилистику» деген еңбектері оқушының тілін дамыту ерекшеліктерін шешуге негіз болған. Ол тіл дамытуда мәнерлеп оқудың алатын орнын, оның грамматика, фонетиканы оқытумен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді: және ол үшін сөзбен, сөйлеммен жұмыстың маңызын ерекше атайды. Бұған қоса тіл дамытудың мына түрлерін атап көрсетеді, мазмұндама, шығарма, қатемен жұмыс, ауызша сөйлеу, т.б. [4, б. 232–233].

Ал тіл дамыту жұмыстарын бір жүйеге келтірудің жолын көрсеткен ғалым – Т. А. Ладыженская. Ол бірінші тіл дамыту жұмыстарын жүргізудің принциптерін анықтады. Олар:

- тіл дамыту жұмыстарын оқушының ойын дамытумен байланыста жүргізу;
- оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуда ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін өзара байланыста жүргізу;
- тіл дамыту жұмыстарын грамматикамен, әдебиетпен байланыстыра жүргізу принциптері.

Бұдан соң ғалым тіл дамыту жұмыстарын сауатты, тиянақты, жан-жақты жүргізудің нәтижесінде қалыптасатын дағдыларды да атап көрсетті:

- сөйлеудің тақырыбын аша білу;
- сөйлеудің түпкі негізін, ойын ашу;
- сөйлеуге керекті материал жинай алу;
- жинақтаған материалды іріктей әрі жүйелей білу;
- жазба жұмыстары бойынша жазғанын жетілдіру, дамыту дағдысы болу;
- сөйлеуді белгілі бір құрылымдық тұрғыдан құрастыра алу;
- өз ойын дұрыс, дәл, анық, мүмкіндігінше мәнерлі жеткізе білу.

Сонымен қатар зерттеуші белгіленген бұл дағдыларды дамытудың жүйесіне де тоқталады:

- дағдылардың біртіндеп меңгертілуі;
- тіл дамыту теориясынан қарапайым мәліметтер берілуі;
- сөйлеудің қиындығы ескерілуі;
- әр уақыт оқыту кезеңінде өзіндік жұмыс түрлері ұйымдастырылып отырылуы;
- тілдік жүйе мен жеке тақырыптардың арасындағы байланыстың іске асырылып отырылуы.

Т. А. Ладыженская бұл дағдылардың даму деңгейін анықтауда төмендегі белгілерге сүйенуді көрсетті:

- оқушының сөйлей алу деңгейін ескеру;
- бір сөйлемде орташа есеппен неше сөз барын есептеу;
- қателер санын есепке алу;

- тілдік тұлғалардың дұрыс қолданылуын ескеру;
- синтаксистік құрылымдардың қолданылу түрлеріне мән беру [5, 168].

Көріп отырғанымыздай, ғалым байланыстырып сөйлеудің, яғни бала тілін дамытудың жүйесін қарастырады. Негізінен, ол басты назарды сөйлеудің мазмұнды, мағыналы болу жағына аударған. Себебі сөйлеудің мақсатының өзі тақырыпқа сай негізгі айтайын деген ойын жеткізу болса, ол үшін оның мазмұнына мән беру аса қажет екендігі белгілі. Сонымен қатар, сөйлеуші кімге арнап сөйлейтінін, не үшін, қандай мақсатта сөйлейтінін түсінуі қажет.

Ал ғалым Н. И. Никитина оқушы тілін дамытуда тілден ұйымдастырылатын жаттығу жұмыстарының мәніне тоқталады. Оның пікірінше, тіл дамыту мақсатындағы жаттығулар жүйесі тілдің қызметінің түгел түрін дамытуы тиіс, атап айтқанда:

- сөйлеуді қабылдау, сөйлеудің ауызша түрін тыңдай білу әрі ұғыну, жазбаша мәтінді оқу және ұғыну;
- мәтіннің мазмұнын еске түсіру, ауызша жатқа оқу және мазмұнын айту, жазбаша жатқа жазу және мазмұндама жазу;
- ауызша түрде сөйлей білу, жазбаша түрде мәтін құрастыру, шығарма жазу [6,115].

Ғалымның тұжырымдауы бойынша, әр сабақта есту, оқу, мазмұнын айту жұмыстары үнемі ұйымдастырылуы тиіс. Әрі тіл дамыту жұмыстарына арналған материалдардың іріктелуіне аса көңіл аударылып, осыған орай классикалық шығармалардан үзінділер жиі қолданылып, тіл сабақтарында мәнерлеп өлең жолдарын оқытып отыру тиімді деп есептейді.

Ғалымдар И. Р. Калмыкова, О. Л. Рябиковалар лексикалық бірліктерді дұрыс қолдана білуге оқушыны төселдірудің, оқушы тілін дамытудың маңыздылығына тоқталғанын байқаймыз.

Мәселен, ғалым И. Р. Калмыкова оқушылардың сөз мағынасын жете түсінбеушіліктен, сөзді орынды қолдана білмеу салдарынан жіберген қателеріне талдау жасай келе, сөйлем құрауда, ойын жазбаша түрде баяндауда, шығарма жазуда сөзді талдай, талғай білудің маңызына тоқталады [7, 27].

Ал О. Л. Рябикова антоним сөздердің мағыналық ерекшеліктерін айқындай отырып, оның адам ойын жеткізудегі көркемдегіштік қызметін ашып, оны оқушының қолдана білу дағдыларын қалыптастырудың жолдарын көрсетеді.

Аталған ғалымдар функционалдық сауаттылық деп ерекше атамаса да, ой соған әкеледі. Себебі мұндай жұмыс түрлерінсіз сөйлеу сауаттылығы қалыптаспайды. Оқушы тілдік тұлғалардың сөйлеудегі рөлін тани алмайды. Жаттанды ой, жаттанды тұжырым, жаттанды сөйлеу содан шығады.

Осы тұрғыдан келгенде, ғалымдардың тіл дамыту жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыруға қатысты ойлары, ұсынып отырған жұмыс түрлері

функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың талабына сәйкес келеді. Себебі сөйлеуге қажетті сөздің мән-мағынасын түсінбей, ешқашан да сауатты қолдана алмайды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында бала тілін дамытып, сөйлеу сауаттылығына баса назар аударған ғалым – А.Байтұрсынов.

Ағартушының тіл дамыту жолында жеке сөздермен таныстыру принципін ұстанғанын, осыдан барып жекелеген тақырыптар арқылы оқушылардың сөздік қорын байытуды мақсат еткенін байқаймыз [8, 43-52].

Әрі ғалым өзінің еңбектерінде бала тілін дамытуға аса қажетті материалдар: жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды береді де, осыдан кейін сюжетті мәтінге көшеді.

Жаңылтпашты жаттап, мақал-мәтелдің мазмұнын ашып, жұмбақтың шешуін таба білген балаға одан кейін берілген өтірік өлең, сюжеті қысқа мәтіндердің мазмұнын түсіну қиындық келтірмесі сөзсіз.

Сонымен қатар ғалымның бала тілін дамытуда қолданған әдістерінің бірі – сөз ұқсастығын пайдалану, яғни дыбыстардың алмасуынан сөз мағынасының өзгеретінін таныту, мысалы, ол, олар, орлар, шаш, шаша, шашақ, керек, кезек, терек, тезек, елік, есек, зор, Ораз, ор, ора, т.б.

Бұл жерде қайталау әдісінің материалды есте сақтауда маңызының зор екенін, сөздерді ұмытпай есте сақтауы, жеке қолданыста, сөйлемде, жаттығу кездерінде қолдана білулері үшін ең керек әдіс екенін байқаймыз.

Әрі оқушы дыбыс алмасқан сайын сөз мағынасының өзгеретінін, сонымен қатар, кез келген дыбыс тіркесі сөз жасамайтынын, оның өзінің заңдылығы бар екендігін берік есте сақтайды.

Сонымен қатар ғалымның балаға сөз өнерін тіл заңдылықтары мен әдебиет заңдылықтарын қатар, бірлікте үйрету керек деген пікірі өте құнды. Себебі тіл дамыту мәселесін тек қана лексика-грамматикалық заңдылықтарды үйретіп қана емес, сөзді қызмет ету аясын, яғни, сөздің функционалдық қызметін таныту барысында шешуге болатындығы белгілі. Ғалымның сөзімен айтқанда, тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ғалымның бұл пікірінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың идеясы анық байқалып тұр.

Бұдан соң тіл дамыту жұмыстары негізінде сауатты сөйлеуді қалыптастырудың мәні, жұмыс түрлері жайында зерттеген ғалым – С.Жиенбаев. «Жаттығу емле мен тіл дамыту» деп аталатын еңбегінде оқығанды балалардың қабылдауы оқу әдісіне байланысты екенін, әсіресе мәнерлеп оқи білудің маңызын көрсеткен. Оқығанды талдау (әңгімелеу, мазмұндау, қорытынды

шығару) жұмыстарының түрлерін анықтай келіп, салалы сөз сөйлеуге үйрететін жұмыс – мазмұндау жұмысы екенін атап көрсетеді.

Аталған әдістемелік жұмыста мазмұндама мен шығарма жаздырудың орны былай берілген: «...тіл дамыту жұмысы, оның ішінде жазба сөзге жаттықтыру мектепте зор орын алады. Жазба сөзге жетілдіру үшін істелетін жұмыстың ең маңыздысы – мазмұндама, шығарма жаздыру» [9, 24].

Ғалым С.Жиенбаев – алғаш рет мектепте жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының ауызша, жазбаша болып бөлінетіндігінің жігін ашып, оның әрқайсысына жататын жұмыс түрлері, яғни оқушылардың жазу тілі мазмұндама мен шығарма арқылы жетілетінін, бұл жұмыстардағы ой жүйесі мен сөз қолданудың мәнін көрсеткен әдістемеші ғалым.

Профессор И. Ұйықбаев тіл дамытуды, ой дамытумен тығыз байланысты қарастыруды ұсынады. Сонымен қатар оқушылардың ауызекі тілін дамыту үшін ең алдымен, 1) олардың сөздік қорын байыту керек; 2) әдеби тілде сөйлеудің тілдік нормаларын, сөйлемдерді дұрыс құрауды үйрету керек; 3) ойларын байланыстырып айтып беру дағдылары мен шеберлігін қалыптастыруға назар аудару керек деп есептейді.

«Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» деп аталатын еңбегінде ғалым М.Балақаев тіл дамыту жұмыстарын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды тілдік материалмен байланыста жүргізуді ұсынады. Әрі оқушы грамматика-лексикалық тұлғаларды тек жаттап алатын дағдыға айналдырмай, олардың мағыналық мазмұнына қанық болуы тиіс деп есептейді. Сонда ғана тілдегі заңдылықтар мен ережелерді біліп, күнделікті өмірде пайдаланумен қатар, олардың стильдік, экспрессивтік, эмоциялық, көркемдеу қызметтерін де түсініп пайдалана алады дегенді айтады.

Ал ғалым Р.Сыздыкова «Тіл табиғатын таза сақтайық» деген «Қазақстан мектебі» журналының 1993 жылғы №5 санында жарияланған мақаласында «Қазақ тілі пәнін қоғам, мектеп реформасына сай жетілдіру концепциясының» жобасында қазақ тілін оқытуда тілдің жүйесін, құрылымын таныту басым болғанын, оқушыларды сөз сөйлеу шеберлігіне, тіл мәдениетіне үйрету жағы жөнді ескерілмегендігін айта келіп: «Бұл мектепте қазақ тілі пәнін оқытудың сан жылдар бойы сақталып келе жатқан олқы тұсы, методологиялық кемшілігі», – дейді. Әрі тілдің фонетика, грамматика, ішінара лексикалық жүйесін ғылыми негізде оқып үйренуі керек екендігін, бірақ ол – сол пәнді оқытудың бір мақсаты ғана болса, ал екінші мақсаты оқушылардың тіл жөнінде алған түсінік білімдерін білуге дағдыландыру керек екендігін айтады [10, 21–24].

Қорытынды

Қоғам ілгерілеген сайын, қауымның жалпы мәдениеті көтерілген сайын өмірдің сала-саласында қолданылатын тілдің де мәдениетін көтеріп сөйлейтін

адамнан өз ойын әрі айқын, әрі жатық, әрі әуезді етіп құруды қалайды. Ол үшін мектеп қабырғасында-ақ оқушы тілі жазбаша да, ауызша да дамытылуы қажет. Сонда ғана функционалдық тұрғыда сауатты тұлға болады.

Әрі оқушы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру негізінде адамзат жасап, жинақтаған қоғамдық сананың осы формаларын игеруде адамзаттың жүріп өткен қызметін қайталап өтеді, бірақ енді ол қызмет – оқу қызметі деп аталады. Осы оқу қызметін дұрыс ұйымдастыру барысында оқушы адамзаттың білім қорын жинақтау үдерісінде тек білім мазмұны мен белгілі бір дағдыларды игеріп қана қоймайды, жинақталған білімнің жинақтау және қорыту әдісін де меңгереді, яғни адамзаттың теориялық санасы мен абстрактілі ойлауы қалыптасуындағы маңызды орын алатын рефлексия, анализ-синтез, талдау, модельдеу қабілеттерін де қайта жасақтап жүйелейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Срезневский, И. И.** Об изучении родного языка и особенно в детском возрасте, ч. 2. – СПб, 1861. – с. 54.

2 **Пешковский, А. М.** Вопросы методики русского языка. – Москва : «Госиздат», 1930. – с. 159.

3 **Гвоздев, А. Н.** Формирование у ребенка грамматического строя русского языка. 1, 2. – М.: 1949. – с. 197.

4 **Рыбникова, М. А.** Очерки по методике литературного чтения. – Изд. 3. – Москва : Учпедгиз, 1963. – с. 332.

5 **Ладыженская, Т. А.** Система работы по развитию связной устной речи учащихся. – Москва : 1975. – с. 168.

6 **Никитина, Е. И.** Методические рекомендации к урокам развития связной речи в 5-классе. – Москва : НИИ школ, 1989. – с. 115.

7 **Калмыкова, И. Р.** Методика лексико-семантической подготовки к сочинению. Дисс. канд. пед. наук. – Москва : 1984.

8 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – А. : «Ана тілі», 1992. – 372 б.

9 **Жиенбаев, С.** Қазақ тілі методикасы. – Алматы : 1946. – 265 б.

10 **Сыздыкова, Р.** «Қазақстан мектебі» журналы, 1993. №5.

REFERENCES

1 **Sreznevsky, I. I.** Ob izuchenii rodnoogo yazyka i osobenno v detskom vozraste [About learning the native language and especially in childhood], Ch. 2. – SPb, 1861. – p. 54.

2 **Peshkovsky, A. M.** Voprosy metodiki russkogo yazyka [Questions of the methodology of the Russian language]. – Moscow: «Gosizdat», 1930. – p. 159.

3 **Gvozdev, A. N.** Formirovaniya u rebenka grammaticheskogo stroya russkogo yazyka [Formation of the grammatical structure of the Russian language in a child]. 1, 2. – Moscow : 1949. – p. 197.

4 **Rybnikova, M. A.** Ocherki po metodika literaturnogo chetiya [Essays on the methodology of literary reading]. – Izd. 3. – Moscow : Uchpedgiz, 1963. – p. 332.

5 **Ladyzhenskaya, T. A.** Sistema rabota po razvitiyu svyaznoi ustnoi rechi uchashihsya [The system of work on the development of coherent oral speech of students]. – Moscow : 1975. – p. 168.

6 **Nikitina, E. I.** Metodicheskie rekomendatsii k urokam razvitiya svyaznoi rechi v 5-klasse [Methodological recommendations for the lessons of the development of coherent speech in the 5th grade]. – Moscow : NII shol, 1989. – p. 115.

7 **Kalmykova, I. R.** Metodika leksiko-semanticheskoi potgotovki uch-sya k sochineniya [The methodology of lexical and semantic preparation of students for the essay. Diss. Candidate of Pedagogical Sciences]. Diss.kand.ped.nauk. – Moscow : 1984.

8 **Baitursunov, A.** Til taǵylymy [Language training]. – A. : «Ana tili», 1992. – 372 p.

9 **Zhienbaev, S.** Qazaq tili metodikasy [Methodology of the Kazakh language]. – Almaty: 1946. – 265 p.

10 **Syzdykova, R.** «Qazaqstan mektebi» jýrnaly [Magazine «School of Kazakhstan»], 1993. №5/

Материал баспаға 13.06.22. түсті.

*Б. Б. Жахина

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Казахстан Республикасы, Кокшетау.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

РОЛЬ РАЗВИТИЯ РЕЧИ В ФОРМИРОВАНИИ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

В статье рассматривается роль развития речи, связанной с основными разделами языка, в формировании функциональной грамотности учащихся по казахскому языку в рамках обновленного содержания образования. В связи с этим исследуются труды ученых, изучавших вопросы развития речи в науке и методике. В статье утверждается, что теория развития речи является основой формирования функциональной грамотности.

Формирование функциональной грамотности личности обучающегося основано на глубоком понимании языковых тем и осознании лингвистической основы. Например, человек, не знающий семантических особенностей словарного состава, сферы употребления, не сможет даже говорить грамотно. Следовательно, в статье говорится о том, что работа по развитию речи должна проводиться во взаимосвязи с лексико-семантическими группами слов. Также анализируются труды ученых, которые считают, что занятия по развитию речи надо проводить во взаимосвязи с языковыми темами. Кроме того, исследования некоторых ученых подтверждают, что работа по развитию речи является основой формирования функциональной грамотности. В статье отмечается, что теоретическая проблема развития речи может быть решена не только путем простого изучения лексико-грамматических закономерностей, общезыковых личностей, но и в рамках функционирования слова, в процессе функциональной деятельности слова. В связи с этим в статье показано, что функциональная грамотность может формироваться на основе развития речи.

Ключевые слова: новая программа, функциональная грамотность, функционально грамотная личность, развитие речи, семантика слова, языковая личность, личность обучающегося.

*B. B. Zhakhina

Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Material received on 13.06.22.

THE ROLE OF SPEECH DEVELOPMENT IN THE FORMATION OF FUNCTIONAL LITERACY

The article examines the role of speech development related to the main sections of the language in the formation of functional literacy of students in the Kazakh language within the updated content of education. In this regard, the works of scientists who have studied the development of speech in science and methodology are being investigated. The article argues that the theory of speech development is the basis for the formation of functional literacy.

The formation of functional literacy of the student's personality is based on a deep understanding of language topics and awareness of the

linguistic basis. For example, a person who does not know the semantic features of the vocabulary, the scope of use, will not even be able to speak competently. Consequently, the article says that the work on the development of speech should be carried out in conjunction with lexicosemantic groups of words. The works of scientists who believe that speech development classes should be conducted in conjunction with language topics are also analyzed. In addition, the research of some scientists confirms that the work on the development of speech is the basis for the formation of functional literacy. The article notes that the theoretical problem of speech development can be solved not only by simply studying lexical and grammatical patterns, general linguistic personalities, but also within the framework of the functioning of the word, in the process of the functional activity of the word. In this regard, the article shows that functional literacy can be formed on the basis of speech development.

Keywords: new program, functional literacy, functionally literate personality, speech development, word semantics, language personality, student personality.

МРНТИ 17.07.31

<https://doi.org/10.48081/EECX6686>***Н. К. Жусупов¹, М. Н. Баратова², Е. К. Жусупов³**^{1,2,3}Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУР ЖУСИПА: ЛЕГЕНДЫ ОБ АБЫЛАЙ ХАНЕ

В данной статье речь пойдет об исторических легендах, собранных Машхур Жусипом, в том числе об Абылай хане – исторической личности, возглавлявшей казахский народ. Здесь особенно подробно рассматриваются различные варианты, касающиеся личности Абылай хана, публикуемые в разных сборниках, книгах, сравниваются между собой. Образцы фольклора об Абылае, собранные из уст народа, анализируются в сравнении с версиями Ш. Уалиханова, В. Радлова и др. Особенности и различия, возникающие в ходе этих сравнений и т.д., описываются в статье. В статье разносторонне рассмотрено, что некоторые фольклорные версии, связанные с личностью Абылай хана сохранились только в рукописях Машхур Жусипа. Все это показывает, насколько ценны исторические легенды, собранные Машхур Жусипом, в том числе фольклорные образцы, касающиеся личности Абылай хана.

Ключевые слова: Машхур Жусип, культурное наследие, рукопись, легенда, хронология, Абылай хан, фольклорный образец.

Введение

Содержание исторических преданий об Абылае охватывает молодые годы хана (не было и 20 лет), первые героические походы, принесшие ему славу, становление его в качестве хана и т.д. Предания заканчиваются событиями, когда хан в старческом возрасте хотел завоевать город Бухар, но видит сон и отказывается от своей идеи. По дороге в родные края он умирает. Следовательно, список рассказов дается в хронологической последовательности [1]. Такая классификация фольклорных образцов, собранных из уст народа, в соответствии с временными параметрами, запись этих образцов методом цикличности – все это обосновывает правильную направленность деятельности Машхур Жусипа и в то же время определяет отличительные особенности фольклористской деятельности акына.

Попробуем сравнить образец об Абылае, данный в рукописи Машхур Жусипа, с образцом, опубликованным С. Дауытовым. Между двумя вариантами существуют определенные различия. К примеру, вариант, опубликованный С. Дауытовым [2], начинается со стихотворной речи. В то время как вариант, хранящийся в «семейном архиве», начинается с песенных строк «В мире проживало 18 тысяч человек» («Ғаламда он сегіз мың жан болыпты»).

Материалы и методы

В целом в фольклористской науке фольклорные образцы сравниваются в следующей последовательности:

- а) Существуют ли различия в содержании и сюжете?
- б) Изменены ли характерные особенности героя?
- в) Изменены ли их слова, поступки и действия?
- г) Внесены ли новшества в язык или стиль (сокращение слов или замена их другими)?

Названные критерии сравнения полностью учитываются в двух вариантах Машхур Жусипа, лишь поступки героев меняются местами.

Результаты и обсуждение

Так, например, во втором варианте мудрым советчиком хана выступает его жена. А в первом варианте героем, обладающим даром предвидения, мудростью, является сам хан. Кроме того, в первом варианте акын дает пояснения по поводу Ботакхана и Жанай (на них и подробно остановимся). Такое пояснение не встречается во втором варианте. В пояснении интерес представляет тот факт, что гнев одолевает Ботакхана, в результате чего он погибает. В опубликованных В.В. Радловым [3] и С. Дауытовым [3, 318 с.] образцах речь идет о том, что несмотря на свой чин Абылай хотел освободить Ботакхана, но в это время он уже погибает. Следовательно, первый вариант акына заслуживает высокую оценку с позиции веры слушателя в то, о чем говорят. По нашим предположениям, одной из форм существования фольклорных образцов является вера народа собирателю этих образцов.

Кроме того, в первом варианте, заканчивая предание словами «Абылай аспаған сары бел атанған жер осы екен», доказывая правомерность своей мысли, акын приводит в пример стихи ходжы Толегена из рода Тортуыл. Этот факт не находит своего отражения во втором варианте. Чтобы слушатель поверил в достоверность описываемого исторического события, акын приводит строки стиха ходжы Толегена. Это характеризует еще одну сторону собирательской деятельности Машхур Жусипа.

При жизни акына только одно предание о хане Абылае было опубликовано в газете «Дала уалаяты» [4] (1893, № 13) под заголовком «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөздері» («Слова казахов, оставшиеся в

веках»). Были ли текстологические изменения в рукописи акына, об этом сказать трудно. Второй вариант исторического предания сохранен в копиях рукописей Жолмурата. Сравнивая образцы между собой, во-первых, что бросается в глаза, – это объем. На страницах печати этот вариант начинается со строк «Бұ хикая кеше Қаракерей Қабанбай...» («Это событие вчера Каракерей Кабанбай...»), по сравнению с копией Жолмурата, объемнее. В вариантах отсутствуют изменения по содержанию, сюжету, действиям героев, языковым и стилистическим особенностям. В рукописи рассказ начинается словами: «Бір күні Абылай хан қарашына көз тойған үш жүзден озған, әлемнен озған алаяқ билері...» («Однажды хан Абылай, опередивший три жуза, опередившие весь мир бии...») и сразу же продолжается вопросами хана Абылая. В варианте, данной на страницах газеты «Дала уалаяты», вначале стихотворными строками даются сведения о самом хане, об его окружении. Только после этого, начинаясь со слов «Сол Абылай хан күндерде бір күн қазақтың қабырғасы кең, қарны жуан, шекесі толық, миы көп, ойы терең билерін жиып алып...» («Однажды хан Абылай собрал мудрых биев...»), развивается событие далее. В копии рукописи Жолмурата не упоминается ни одно имя бия, а в опубликованном варианте – имя сына Казыбека бия Бекболата, сына Жанибека бия Даутбая, сына Шобалая батыра Жанке, сына бия Толебая – бия Едиге, сына Богенбая – бия Тореналы. Все эти имена даются в порядке следования их слов, расположения сведений о них.

Вместо вопроса «Что вечно?» («Не өлмейді?») в варианте, изданном в газете, в рукописи следует вопрос «Разве вещь не изнашивается, или разве человек вечен?» («Тозбайтын нәрсе не, өлмейтін жан бола ма?»). Существуют и изменения в ответах, данных на вопросы. Например, в газете вечным являются «қара жер» («земля»), «асқар тау» («высочайшая гора»), «аққан су» («бурлящая вода»), «Ай мен Күн» («Луна и Солнце»), а в рукописи вечным является «аққан су» («бурлящая вода»), «қара жер» («земля»), «Ай мен Күн» («Луна и Солнце»). Не изнашивается «железо» («темір») и «гора» («тау»). Заметим, и в постановке вопросов, и в неудачных ответах имеются существенные различия. Наряду с этим, в рассказе даются разные имена героев. В газете человека, дающего правильный ответ, называют «человеком, которого не знает ни один ходжа, ни один человек не обращает на него внимания, не является бием, как все другие знаменитые бии». В рукописи, наоборот, дается конкретное имя – оратор Жудас из рода Кипчак-Таймас.

В двух вариантах одновременно даются правильные ответы. Лишь выражение из газеты «слово муллы» («молданың хаты») заменяется в копии Жолмурата выражением «труд ученого» («ғалымның хаты»). Из этого делаем выводы, что вариант Машхур Жусипа, вышедший на страницах газеты, намного объемнее и полнее, чем в рукописи. Учитывая, что оба образца

принадлежат Машхур Жусипу, можно предположить, что основной вариант опубликован в газете, а вариант, записанный в копии Жолмурата, является вторым вариантом.

Вышеуказанные материалы об Абылае, записанные в рукописях Машхур Жусипа, опубликованы на страницах печатных изданий. История выражения «Абылай аспаған сары бел» («Проторенный путь, которого даже Абылай не перейдет») в книге «Казахские бии – ораторы» связывается с именем бия Байдалы [5]. То есть здесь Байтели би, внучатый брат бия Байдалы, убивает человека. За это хан Абылай приговаривает его к смертной казни. Однако би Байдалы своим красноречием вынуждает хана Абылая менять приговор на оплату куна.

По-нашему, боязнь хана Абылая перед народом закономерна. Однако заключение, выраженное в словосочетании «назван проторенным путем, которого даже Абылай не перейдет» («Абылай аспаған сары бел атанған жер осы екен») вызывает сомнение. По сравнению с последним вариантом, опубликованным «как бы из уст», рассказ, записанный Машхур Жусипом, более достоверен. Если учесть, что опубликованные «как бы из уст» образцы собраны недавно, то возникает необходимость их исследования, изучения их природы с позиции достоверности. Что касается рукописей Машхур Жусипа, записанных сто лет тому назад, то их значимость поднимается с каждым днем.

Выше было сказано о том, что сюжет исторического предания «Заточение Абылая в плен у джунгарского хана Калдан Серена» встречается в труде Ш. Уалиханова [6].

Опираясь на рассказ Машхур Жусипа, известный ученый Р. Бердибаев доказывает тот факт, что джунгарский хан Калдан Серен сам был заинтересован в освобождении хана Абылая. Ученый дает высокую оценку исторической достоверности рассказа [7]. Вера окружающей среды в события, имеющие место в истории, в их достоверность является главной особенностью фольклорных образов.

К варианту Машхур Жусипа близок образец, опубликованный в 1891-ом году в 1-ом номере газеты «Дала уалаяты» под заголовком «Проблемы казахов» [7, 314–315 с.]. В образце имеется ссылка на автора предания «В конце подписан «писатель казах народа Покрау Мухамедгали Ибрагимұлы» [7, 637 с.].

В легенде речь идет о том, как хан джунгаров Калдан отправляет Абылаю примирителей, они погибают, как начинаются военные распри между ними, как хан Абылай попадает в плен. Далее, чтобы проверить их, Калдан приглашает их в дом без постели. Увидев это, хан Абылай растеряется. В качестве предъявляющих кун выступают визири хана Калдан. Далее повествуется о том, как визири хана возвращаются на родные земли.

В рукописи Машхур Жусипа в качестве предъявляющего кун выступает сам хан Калдан Серен. Он оплакивает младшего брата Сару. В походе младший брат погибает из рук Абылая. В газете, наоборот, вождь визирей погибает в пути, когда едет для примирения. Если в образце, опубликованном в газете, испытание проходят визири хана, то в варианте Машхур Жусипа сам Абылай проходит через три трудные испытания. В тексте акына эта сторона предания описывается особенно.

Сюжет освобождения хана связывается с действиями посланников во главе с бием Казыбеком [7, 108–109 с.].

В этом контексте замечание исследователя С. Каскабасова ценно: «В предании, как и должно быть в фольклорном произведении, подробно не описывается также и то, что испытывал Абылай в плену. Здесь важно показать два этапных события: полонение и освобождение Абылая. Правда, в Валихановском тексте описан один эпизод из жизни хана в плену» [8]. Следовательно, здесь состояние Абылая в плену у джунгар показано в труде Ш. Уалиханова с новых граней.

По нашим предположениям, эти приведенные факты дополняют вариант Машхур Жусипа. Если в труде Ш. Уалиханова описан один эпизод из жизни хана в плену, то в рукописи Машхур Жусипа описываются три испытания Абылая после заточения, то, что испытывал хан в плену в течение 10 дней. Так, например, первое испытание длится семь дней, то есть семь дней хан без воды, без еды. На седьмой день хан получает посуду с жиром размером в чашечку. Жир не вмещается в рот хана. Рассердившись, хан возвращает посуду обратно. Если хан протянет руки к посуде, это означает приказ убить его. Хан не притрагивается к посуде. Это указывает на происхождение его из «белой кости» и, тем самым, спасает его от смерти. Далее хана ждет второе испытание. Это испытание можно назвать совокупностью действий для определения происхождения, храбрости хана. Здесь повествуется о том, как врываются четыре палача, прикладывают меч к голове хана. При всем этом хан сохраняет спокойствие. И в этот раз бесстрашие Абылая спасает его от смерти. Потом хан проходит третье испытание, приготовленное ему в орде хана Калдана. Испытание заключается в том, что везде народу было много, лишь трон хана был свободен. Абылай не растерялся, увидев толпу. Наоборот, он прошел к тору и сел на трон хана Калдана. В образце Машхур Жусипа описывается также, как благодаря остроумию, смелости, ораторскому мастерству хан освобождает находящихся рядом людей. Очень подробно описывается встреча хана с красавицей Топыш. Ценность этого образца в том, что он не встречается в вышеуказанных сборниках.

Ученый С. Каскабасов акцентирует внимание на то, что характеристика Абылая как мужественного, смелого, красноречивого хана объясняется

исторической необходимостью казахского народа, созданием такого образа в мечтах [8, 176 с.].

Информация о финансировании

Данная статья была финансирована Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № AP08856356 «Духовное возрождение: культурно-литературное наследие Машхур Жусип Копеева»).

Выводы

Если классифицировать легенды о полонении Абылая, то их можно исследовать, выделяя четыре образца. Первый образец – вариант, записанный Ш. Уалихановым [8, 217–218 с.]; второй вариант – рассказ, опубликованный на страницах газеты «Дала уалаяты» [9]; к третьему образцу относятся рассказы об освобождении хана благодаря примирителям во главе бия Казыбека [10]. К последнему четвертому образцу принадлежат предания, собранные Машхур Жусипом. Здесь, как было сказано выше: о полонении Абылая; трех испытаниях, длившихся 10 дней, которые Абылай проходит достойно; о том, как благодаря смелости, упорству и красноречию Абылай освобождает и себя, и находящихся рядом людей.

По этим четырем образцам можно определить точку зрения народа по поводу исторических событий, его отношение к этим событиям. Так, например, в первом образце Абылай оказывается в плену во время охоты, из второго образца известно, что он оказывается в заточении, потому что приказывает убить посланников. Причем, здесь описывается только одна сторона полонения Абылая. Также узнаем, что в освобождении Абылая был заинтересован сам хан Калдан Серен. В третьем образце повествуется, как хан оказывается в плену, потому что он убивает брата Калдана Серу. В военных походах Абылая освобождают посланники во главе с Казыбек бием. Последний, четвертый образец Машхур Жусипа можно назвать совокупностью первого и третьего образцов. То есть хан убивает брата Калдана Серу в случайной обстановке и оказывается в плену не во время военных походов, а во время охоты.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Қасқабасов, С. А.** Қазақ фольклорының тұтастану құбылысы [Мәтін] // Жұлдыз. – 1992. – № 11. – Б. 181 – 198.
- 2 **Көпеев, М. Ж.** Абылай хан [Мәтін]. – А. : Жазушы, 1993. – 318 б.
- 3 **Радлов, В. В.** Ел қазынасы – ескі сөз. В. В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері [Мәтін]. – А. : Наука, 1994. – Б. 280.
- 4 «Дала уалаяты» газеті, 1989. – Б. 476 – 475.

Ұлы ақын өлең шығармаларында айшықтай өрнектеген ой-тұжырымдарын одан әрі қара сөздерінде келесі бір сипатта жаңаша өрбітеді. Абай оқырмандармен, көпшілік тыңдаушымен сұқбаттаса отырып, әңгіме барысында адамгершілік, еңбекті бағалау, әділет, турашылдық, ғылымға құмарлық, күнәсіздік тәрізді құндықтарды сипаттайды. Сондай-ақ, керісінше, аярылық, мансапқорлық, пасықтық, арамтамақтық, еріншектік сияқты адамгершіліктің қас жауы болып табылатын жаман қасиеттерді баяндай отырып, осындай жағымсыз мінездерден аулақ болуға шақырып, өз ой-пікірін тыңдаушысының, оқырмандарының санасына жеткізуді мақсат етеді. Ақын тыңдаушысымен сырласқандай, пікір алысып отырғандай әсер қалдырады. Мәселен, Біреу *бай* болса, біреу *кедей* болса, біреу *ауру*, біреу *сау* болса, біреу *есті*, біреу *есер* болса, біреудің көңілі *жақсылыққа* мейілді, біреудің көңілі *жаманшылыққа* мейілді – бұлар неліктен? – десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан, бұрынғысынша болған іс деп (Жиырма сегізінші сөз). Иә болмаса, *Түзікті бейіске* шығарамын, *бұзықты тозаққа* саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін *жақсылыққа* мейірлендіріп, біреуін *жаманшылыққа* мейірлендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жамандыққа бұрып жіберіп тұрады екен (Жиырма сезізінші сөз).

Қорыта айтқанда, Абай өз өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқының ой-санасын, наным-сенімін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, өзін қоршаған әлеуметтік ортаның адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлқын, ой-санасы жайлы түсінігін, ой-тұжырымдарын адами қасиеттер тұрғысынан терең жан-жақты талдап, толық та нақты мінездеме берген.

Қорытынды

Антонимдік қатынастар – көркем шығармаларда қарама- қарсылық мәндерді сипаттау үшін кең түрде қолданылып, ерекше стильдік қызмет атқаратыны айқын. Кез келген көркем шығарма қандай да бір тілдік көркем құралдарды қолдану нәтижесінде оқырманның ой-санасына, сезіміне ерекше әсер ететіні белгілі. Осы орайда тілдегі ерекше көркемдеуіш құралдардың бірі – антоним сөздердің алатын орны айрықша.

Антоним сөздердің қарама-қайшылықты мәні әсіресе олар бір сөйлем ішінде қатар қолданылған кезде айқын байқалады. Сондай-ақ, бұл орайда келесі бір назар аударарлық жағдай - антонимдердің тілдегі қызметінен қарама-қарсы ұғымдағы сөздердің оқиғаға бірдей дәрежеде қатынасының байқауға болады. Мұндай жағдайда антоним сөздердің мағыналық тұрғыдан қара-қайшылығы айрықша көзге түсіп, ақын-жазушылардың айтайын деген ойын айшықты да мәнерлі түрде жеткізуінің белсенді құралы ретінде қолданылады.

Антонимдер үнемі бір-бірімен қарсылықты мағынада қолданыла келе логикалық тұрғыдан бір-бірімен жымдаса келе, бір ғана жалпылау, жинақтау, болжалдау, топшылау тәрізді жалпылама ұғымды беру қызметін атқарады.

Фразеологиялық бірліктердің антонимдік қатынасқа түсуі лексикалық антономимдердің антонимдік қатынасқа түсу жағдайына ұқсас болып келеді. Лексикалық фразеологизмдердің және фразеологиялық антонимдердің өзара ұқсастықтарынан басқа айтарлықтай айырмашылықтары да бар. Фразеологиялық антонимдер өзіне тән айрықша белгілерімен ерекшеленеді және қолданылу аясы лексикалық антонимдерге қарағанда әлдеқайда тар болып келеді.

Олардың арасындағы басты айырмашылық-фразеологиялық антонимдерде антонимдік қатынасқа түсетін жеке сөздер емес, сөз тіркестері болып табылады. Тіпті кей жағдайда фразеологиялық антонимдердің құрамдас компоненттері бір-бірімен антонимдік қатынаста жұмсалмауы да мүмкін.

Фразеологиялық антонимдердің тағы бір басты ерекшелігі - олардың антонимдік қатынасқа түсіп тұрған сыңарларының мағыналық жағынан біртұтас болып келуі.

Антонимдер тіл табиғатында терең тамыр тартқан, қазақ тілінің бай сөздік қорында басқа да лексикалық бірліктер сияқты сан құбылып, алуан түрленіп, әлденеше қырынан көрініс беретін икемді де, оралымды, өріс аумағы кең, стильдік мүмкіншілігі мол тілдік құбылыс болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Болғанбаев, Ә.** Қазақ тілінің лексикологиясы : монография [Текст]. – Алматы : Мектеп, 1988. – 147 б.
- 2 Лингвистический энциклопедический словарь [Текст]. – М. : Изд-во Советская энциклопедия, 1990. – 688 с.
- 3 **Шанский, Н. М.** Лексикология современного русского языка: монография [Текст]. – 4-е изд., доп. – М. : Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 312 с.
- 4 Краткая энциклопедия Казахской ССР [Текст]. Т. 4. – Алматы, 1991. – 685 с.
- 5 Абай, Өлеңдер [Текст]. – Алматы : Жазушы, 1978. – 239. б.
- 6 **Аханов, К.** Тіл білімінің негіздері : монография [Текст]. – 2-ші басылым. – Алматы : Мектеп, – 1978. – 495 б.
- 7 **Иванова, В. А.** Анионимия в системе языка [Текст]. – Кишинев, 1981. – 161 с.
- 8 **Конакбаева, Ж. К.** Антонимические фразеосочетания в английском, русском и казахском языках : автореф. дисс. канд. филол. наук [Текст]. – Тбилиси, 1981. – 31 с.
- 9 **Миллер, Е. И.** Природа лексической и фразеологической антонимии [Текст]. – Саратов : Изд-во Саратовского университета, 1990. – 224 с.
- 10 **Мусин, Ж.** Қазақ тіліндегі антонимдік контекстер туралы [Текст].// Қазақ филологиясы. – 4-ші кітап, – Алматы : 1977. –Б. 75–79.
- 11 **Эмирова, Л. И.** К изучению антонимических отношении [Текст].// Вопросы фразеологии. Труды Сам ГУ им. Новои. – Вып. 219. – Самарканд : 1973. – С. 189–193.

REFERENCES

- 1 **Bolganbayev, Ä.** Qazaq tiliniñ leksikologiasy: monografia [Lexicology of the Kazakh language : monograph] [Text]. – Almaty : Mektep, 1988.–147 p.
- 2 Lingvisticheskii entsiklopedicheskii slovar [Linguistic encyclopedic dictionary] [Text]. – Moscow : Soviet Encyclopedia, 1990 – 688 p.
- 3 **Şanskii, N. M.** Leksikologia sovremennogo russkogo iazyka : monografia [Lexicology of the Modern Russian language : monograph] [Text]. – 4-e izd. – Moscow, Publishing house of Librokom, 4th edition. – Moscow, 2003. – 312 p.
- 4 Kratkai entsiklopedia Kazahskoi SSR [Short encyclopedia of Kazakh SSR] [Text]. –Vol. 4. – Almaty, 1991. – 685 p.
- 5 Abai, Öleñderi [Poems of Abai] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1978. – 239 p.

- 6 **Ahanov, K.** Til biliminiñ negizderi : monografia [Fundamentals of linguistics: monograph] [Text]. – 2-şı basylym. – Almaty : Mektep, 1978. – 495 p.
- 7 **Ivanova, V. A.** Antonomia v sisteme iazyka [Antonymy in the language system] [Text]. – Kishinev, 1981. – 161 p.
- 8 **Konakbayeva, J. K.** Antonomicheskie frazsochetania v angliiskom, russkom i kazahskom iazykah : avtoref. diss.kand.filol. nauk [Antonymic phraseological combinations in the English, Russian and Kazakh languages : author's abstract of diss. of cand. of philol. science] [Text]. – Tbilisy, 1981. – 31 p.
- 9 **Miller, E. I.** Priroda leksicheskoi i fraseologicheskoi antonomii [Nature of lexical and phraseological antonymy] [Text]. – Saratov : Publishing house of Saratov University, 1990. – 224 p.
- 10 **Musin, J.** Qazaq tilindegi antonimdik kontekster [Antonymic contexts in the Kazakh language] [Text]. // Qazaq filologiasy. – 4- şı kitap, – Almaty : 1977. – P. 75–79.
- 11 **Emirova, L.V.** K izucheniu antonomicheskikh otnoşenii [To the study of antonymic relations] [Text] // Voprosy frazeologii. Trudy Sam GU im. Novai. –Vyp. 219. – Samarkand : 1973. – P. 189–193.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

*Ж. У. Калимова

Университет имени Шакарима, Республика Казахстан, г. Семей.
Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ЯВЛЕНИЕ АНТОНИМИИ И ЕЕ ПРОЯВЛЕНИЕ
В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ

В статье рассматривается проблема антонимии, как свойственное всем языкам языковое явление, со сложными лингвистическими, стилистическими и универсальными особенностями и сфера ее функционирования в языке и художественной литературе. На основе произведений великого Абая автором всесторонне описан противоречивый характер антонимов, как один из особенных выразительных средств, широко используемый для реализации эстетической и стилистической природы языка в художественной литературе. В статье также говорится о том, как Абай тщательно отбирал и использовал слова и выражения с противоположными значениями при описании социальной среды того времени, быта казахского народа, различных форм поведения и поступков людей. Также подробно рассмотрены виды антонимии в рамках антитезы, диатезы, акротезы, альтернативы, амфитезы, антиметаболы, оксюморона и их стилистические функции

на основе стихов и изречений великого Абая. Слова назидания Абая – беспрецедентное явление в истории казахской литературы и является очень ценным литературным наследием, где нашли отражения глубокие мысли и идеи поэта. В статье проанализированы несколько слов назидания Абая и описано умение поэта рационально и умело использовать антонимы и антонимичные словосочетания для повествования явлений человеческой жизни, раскрытия внутреннего мира и психологии человека.

Ключевые слова: антонимы, лексические антонимы, фразеологические антонимы, противоположные значения, исследование противоречивых отношений.

*Zh. U. Kalimova

Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey

Material received on 13.06.22.

THE PROBLEM OF ANTONYMY AND ITS USE IN THE WORKS OF ABAI

The article is devoted to the problem of antonymy as a linguistic phenomenon characteristic of all languages, with complex linguistic, stylistic and universal features and the scope of its use in language and fiction. The contradictory nature of antonyms as one of the original expressive means of the language is thoroughly described on the basis of the works of the great Abai. Antonyms are widely used to express the esthetic and stylistic nature of language in fiction. The article also deals with the way Abai carefully selects and uses words and expressions with opposite meanings in describing the social life of that time, the life of the Kazakh people, various types of behavior and actions of people. Different types of antonymy within the framework of antithesis, diathesis, acrotheses, alternatives, antitheses, antimetabols, oxymoron and their stylistic functions based on the poems and sayings of Abai are also described in detail in this article. Abai's didactic words are considered to be an unprecedented work in the history of Kazakh literature. It is a valuable literary heritage, which reflects the deep thoughts and ideas of the poet. The article touches upon some didactic words of Abai and draws the reader's attention to the poet's ability of using antonyms and antonymic phrases rationally and skillfully to describe the human life, to reveal the inner world of people and human psychology.

Keywords: antonyms, lexical antonyms, phraseological antonyms, contrary meanings, investigation of contradictory relations.

FTAMP 11.25.41

<https://doi.org/10.48081/YPLO4619>

*Д. Е. Капанова¹, Г. К. Исмагулова²

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,

²Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

АЙМАҚТЫҚ МӘДЕНИ ЗЕРТТЕУЛЕР – СТУДЕНТТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ БІЛІМДІК РЕСУРСЫ

Шетел тілін оқыту және оны меңгеру халықтардың өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығын қамтамасыз етуі керек. Осыған байланысты шет тілдерін оқыту процесі тіларалық мәдениетаралық қатынасқа дайындыққа бағытталуы керек. Мәдени білімнің жетіспеушілігі коммуниканттардың бір тілде сөйлесуіне қарамастан, жиі түсінбеушілікке, тіпті қақтығыстарға алып келеді. Бұл мақалада авторлар екі жақты табысты байланысқа қол жеткізу үшін оқу процесіне ұлттық-аймақтық компонентті қосудың маңыздылығы мен қажеттілігіне назар аударады. Оқытудағы тәжірибе көрсеткендей, тек шет тілі оқылатын елдің мәдениетін зерттеуге бағытталған практика студенттердің өз аймақтық мәдениетіне қатысты фактілер мен құбылыстар туралы ақпаратты жеткізе алмайтындығына әкеледі, сондықтан нақты қарым-қатынас процесінде олар оның өзіндік ерекшелігін жеткілікті аша алмайды. Шет тілін оқытуда аймақтық мәдени зерттеулерді пайдалану оқытушы мен студенттер үшін тіл мен сол елдің мәдениетін меңгеруде кең мүмкіндіктер ашады. Алдарыңызға ұсынып отырған зерттеу жұмысының мақсаты - студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тәжірибе мен ақпарат алмасу барысында студенттің басқа елдер өкілдеріне отандық мәдениетпен таныстыру қабілетін пайдалана отырып, жұмыс тәсілдерінің кешенін әзірлеу және сынақтан өткізу. Бұл зерттеу ағылшын тілін А2, В1 деңгейінде меңгерген ЖОО студенттерімен жүргізілді.

Кілтті сөздер: өлкетану, компонент, этномәдени, тұлғаны мәдениаралық тәрбиелеу, аймақтық мәдениеттану, шетел тілін оқыту, коммуникативті құзыреттілік, әлеуметтік-мәдени білім.

Кіріспе

Шетел тілін үйрену – жоғары кәсіби білім берудің маңызды құрамдас бөлігі. Тілдер мен мәдениеттердің, оның ішінде аз зерттелген тілдер мен этникалық мәдениеттердің әртүрлілігін қолдауға бағытталған Еуропа Кеңесінің заманауи тіл саясаты мәдениетаралық құрал ретінде шет тілін білудің беделін арттыруға ықпал етеді.

Шетел тілін оқыту екі аспектіде қарастырылады: прагматикалық және жалпы білім беру [1, 8]. Жалпы білім беру компоненті ізгілік, тұлғалық-бағдарлы білім беру принциптері бойынша мәдениеттер диалогы жағдайында тұлғаны тәрбиелеу мен дамытумен, сол тілде сөйлейтін басқа халықтардың мәдениетіне құрметпен қарауды қалыптастырумен, ұлттық мәдениеттердің, оның ішінде өз мәдениетінің құндылықтары мен жетістіктері туралы түсініктерді байыту, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік лингвистикалық білім кеңістігін кеңейту, өз халқы мен халықтарының бейнесі мен өмір салтын оқытылатын тілдің елімен (яғни, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік лингвистикалық және әлеуметтік құзыреттіліктердің дамуымен) салыстыру және салыстыру қабілеттерін дамытумен тығыз байланысты.

Қазіргі уақытта тіл белгілі бір тілдік құралдар жүйесі ретінде емес, адам қызметінің аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады, сондықтан шет тілін оқыту коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін саналы, танымдық және шығармашылық процесс болып табылады.

Тілге үйрету мәдениет негізінде және мәдениет арқылы жүзеге асырылады, бұл студенттің өзара байланысты коммуникативті және әлеуметтік-мәдени дамуы туралы пікірін қалыптастыруға мүмкіндік береді [2].

Қазақстанның Болон процесіне қосылуы біздің елдегі оқу орындарында шет тілдерін оқытуды жақсарту және өскелең ұрпақ пен студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас пен халықаралық ынтымақтастыққа дайындығын қалыптастыру бойынша шешімдер қабылдауға түрткі болды.

Өлкетану мәселесіне жүгіну бірқатар объективті себептерге байланысты. Сол объективті себептердің бірі шетел тілін оқытуда басқа пәндерге қарағанда білім беру мазмұнының ұлттық-аймақтық құрамдас бөлігі азырақ ескеріледі. Сонымен қатар, ұлттық-аймақтық компонентті ескере отырып, шетел тілін оқыту қажеттілігі басқа мәдениетті түсіну тек өз өлкесін білу негізінде ғана мүмкін болатындығымен тығыз байланысты.

Зерттеуші-ғалым Т. Ю. Тамбовкина атап өткендей, екі мәдениетті де дұрыс білмеу түсінбеушіліктің себебі, яғни мәдениетаралық қарым-қатынас

процесіндегі қақтығыстар мен дағдарыстардың көзі болып табылады [1, 2 – 5]. Ал, керісінше, әртүрлі тіл мен мәдениет өкілдерінің тұлғааралық қарым-қатынасы, егер коммуниканттар бір-біріне қызықты болса, екі жақ бір мақсатқа – өзара түсіністікке, мәдениетаралық коммуникация арқылы өзара байытуға ұмтылса, толық жүзеге асуы мүмкін. Әңгімелесуші жататын халықтың мәдениеті, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы ақпарат алмасу басқа мәдениет пен тілдің өкілін қызықтыруы мүмкін және одан әрі қарым-қатынас үшін себеп болуы мүмкін.

Ал, керісінше, әртүрлі тіл мен мәдениет өкілдерінің тұлғааралық қарым-қатынасы, егер коммуниканттар бір-біріне қызықты болса, екі жақ бір мақсатқа – өзара түсіністікке, мәдениетаралық коммуникация арқылы өзара байытуға ұмтылса, толық жүзеге асуы мүмкін.

Сұхбаттасып отырған кісінің мәдениеті, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы ақпарат алмасуы, басқа мәдениет пен тілдің өкілі қызығушылық танытып және одан әрі қарым-қатынас жасауға себеп болуы мүмкін.

Жалпы адамзаттық құндылықтардан хабардар болу ұлттық бірегейлік сезімді дамытудан бөлінбейді. Басқа елдердің өмірін тілімен бірге зерттей отырып, мектеп оқушылары алынған ақпаратты өздерінің туған елдерінің өмірімен салыстырады. Осы салыстырудың арқасында олар өз елдерінің жетістіктерін және оның проблемаларын көруге, өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге және бағалауға үйренеді. Ұлттық бірегейлік сезімі мектеп оқушыларының шетелдік қонақтарға ауылы, отбасы, өз елі, жері туралы және оның тарихы, қызықты географиялық маршруттары, ғылыми жетістіктері, өнер туындылары, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы айтуға дайындалып жатқандығының арқасында күшейе түседі.

Өз мәдениетін, тілін білмейінше, шетел тілін үйрену мүмкін емес. Жалпыадамзаттық құндылықтарды ұғыну ұлттық бірегейлік сезімін дамытумен біртұтас. Басқа елдердің өмірін олардың тілімен бірге зерттей отырып, оқушылар алған мәліметтерін туған елінің өмірімен салыстырады. Осы салыстырудың арқасында олар өз елінің жетістіктері мен проблемаларын көруге, өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеуге және бағалауға үйренеді. оқушылардың шетелден келген қонақтарға өз ауылы, отбасы, елі, аймағы, оның тарихы, қызықты географиялық бағыттары, ғылыми жетістіктері, өнер туындылары, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы әңгімелеуге дайындалуының арқасында ұлттық бірегейлік сезімі күшейеді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің материалы ретінде жоғары кәсіби білім берудегі құзыреттілік көзқарасты, шетел тілдерін мәдениетаралық оқыту арқылы зерттеуге арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері алынды. Мақаланы

жазу барысында теориялық материалды жинау, мәтін талдау, саралау, салыстыру ж. т.б. әдіс-тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Шетел тілі мәдениетін зерттеуге бағытталған қалыптасқан оқыту практикасы студенттердің өз аймақтық мәдениетіне қатысты фактілер мен құбылыстар туралы ақпаратты жеткізе алмайтындықтан, нақты қарым-қатынас барысында, олар оның өзіндік ерекшелігін ашып көрсетіп әлемдік мәдениетке қоса алмайды. Сондықтан алдымызға қойылатын міндет - тәжірибе мен ақпарат алмасу барысында студенттің басқа елдер өкілдеріне отандық мәдениетпен таныстыру қабілетін дамыту. Міне, сондықтан құзыреттілік моделінің құрылымында болашақ лингвист бакалавры үшін екі маңызды компонент атап көрсетілген: этномәдени және мәдениетаралық. Екі компонент те қарым-қатынастың жоғары деңгейімен сипатталатын және қарым-қатынасты неіздеп және ынталандырып оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы мүмкін болатын тұлғааралық қатынас жағдайында өтетін интерактивті әрекетте дамиды.

Маманның құнды қасиеті – шетелдік достарына, қызметтес серіктестеріне саяси, мәдени, әдеби, театрландырылған, музыкалық және өмір салаларындағы басқа да түрлі оқиғалар жайлы сөйлесу, өз аймағы мен оның ерекшеліктерін, дәстүрлері мен әдет-ғұрпын әсерлі етіп әңгімелеп беруінде. Сонымен, қазіргі әлем шындығы студенттердің шет тілдік қарым-қатынасты меңгеруге деген ұмтылысы мен басқа мәдениеттің кеңістігінде бағдарлай білу қабілетін анықтайды.

Этномәдени және әлеуметтік-мәдени білімнің жоғары деңгейі қоғамның интеллектуалды және адамгершілік әлеуетінің артуына әкеледі деп санайтын ғалымдармен келіспеуге болмайды, өйткені сол арқылы өз халқының құндылықтары мен жетістіктеріне және әлемдік мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына қол жетімділік ашылады.

Аймақтық мәдениеттанудың ерекшелігі – ол әлеуметтік-мәдени, этномәдени және аймақтық / аймақтық білімнің интегративті бағыты мен әртүрлі гуманитарлық (тарих, этникалық және әлеуметтік психология, әлеуметтану, мәдениеттану, саяси экономика, физикалық, экономикалық география, халықтық педагогика) және басқа салаларды толығымен қамтиды.

Аймақтық мәдениеттанудың функционалдық міндеті, біріншіден, студенттерді туған елдің және тілін оқып жатқан елдердегі қоғам өмірінің әр түрлі жақтарын салыстырмалы және салғастырмалы талдау негіздерімен таныстыру; екіншіден, студенттердің зейінін сөйлеу тілі және сөйлеуге жат мінез-құлық моделі мен мазмұнын таңдау кезінде кәсіби тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени негіздерін ескеру қажеттілігіне аудару;

үшіншіден, ұлттық мәдениеттің этномәдени тұжырымдамаларын кеңейту және тереңдету былайша қарастырылады:

а) республика аумағын мекендейтін жергілікті халықтар мен этностардың стилі мен өмір салты;

ә) қоғам дамуының әр тарихи кезеңіндегі адамдардың материалдық және рухани қызметінің өнімі;

в) жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың, қоғамның әлеуметтенуінің салдары;

г) тілін оқыған елдер мен халықтардың мәдени-тарихи дамуы туралы мәдени түсініктер; осы дамудың философиялық және діни негіздері; мәдениеттің барлық салаларындағы жетістіктер: өнерде, әдебиетте, музыкалық өмірде, театрда, халық шығармашылығында болып табылады.

В. В. Сафонованың, сыныпта оқушыларды бірлесіп зерттейтін елдердің әлеуметтік және мәдени өмірімен таныстыратын тар бағытты, географиялық бағдарланған міндеттерімен шектеліп қалмай, сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық білім мен әлеуметтік-мәдени деңгейлерін арттыру сияқты міндеттерді және өз аймағындағы, әлемдегі студент жастардың бастамаларына байланысты қазіргі заманның өзекті мәселелерін талқылау негізінде бакалаврлардың сауаттылығы; халықаралық біліммен және академиялық ұтқырлықпен, сондай-ақ экология, экономика, аймақтағы географиялық аймақтану мәселелерін енгізу қажет деген ескертуімен толықтай келісеміз [2, 236].

Аймақтық мәдениеттанудың міндеттері:

а) студенттерге интерактивті қоғамдағы мәдениеттер диалогының субъектілері ретіндегі рөлін, жоғары технологиялар саласында халықаралық байланыстар мен ғылыми және өндірістік ынтымақтастықтың дамып келе жатқандығын ашу;

б) студенттерді ұлттық және халықаралық деңгейдегі мәдениаралық қатынастың әртүрлі формаларымен таныстыру;

в) болашақ мамандарды ғылыми-мәдени жобаларға, шығармашылық зерттеу қызметіне, мәдени-ағартушылық туризмге тарту;

г) алдыңғы параграфта талқыланған оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып, коммуникацияға бағытталған тапсырмалар арқылы жеке мәдениетті қалыптастыру;

д) Отанға деген сүйіспеншілікке, патриотизм сезімін, символика туралы білімін тереңдетуге, мерекелердің мақсаттарын, халықтық дәстүрлерді және интернационализм сезіміне, басқа мәдениетті құрметтеуді, толеранттылықты, ізгі ниетте бір әлемде бірге өмір сүруге және бірге әрекет ету қабілетіне тәрбиелеу.

Қорытынды

Мұндай міндеттер қою шет тілінің қоғамда жаңа дүние туралы байланыс пен білім беру құралы ретінде ғана емес, сұранысқа ие болуына байланысты. Сонымен, шет тілдік білім беруде мәдени әлеуметтану сияқты әлеуметтік-педагогикалық бағыт та дамып келеді, ол қоғамда өмір сүретін субмәдениеттерді сияқты, тілдер мен мәдениеттерді бірге зерттеумен сипатталады. Шетел тілін оқытудың отандық және шетелдік теориясы мен әдістемесінде шет тілдік білім беру мазмұнының мәдени аспектісі саласында бай тәжірибе жинақталған.

Е. М. Верещагин, В. В. Костомаров, В. В. Сафонова, Т. Ю. Тамбовкина, Г. Д. Томашина, В. П. Фурманованың және тағы басқалардың еңбектерінен айқын болғанындай, ғалымдар өз зерттеулерін тіл мәдениеті мен мәдениеттерді бірлесіп зерттеу, мәдениаралық қарым-қатынас, этномәдени білім беру сияқты тақырыптарға кездейсоқ арнаған жоқ. Ғалымдар студенттер шетелдік және отандық мәдениеттің ерекшеліктерін бір уақытта зерттеп, зерттеліп жатқан тіл мен өз елінің портретін объективті түрде ұсынуы керек деп санайды [3, 56].

Шетелдік кәсіби қарым-қатынастың мәдени қанықтылығы дидактикалық өзара әрекеттесетін мәдениеттер шеңберінің кеңею принципі бойынша халықтар мен олардың мәдениеттерін тар аймақтық зерттеу шеңберінен шығуға жағдай жасайды, соңғыларын қоғамның мәдени-тарихи даму призмасы арқылы кең мәдени контексте қарастыру [4, 27].

Этномәдени тәсілдемесі жергілікті халықтардың тарихы, олардың өзіндік ерекшелігі, шығармашылығы, ән мен би фольклоры туралы мәтіндерді шетел тілін кәсіби қарым-қатынасқа үйрету мазмұнына қосуға мүмкіндік береді және осы мәтіндер негізінде күнделікті өмірден алынған қарым-қатынас жағдайларын жасайды. Этномәдени тәсілдемесі өз халқының тәжірибесін басқа халықтарға жеткізу үшін шет тіліндегі отандық мәдениет туралы білімді өзектендіруге ықпал етеді [5, 175].

Мәдениетаралық тәсілдеме өз кезегінде бір территорияда тұратын әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы ұлттық деңгейде, сондай-ақ әр түрлі мемлекеттердің халықтары арасындағы халықаралық деңгейде шетел тілінің кәсіби қарым-қатынасын үйренуге жағдай жасайды.

Қарым-қатынас әртүрлі ақпарат көздерінен алынған түпнұсқалық мәтіндерге негізделген [6, 20], [7, 8 – 12].

Сонымен, алдарыңызға ұсынылған мақалада біз шетел тілін оқытудағы мазмұнның ұлттық-аймақтық компонентінің өзектілігін қарастырдық. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және талдау нәтижесінде шет тілі сабағының мазмұнына ұлттық компоненттің қосылуы мәдениеттер диалогында толыққанды серіктес болуға мүмкіндік береді тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

Тіл арқылы үйреніп отырған елді тани отырып, оқушы өз халқының жалпы адамзаттық мәдениетке қосқан үлесін анықтауға үйренеді. Шетел тілін үйрену процесінде шет тіл мәдениетін игеру орын алатындығы даусыз, яғни өркениет үдерісінде жинақталған рухани-адамгершілік құндылықтар тілін үйреніп жатқан ел халқының өркениет процесінде жинақтаған рухани-адамгершілік құндылықтар жиынтығы. Алайда бұл үдерісте өзінің мәдениеті, өлкесі және басқа да құнды фактілер туралы ақпаратты баяндау білігі айтарлықтай маңызды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Бим, И. Л.** Языковой плюрализм – веление времени // Преподаватель. 2001. – № 1. – С. 7–8.

2 **Тамбовкина, Т. Ю.** О некоторых принципах построения интегрированного курса «Иностранный язык и регионоведение» // Иностранный язык в школе. – 1996. – № 5. – С. 2 – 5.

3 **Сафонова, В. В.** Изучение языков международного общения в контексте диалога культур. / В. В. Сафонова. – Воронеж : «Истоки», 1996. – С. 172–174.

4 **Сафонова, В. В.** Социокультурный подход к обучению иностранному языку как специальности : дис. ... д.п.н. : 13.00.02 / Сафонова Виктория Викторовна. – Москва, 1992. – 128 с.

5 **Зимняя, И. А.** Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – 42 с.

6 **Исабекова, Г. Б., Атемова Қ. Т.** «Көпмәдениетті және этномәдениетті білім берудің ерекшеліктері» / Заманауи педагогика және білім. Проблемалар, мүмкіндіктер және даму болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Тараз, 2016, 13 – 14 мамыр т. 2.

7 **Фурманова, В. П.** Межкультурная коммуникация и культурно-языковая прагматика в теории и практике преподавания иностранных языков : автореф. дисс. ... д-ра пед. наук: 13.00.02 / Фурманова Валентина Павловна. – М., 1994. – 58 с.

8 **Насырова, А. А.** Формирование регионально-ориентированной коммуникативной компетенции бакалавра лингвистики : автореф. дисс. ... канд. пед. наук: 13.00.08: / Насырова Анна Анатольевна. – Калининград, 2013. – С. 8–12.

9 **Подласый, И. П.** Педагогика. Новый курс : Учебник для студентов педагогических вузов. – М., 1999. – 574 с.

10 **G. Ismagulova, O. Polevaya, D. Kapanova, M. Kulakhmetova.** Experimental Work on the Formation of Intercultural Communication Subject

in the Educational Environment of Pedagogical Institution. Man // In India. – 97 (6). – P 411 – 431 © Serials Publications.

REFERENCES

1 **Bim, I. L.** Yazykovoy plyuralizm – veleniye vremeni [Linguistic pluralism is the call of the times] // In Prepodavatel. – 2001. – № 1. – P. 7 – 8.

2 **Tambovkina, T. YU.** O nekotorykh printsipakh postroyeniya integrirovannogo kursa «Inostranny yazyk i regionovedeniye» [About some principles of building an integrated course «Foreign Language and Regional Studies»] // Inostranny yazyk v shkole. – 1996. – № 5. – P. 2–5.

3 **Safonova, V. V.** Izucheniye yazykov mezhduarodnogo obshcheniya v kontekste dialoga kul'tur [The study of languages of international communication in the context of the dialogue of cultures] / V. V. Safonova. – Voronezh : «Istoki», 1996. – P. 172 – 174.

4 **Safonova, V. V.** Sotsiokul'turnyy podkhod k obucheniyu inostrannomu yazyku kak spetsial'nosti [Sociocultural approach to teaching a foreign language as a specialty] : dis. ... d. p. n.: 13.00.02 / Safonova Viktoriya Viktorovna. – Moscow, 1992. – 128 p.

5 **Zimnyaya, I. A.** Klyuchevyye kompetentsii - novaya paradigma rezul'tata obrazovaniya [Key competencies – a new paradigm of educational outcomes] // Vyssheye obrazovaniye segodnya. – 2003. – № 5. – 42 p.

6 **İsabekova, G. B., Atemova Q. T.** «Köpmädeniätti jäne étnomädeniätti bilim berwädiñ ereşelekteri» [Features of multicultural and ethnocultural education] / Zamanawı pedagogika jäne bilim. Problemalar, mümkindikter jäne damw bolaşığı. Xalıqaralıq ғылым- praktikalıq konferenciya materialdarı. – Taraz, 2016, 13-14 mamır. 2 Vol. 2

7 **Furmanova, V. P.** Mezhkul'turnaya kommunikatsiya i kul'turno-yazykovaya pragmatika v teorii i praktike prepodavaniya inostrannykh yazykov [Intercultural communication and cultural and linguistic pragmatics in the theory and practice of teaching foreign languages] : avtoref. diss...d-ra ped. Nauk : 13.00.02 / Furmanova Valentina Pavlovna. – Moscow, 1994. – 58 p.

8 **Nasyrova, A. A.** Formirovaniye regional'no-oriyentirovannoy kommunikativnoy kompetentsii bakalavra lingvistiki [Formation of regionally-oriented communicative competence of the Bachelor of Linguistics] : avtoref. dis...kand. ped. nauk : 13.00.08. / Nasyrova Anna Anatol'yevna. – Kaliningrad, 2013. – P. 8–12.

9 **Podlasy, I. P.** Pedagogika. Novyy kurs : Uchebnik dlya studentov pedagogicheskikh vuzov [Pedagogy. New Course : A Textbook for Students of Pedagogical Universities] – Moscow, 1999. – 574 p.

10 **G. Ismagulova, O. Polevaya, D. Kapanova, M. Kulakhmetova.** Experimental Work on the Formation of Intercultural Communication Subject in the Educational Environment of Pedagogical Institution Man In India. – 97 (6). – P. 411 – 431 © Serials Publications.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

*Д. Е. Капанова¹, Г. К. Исмагулова²

¹Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

²Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

РЕГИОНАЛЬНЫЕ КУЛЬТУРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ – ИНТЕРАКТИВНЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ РЕСУРС ДЛЯ РАЗВИТИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ

Обучение иностранному языку и овладение им должно обеспечить взаимодействие и сотрудничество народов. В этой связи процесс обучения ИЯ должен быть направлен на подготовку к межкультурному межкультурному общению. Отсутствие культурологических знаний приводит зачастую к непониманию и даже к конфликтам, несмотря на тот факт, что коммуниканты общаются на одном языке. В данной статье авторы обращают внимание на важность и необходимость включения в процесс обучения национально-регионального компонента для достижения успешной двусторонней коммуникации. Предыдущий опыт педагогической деятельности показывает, что практика, ориентированная только на изучение культуры страны изучаемого иностранного языка, приводит к тому, что студенты не могут передать информацию о фактах и явлениях, связанных с собственной региональной культурой и, следовательно, в процессе реальной коммуникации не способны раскрывать ее своеобразие.

Ключевые слова: краеведение, компонент, этнокультурное, межкультурное образование, краеведческая культурология,

*D. E. Kapanova¹, G. K. Ismagulova²¹S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan²L. N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 13.06.22.

REGIONAL CULTURAL RESEARCH - INTERACTIVE EDUCATIONAL RESOURCE FOR THE DEVELOPMENT OF KEY COMPETENCIES OF STUDENTS

Teaching a foreign language and mastering it should ensure the interaction and cooperation of peoples. In this regard, the learning process of foreign languages should be aimed at preparing for interlingual intercultural communication. Lack of cultural knowledge often leads to misunderstanding and even to conflicts, despite the fact that the communicants communicate in the same language. In this article, the authors draw attention to the importance and necessity of including the national-regional component in the learning process in order to achieve successful two-way communication. Previous experience in teaching shows that practice focused only on studying the culture of the country of the foreign language being studied leads to the fact that students cannot convey information about facts and phenomena related to their own regional culture and, therefore, in the process of real communication, they are not able to reveal its originality.

Keywords: local history, component, ethnocultural, intercultural education, local history cultural studies, foreign language teaching, communicative competence, sociocultural education

<https://doi.org/10.48081/ZEK9812>*Б. Қ. Қапасова¹, С. Т. Елікпаев²^{1,2}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МЫСАЛ ЖАНРЫНДАҒЫ МАЗМҰН ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мысал өлеңдер ескіден белгілі әдебиеттің жанры. Біз өз мақаламызда мысал өлеңдер ішіндегі мазмұнның өзгерісін қарастырдық. Мысал өлеңдер ішіндегі оқиғалардың дамуы, жаңаша трансформацияға ұшырауы ерекше қызықты процесс. Осы арқылы қоғамның өзгерісі білінеді. Демек, біздің мақала бүгінгі күнге де қызықты әрі қажетті деп білеміз.

Өзімізге мәлім мысал жанры ежелден келе жатқан, ескі адамзаттың қадірлі жанрының бірі. Адамзат алғашқы даму үдерісі кезінде мысал жанры арқылы дүниені танып, біліп осы бір әдебиет үлгісі арқылы танымын кеңейтті. Себебі алғашқы даму шағында адамзат өзін қоршаған ортадан бөлмеген еді. Яғни, жануарлар немесе жанындағы тірі мен өлі арасындағы әр түрлі оқиғаларды, хикаяларды тілге тиек ете отырып адам көзқарас ұғымының өзгеруін, оның имани қалтын сынаққа салып, сол кездегі түрі жазылады мысал өлеңде.

Аты айтып тұрғандай мысал өлеңдер әлденені мысалға ала отырып жасалады. Бұл жанрдың басты белгісінде салыстырмалы әдебиеттанудың белгісі бар. Өрісті жолмен бізге жеткен себебі де сол. Ал кейбір мысал өлеңдерде ұлттың мінезі де білінеді. Мысал өлеңдер үкім айтушы, шын ар сотындай сезіледі. Демек бүгінгі я, кешегі ұлттың мінезін, салтын, ой қарымын түсіну үшін мысал өлеңдерге жүгінуге тура келеді.

Кілтті сөздер: мысал өлең, адамзаттық ортақ тақырып, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, компаративистика.

Кіріспе

Мысал өлеңдер ертеде шумер-бабыл әдебиетінде пайда болғанын білеміз [1, 336]. Ескі жазбалардағы бұл еңбектер «демотикалық әдебиет» деп аталады. Осы мұрада тордағы арыстанды құтқарған тышқан жайлы айтады. Кейін осы оқиға барлық мысал өлеңде көрінеді. Біз өз мақаламызда

мысал өлеңдердегі мазмұн өзгерісімен бірге кейіпкерлер метамарфозасын да негізгі зерттеу нысаны жасаймыз. Егер өзге жанрлар жекелікті, кейде ұжымшылдықты қаласа, мысал өлеңдер тек көпшілікке я, өзгемен салыстыру жағына мол мән береді. Мысал өлеңдер тек дидактикаға мән бермейді, терең пәлсапаға сүйенеді. Демек, мысал өлеңдердегі мазмұн өрісі құнды да қажет тақырып болуға тиісті.

Біз әлем және қазақ әдебиетіндегі мысал өлең мазмұндарын қараймыз.

Осы арқылы бүгінгі әдебиет пен бұрынғы әдебиет байланысын зерделейміз.

Мақсатымыз әдебиеттің ескі жанрларының бірі мысал өлеңдер арқылы қоғам өзерісі, танымдық метомарфоза үдерісін зерттеп, баға беру.

Яғни, мысал жанры арқылы әдебиеттің қалай дамығанын анықтау. Бүгінгі және кешегі әдебиеттің басты мүдделерін ұғынып, бүгінгі күн биігінен баға беру.

Материалдар мен әдістер

Мысал өлеңдер әу бастан ескі мұрағаттардан бастау алары анық [2, 467].

Біз бұл мақаламызда үш бағытты негізгі зерттеу нысаны жасаймыз. Ол ежелгі Шығыс, кейінгі Шығыс және орта ғасырдағы Еуропа [3, 58].

Бұған қоса қазақ әдебиетіндегі мысал өлеңдері. Мысалдың шығу тарихындағы негізгі приоритетке екі түрлі көзқарас айтылады. Біріншілері яғни, Отто Крузиус, А. Хаусрат мысал өлеңдер баяндауға негізделген десе, Б. Э. Перри ол негізінен моральға сүйенеді дейді. Бірақ, Шығыс пен Батыс арасындағы айырмашылық осы мысал өлеңдерде көрінеді.

Ең ескі көрінер «Арыстан мен тышқан» оқиғасы «демотикалық әдебиет» ішінде көрінеді. Бұл сюжет кейін жоғалмай, Эзоп шығармашылығында бой көрсетті. Шамасы бұл шығарманы Эзоптың өзі ұнатып жазса керек. Аңызда Эзоп құл болған дейді. Самостық Иадмонның басыбайлы меншігі еді делінеді. Кейіннен бостандыққа қолы жеткен шағында Лидиялық Крез патшаның қасында болғандығы айтылады. Демек, Эзоп өзінің де, бір керекке жарарын айтатындай. Ең басында осы оқиға Раның қызының көңілінен шықпақ болған Тоттың айтқан әңгімесінен басталған. Қыз көңілінен шықпақ Тот осы мысал арқылы өз тілегінен хабар бермек секілді. Кейін орыс мысалшысы Крылов та бұл туындыны орысша жазып шықты. Бұл кезең орыс мысалшысының қатарға қосыла алмай кезеңін көрсетеді [4, 202].

Осы мысалды қазақ ақыны С. Торайғыров қазақ тілінде жырлап шықты.

Ұйықтапты бір арыстан айдалада,

Тыныштықтық алу үшін сай-панада.

Үстіне арыстанның ойнақтапты,

Бір тышқан іннен шығып сол арада...

Күн қайда құтылатын торды бұзып,

Бакырып ызаланды жерді сүзіп,

Дауысын танып, баяғы тышқан келіп,

Құтқарды торды қиып, тістеп үзіп [5, 224].

Бұл қазақ халқының шын киналып әлемнің керегіне жарар ия, жарамас шағы еді. Бұған қоса ақынның өзінің денсаулығы кемшін тарта бастаған шағы болатын. Осының бәрі өзгеше ішкі дауыстың ерегесе шыққанындай, тым құрмағанда тышқан секілді әжетке жарарын айтатын секілді [6, 236].

Немесе біз мұны мысал өлеңдегі контрасты көрініс деп айтамыз. Егер Аяз би басындағы қалпында ел жаман деген жан болса, аяғында ел ханына айналады. Осы тектес, жақсыдан туар жаман делінер таңданыс пікір де сөзімізге бір мысал. Жаманнан жақсыға айналу процесі өте қызық та, ерекше жағдай. Бұған қоса әлеуметтік кеңістікте теңгермелік ерекше ситуаттың орын алғаны рас. Қоғам өз ішіндегі өзгерісті де осы арқылы айтады.

Демек «Арыстан мен тышқан» мысал өлеңі мазмұны мынандай жағдайларда өзгерген.

1 Өзін таныту.

2 Заманның өзгергенін көрсету.

3 Теңгермелілік уақыты туғанын ескерту.

4 Әр жаннның өз орны бар екенін хабарлау.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқының ежелгі ертектерінің бірінде тышқанның жылға таласқан шағында, түйе үстінен шығып келе жатқан күнді бірінші көргені де баяндалады. Бұндағы тышқан образы бойы кіші болса да, әбжіл әрі қу болып танылады. Бойына сеніп құр қалған түйе күлкіге қалады. Шамасы бұл да дала төсіндегі тышқанның басқаша бейнесі болса керек. Бұған кейін тоқталамыз.

Бұған қоса мысал өлеңдер кейіпкерлері белгілі бір шектеулерге ұшырап, кейде мүлдем тиым салынған.

Мысалы «Үш торай» мысал өлеңі Ресейге жетсе де, бері өте алмаған. Бұған себеп көп.

1 Ұлттық таным.

2 Мұсылман діні.

3 Тұрмысы бөлектік.

Есесіне бүкіл Дала мәдениетінде тотем болған қасқыр орыс танымынан өтпеді. Еуропада бұл құбыжық болып саналды. Римнің салынған кезінде Дала мен Рұм бір ендікте болған секілді. Жас балалардың қасқыр еміп жетілуі содан.

Кейінгі Эзоптың қой терісін жамылған қасқыр жайлы мысалы- жаңа өзгерістерді көрсетеді. Рим басындағы далалықтар мен Рим империясының арасындағы соғыстың жаңғырығы десек болады. Қасқыр мен ит арасындағы оқиға даланың күш алған кезі деуге болады. Алғаш көрген кезде қолға түсіп қалғанында мен арықпын деп құтылған ит, келесі жолыққан шағында шатырға шығып кетеді. Ал қасқыр мен қозы жайлы мысал өлең мүлдем жаңа

қырмен білінеді. Пұтханаға кіріп алған қозының қасқыр қолынан өлгенше құрбан болып өлейін дегені жаңа бір ұғым бастауы секілді.

Кейінгі инквизация кезінде отқа жығылған әйелдер жын деп айыпталса, еркектер қасқыр құбыжық деп қорлық көрді.

Осыдан бастап қасқыр образы жағымсыз бейне болып кетті.

Лефонтеннің «Қасқыр мен ат» атты мысал өлеңінде де қасқыр образы сүйкімсіз.

Бұл Крылов мысал өлеңдерінде де көрінді.

«Қасқыр мен түлкі», «Қасқыр мен тырна», «Қасқыр мен мысық» тектес мысал жырларда осы бел береді. Бұның аяғы «Ну, погоди!» секілді кеңестік туындыларға ұласты.

А. Байтұрсыновтің «Ала қойлар» [7, 53], А. Тоқмағанбетовтің «Қасқыр мен аю», Ә. Асылбектің «Қасқыр мен көгершін», Ш. Құдайбердіұлының «Қасқыр, түлкі, бөдене» т.б. мысал өлеңдері қасқыр түрін жамандық символы жасады.

Қасқыр образын осылай жаппай жағымсыз кейіпте көрсету Шығыс әдебиетінде жоқ.

Қасқыр туралы сюжеттер әлсіздік пен зорлықшыл күштің кездесуі деп баяндалады. Оқиға соңында қасқыр жеңіледі. Бұл араларда фабуланың бүтін формасы жоқ. Тәлімдік дәрежеде ғана. Себебі мысал өлеңдер кесек эпикалық туынды емес. Біздегі кейінгі мысал өлеңдер осындай батыстық үлгіде өріледі.

Қасқыр мен бірге аю образы да жағымсыз түрде айтылады мысал өлеңдерде.

Әсіресе софылық әдебиет өкілі Румидің «Ақымақ пен аю» атты мысал өлеңіндегі аю образы жыртықтың бейнесі болып көрінеді. Жалпы шығыс әдебиетіндегі әр бейненің символдық мағынасы бар. Бұған қоса шығыс әдебиетіндегі оқиға желісі сәл өзгеше. Егер батыстық мысал өлеңдер артық сөзсіз жалаң оқиғаға құрылса, шығыстық мысал өлеңдер мүлдем тереңдеп пәлсәфалық ұғымды паш етеді. Бұған қоса оқиға соңында қортындылық тұжырым жасалады. Бүкіл шығыс мысал өлеңдері осылай жасалып әр сөз я бейнені жұмбақтап береді.

Өзіне жақсылық жасаған адамды өлтіріп алған аю туралы айтады Руми өз шығармасында. Жыртқыш бәрібір жыртқыш деген жолаушы да мысал өлеңге араласады. Яғни, жаманға жасалған жақсылықтың не болары айтылады бұнда. Осы шығарма М. Әуезовтің «Көксерек» секілді сүйекті еңбегіне де идеясымен жалғасады.

Ал, И. Крыловтің «Еңбексүйгіш аю» атты мысал өлеңінде аю жағымды мінезді болып беріледі. Еңбексүйгіш, өзімен өзі жүрген аю негізінде жыртқыш екені анық. Бірақ соған қарамастан орыс ұлты осы аюды өзінің ұлттық бренді деп санайтыны белгілі. Бұған себеп олардың тұрған жері

орманды, аю мекендеуге қолайлы аймақ. Керісінше далалықтар өздері үшін қауіпті қасқыр атын айтпай ит-құс дері содан болса керек. Әр халық өз мысалдарында, әфсаналарында ұлттық танымынан аттап кетпейді. Сондықтан қазақ мысал өлеңдерінде аю бейнесі жоқ. Өздері бүтін араласпаған аңды мысал өлеңдеріне арқау етіп алмаған. Сюжетке қоспаған, өз танымына араластырмаған.

Қасқыр, аю, арыстан бейнелері бар мысал өлеңдер мазмұны соңында осы аталған кейіпкерлер жеңіледі. Бұлар жағымсыз образдар.

Барлық мысал өлеңдер ішінде ерекше көрінер бір аң ол-түлкі. Түлкі айлакер әрі қу адамның образында жүреді. Әр тұста түлкі сәл басқаша көрінгенмен негізінде түлкі жағымсызға жақын.

Түлкі туралы аңыз әңгіме мен мысал өлеңдер адамзаттың бәріне ортақ. Бұның себебі түлкі аңының мекен етер жерлерінің кеңдігі болса керек.

Түлкі жайлы ежелгі аңыздардың бірі Дионис өсірген «тевместік түлкі». Бұл түлкі әр ай сайын бір бозбаланы жей бастаған. Соңында оны қуып шыққан ит пен түлкіні Зевс тасқа айналдырып жібереді. Бұл жерде түлкі әлдебір тылсым күшпен, зорлық иесі сияқты танылады.

Біздің заманымызға дейінгі 2000 жылғы оңтүстік америкалық аңыздарында түлкі көктен адамдарға тамақ әкелетін құдірет иесі екені олардың пұтханасында суретке салынған. Демек түлкі ежелден белгілі персонаж.

Эзоптың «Бүркіт пен түлкі» мысалында екі жыртқыштың қатар өмір сүре алмайтынын көреміз. Достықта күн кешпек болған екі аң аяғында бірінің баласын бірі жеп тынады. Бұдан туатын қортынды досты дұрыс таңдау керек екендігі насихат етіледі.

Түлкі туралы Еуропаның аса ірі туындысы «Түлкі туралы роман».

Ренардың бұл шығармасы өз кезінде соншалықты ерекше дүмпу тудырған шығарма. Түлкі жайлы мысал өлеңдер, ертекер үнді елдерінен, Византия арқылы жеткен оқиғаларды еуропа жұрты жаңаша танып, ұғынды. Сонымен бірге түлкі жайлы ұғынымдар бекітілді.

И. О. Крыловтің «Түлкі» жайлы мысал өлеңінде суат басындағы құйрығы суға қатқан қу жөнінде әңгіме болады. Еріксіз құйрығын қасқыр көмегімен кесіп тастап кеткені жайлы осы туынды. Бұнда ыңғайсыз жағдайдағы түлкі, озбыр күшті қасқыр басындағы оқиға шұғыл басталып шалт бітеді. И. О. Крыловтің «Құрлысшы Түлкі» мысал өлеңінде туықтарға қора салған түлкі туралы баян етіледі. Бұл шығарманың дүниеге келген уақыты 1815 жыл. Яғни орыс елін сақтап отырмын деген орыс патшасының шын пиғылы ашылған. Өзі салған тауыққора ішінен тауықты ұрлап жеп отырған түлкі ісі өз кезеңінің көрінісі.

А. Құнанбаевтің «Қарға мен түлкі» мысал өлеңінде түлкілік кейіптің бар бояуын ашады.

Жұрт біледі, күледі,
Сұрқия тілдің жаманын,
Қошеметшілдердің амалын.
Сонда да солар қайда жоқ?
Ептеп айтса, ересің,

Артынан өкінсең де, пайда жоқ... [8, 73].

Мақтауға ерген қарғаның қалай ірімшігінен айрылғаны да сөз болады мысал өлеңде.

Есек, жылқы т.б. кейіпкерлер де адам бойындағы бар қасиетті паш етеді.

Бұл мысал өлеңнен бөлек бағыттағы тағы бір арна шығыстық мысал өлеңдер. Жалпы хадистердің өзі тәрбиелік мәні бар тәпсірлер.

Шығыстық мысал өлеңдер бұған дейін бабылдық-шумерлік мотивтерді бойына сіңірген шығармалар екені белгілі. Кей тұстарда шығыс мысал өлеңдер бүтін бір ансамбль құрып кешендік түр алып кетеді.

Мысалы «Тоты-нама» осының бір шырайлы үлгісі [9, 273]. Бұған тіпті «Мың бір түн» сияқты классикалық еңбектер енеді.

Шумер әдебиетінің ең алғашқы мысалдары бір ғана сөздерден құралса да, терең мағына беретін.

Мысалы иттің иесіне айтқан сөзі; «егер сен менің қуанышыма қуанбасаң. Жоғалғаным да ренжімейсің».

Бұны ағылшын әдебиетшілері «веллеризм» деп жүр. Яғни, ілініп қалған сөз. Біз осы үлгіге қарап мысал өлеңдердің негізгі міндеті тәрбие екенін білеміз.

Осы алғашқы варианттарында қысқа нақылдар қалпында пайда болып кейбіреулері мысал өлеңдерге айналған. Мысал өлеңдердің оу бастағы қалпы мақал болатын.

Әсіресе арабтық кезеңде мысал нақылдар екі түрлі бағыт алды бірі ешкім білмес әлдекімдер болса, келесілері белгілі жандар жайлы болды.

Жәмидің айтуындағы «Ибн-Сина мен ауру» нақылдық мысал өлеңі адам психиатрлық жағдайы қандай боларын, тіпті қалай емдеу керектігі көрсетсе керек.

«Зұлқырнайын және оның қолбасшылары» атты мысалда билік иесінің қандай ақыл мен ойға ие болу керектігі айтылады.

Шығыс мысал өлеңдерінде соқыр адам, міскін адам, шарап, сұлу қыз секілді көркем персонаждар мүлдем басқа ұғыммен ұсынылады.

Бұның ерекше үлгісі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Жарты нан» мысал өлеңінде анық танылады [10, 80]. «Шайтанның саудасы» тектес туынды да мысал өлеңінің классикалық түріндегі әлем әдебиеті қазынасы.

Қорытынды

Зерттей келе түсінеріміз, мысал өлеңдер жанрының оқиғалары адамзаттық мұра.

Бұндағы сюжеттер бір ғана жұрттың жиғаны емес, келесі елге ауысып жаңғырып, ыңғайына қарай өзгеріп отырар жанр екенін таныдық.

Мысал өлеңдер жанры мазмұнын туыстар халықтар ішінен бастап, іргелес елдегі өзгерісіне қарау керек.

Мысал өлеңдер жанрындағы кейіпкерлер трансформациясын сол елдің басынан өткен тарихи, діни өзгерістермен бірге зерттеу пайдалы болмақ.

Мысал өлеңдер оқиғасы өзгеруі арқылы сол елдің әдебиетінің қарымының өсу я бәсең тарту индексі анықтау ләзім.

Демек, осы әдістер мысал өлеңдердің морфологиясын ашып тануға мүмкіндік береді.

Біздің бұл шағын зерттеуіміз бұған дейін салыстырмалы әдебиетте қақас қалып келе жатқан мысал өлеңдер жанры мазмұнына, структурасына, фабула, композициясына жаңаша қарауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Бүгінгі кәсіби әдебиет басында мысал өлеңдер түр. Осы жанр мазмұнын ұғынған кезімізде әдебиетті түсінеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Фрэззер, Дж.** Золотая ветвь – М. : Издательство политической литературы, 1986. – 707 с.

2 **Крылов, И. А.** Полное собрание сочинений – М. : Гос. Изд-во худож. Лит. 1945 – 1946. – 463 с.

3 **Елікбаев, С. Т.** Қазақ әдебиетіне арналған хрестоматия, 10 сынып – Астана : «Арман-ПВ», 2006. – 415 б.

4 **Елікбаев, С. Т.** Қазақ әдебиеті, 10 сынып – Астана : «Арман-ПВ», 2006. – 351 б.

5 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол – Алматы : Жалын, 1991. – 461 б.

6 Абай – Алматы : Жазушы, 1986. – 200 б.

7 **Қоңыратбаев, Ә.** Ақ жол. – Алматы : Ғылым, 1987. – 365 б.

8 **Мәшһүр-Жүсіп.** Шығармалары. 4-том. – Павлодар : ЭКО, 2004. – 535 б.

9 Краткая литературная энциклопедия – М. : Советская энциклопедия, 1962. – 707 с.

10 Мифы народов мира – М. : Советская энциклопедия, 1992. – 719 с.

REFERENCES

1 **Fraser, J.** Zolotaya vetv [The Golden Bough] – Moscow : [Moscow : Publishing House of Political Literature], – 1986. – 707 p.

2 **Krylov, I. A.** Polnoe sobranie sochineniy [The Complete Works]. – Moscow : State University. Fiction. Lit, 1945 – 1946. – 463 p.

- 3 **Elikbayev, S. T.** Qazaq adabietine arналған chrestomatiya, 10 synyp [Anthology of Kazakh literature, 10 grade] – Astana : «Arman-PV», 2006. – 415 p.
- 4 **Elikbayev, S. T.** Qazaq adabietini, 10 synyp [Kazakh literature, 10 grade]. – Astana : «Arman-PV», 2006. – 351 p.
- 5 **Baitursynov, A.** Aq Zhol [White Road] – Almaty : Zhalyyn, 1991. – 461 p.
- 6 **Abay, K.** Abay. – Almaty : Zhazushy, 1986. – 200 p.
- 7 **Konyratbayev, A.** Aq Zhol [White Road]. – Almaty : Gylym, 1987. – 365 p.
- 8 Mashhur-Jusip. Shygarmalary 4-tom [Works Volume 4]. – Pavlodar : ECO, 2004. – 535 p.
- 9 Kratkaya literaturnaya encyclopedia [A short literary encyclopedia]. – Moscow : Sovetskaya encyclopedia, 1962. – 707 p.
- 5 **Pogozheva, E. Yu.** Rasvitie rechi u nositelei rasnosistemnyh jasykov : k problem polijasychnogo obrasovaniya [Speech development in speakers of diverse languages: on the problem of multilingual education] [Text] // «Innovazii v tehnologijach i obrasovanii»: materialy X Mezhdunarodnoi nauchnoi konferenzii. – filial gosudarstvennogo obrasovatel'nogo uchrezhdenija vysshego obrasovaniya «Kusbasskii gosudarstvennyi tekhnicheskii universitet im. T. F. Gorbacheva». – Belovo : 17–18 marta, 2017. – P. 343–346.
- 6 **Kolesnichenko, L. V.** Obuchenie nositelei rasnosistemnyh jasykov nauchnomu stilju rechi. – Filologicheskaya nauka i shkola : dialog i sotrudnichestvo: sbornik trudov po materialam nauchno-metodicheskoi konferenzii [Teaching native speakers of diverse languages to the scientific style of speech] [Text]. – Moscow : Russkaya shkola, MIOO, 2010. – P. 115–118.
- 7 **Islamshin, R. A., Gabdulhakov, V. F.** Teorija i praktika formirovaniya kommunikativnoi kultury v shkole [Theory and practice of forming a communicative culture in school] : – Minsk: Belorusskaja zifrovaja biblioteka LIBRARY.BY, 17 oktjabrja 2007. – [Electronic resource] http://library.by/portalus/modules/shkola/readme.php?subaction=showfull&id=1192625762&archive=1196815384&start_from=&ucat=& (Free access).
- 8 **Safonova, V. V.** Bilingvalnye obrasovatelnye programmy kak instrument obnoveniya soderzhaniya jasykovogo shkolnogo obrasovaniya [Bilingual educational programs as a tool for updating the content of language school education] [Text] // Inostrannye jasyki v shkole. – 2010. – № 3. – P. 32–44.
- 9 **Gabdulchakov, V. F.** Sovremennaja jasykovaja situazija i tehnologii rasvitija rechevoi dejatel'nosti v usloviyach bilingvisma [Modern language situation and technologies of speech activity development in the conditions of bilingualism] [Text]. – Kasan, 1999. – 207 p.

10 <https://blog.anketolog.ru/2014/08/shkala-laikerta/> [Electronic resource]

11 Nezhnov P. G., Gorbov S. F., Sokolova O. V. Metodologiya rasrabotki testov SAM [Methodology of SAM test development] [Electronic resource]. – http://sam.ciced.ru/docs/ru/Test_items_design.pdf

Material received on 13.06.22.

*Е. Ю. Погожева¹, Е. А. Журавлева²

^{1,2}Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
Материал баспаға 13.06.22 түсті.

КӨПТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮЛҒАНЫҢ ТІЛДІК ДАМУЫ

Бұл мақалада қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдай контекстінде көптілді білім беру жүйесіндегі тұлғаның тілдік дамуының өзекті мәселелері қарастырылады; проблемалар мен оларды шешудің перспективалық жолдары сипатталады.

Келесі шет тілдерінің әрқайсысын зерделеу кезінде білім алушылардың тілдік құрылысында осы тілдің лексикалық бірліктері мен грамматикалық ережелері «қамтылған» жаңа дербес функционалдық жүйе қалыптасады. Сонымен бірге тұжырымдамалық идеялардың жалпы қоры дамып, байытылуда.

Шет тілдерін оқытудың нысаны – мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында әрекет етуге мүмкіндік беретін ақпараттық қабілеттері мен құзыреттері бар көпмәдениетті көптілді тұлғаны қалыптастыру. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда қос тілді бағдарламалар қос тілді емес бағдарламаларға қарағанда тиімдірек деген қорытындыға келді. Оқушылардың психологиялық дайындығы, пәнге деген қызығушылығы және тілді меңгеру деңгейін арттыру туралы жинақтау нәтижесінде алынған ақпарат оқытылатын пән бойынша сапа көрсеткіштеріне қол жеткізу және дамыту мүмкіндіктері мен ресурстарын бағалауға, тілдік дағдыларды меңгеру, қиындықтардың көрінісін болжауға мүмкіндік берді.

Кілтті сөздер: көптілділік, көпмәдениеттілік, тілдік даму, семантикалық бірліктер, шет тілдік белгілер жүйесі.

*Е. Ю. Погожева¹, Е. А. Журавлева²

^{1,2}Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ЯЗЫКОВОЕ РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧИЯ

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы языкового развития личности в системе полиязычного образования в контексте современной социокультурной ситуации; описываются проблемы и перспективные пути их решения.

Сделана попытка доказать, что при изучении каждого из последующих иностранных языков в языковом сознании обучающихся формируется новая автономная функциональная система, в которой «содержатся» лексические единицы и грамматические правила данного языка. При этом развивается и обогащается обций фонд концептуальных представлений.

В качестве цели обучения иностранным языкам становится формирование поликультурной многоязычной личности, обладающей информационными, коммуникативными и интеллектуальными потребностями, способностями и компетенциями, которые позволяют ей действовать в условиях межкультурного общения. Был сделан вывод о том, что при условии правильной организации, программы обучения на двух языках более эффективны, чем недвужычные программы. Полученная в результате сбора информация о состоянии психологической готовности учащихся, заинтересованности в предмете и повышении уровня владения языком позволила оценить возможности и ресурсы достижения качественных показателей по изучаемому предмету и развитию языковых навыков, предусмотреть проявление затруднений.

Ключевые слова: полиязычие, поликультурность, языковое развитие, смысловые единицы, иноязычная знаковая система.

***Қ. Қ. Сарекенова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША
ТЕЗАУРУСТЫҚ ТАЛДАУ**

Бұл мақалада қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармалары бойынша ғылым-білімнің нәтижесі жайында тезаурустық талдау жасалып, ойшыл-ақынның ғылым мен білімді жеріне жеткізіп айтқаны, өзі ғылым мен білімді өте жақсы білген және түсінгендігі айқындалған. Абай Құнанбайұлы ғылым мен білімді жай ғана сауатты болу үшін емес, оған белгілі бір нәтижені айқындап бергендігін және білім мен ғылымды үйренудің басты екі мақсатын көрсеткені айтылған. Оның бірі – Абай шығармаларының басты концепциясы «кемел адам» болу үшін қажет екендігі, екіншісі білім мен ғылым арқылы Қазақтың Тәуелсіздігіне қызмет ету керек екендігі ақынның өлеңдері мен Қара сөздерін арқылы дәлелденеді. Абай Құнанбайұлы шығармаларында келтірілген ғылым мен білімге қатысты тұжырымдардың қазіргі таңда да күн тәртібінен түспеген өзекті мәселелер екені қазіргі жағдаймен салыстырыла зерделенеді. Абай Құнанбайұлы шығармаларында білім мен ғылымға қатысты сөздерге тезаурустық талдау жүргізіліп, олардың мағыналары мен қолданылу жиілігіне статистикалық мәліметтер келтірілген. Қорытындылай келгенде, мақалада ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тапқан Абай Құнанбайұлының еңбектерінде Ғылым мен білім мәселесінің алар орны ерекше екендігі анықталған. Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP09259039 – Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Кілтті сөздер: қазақ, Абай Құнанбайұлы, Қара сөздер, өлең, білім, ғылым, сөз мағынасы.

Кіріспе

Абай Құнанбайұлының шығармаларында ең негізгі тірек ойдың бірі – ғылым мен білім. Жалпы кез келген адам, кезген келген ұлт дұрыс өмір сүру үшін, ең алдымен ғылым мен білім керектігін ойшыл ақын дөп басып айтқан.

Хакім Абайдың қара сөздерінде де, Ақын Абайдың өлеңдерінде де тірек ұғымның бірі ғылым мен білімді сол заманға қатысты жақсы түсіндіріледі. Әйтсе де қазақтың ұлы ақынының айтқан ойлары қазіргі уақытта да өзекті.

Абай Құнанбайұлының еңбектері бойынша Ғылым мен білімге қатысты қандай мәселелерді қарастыруға болады десек, мынадай мәселелерді көрсетуге болады деп ойлаймыз. Түзілген тезаурус бойынша, алдымен, Ұлы ойшыл-ақын үшін Ғылым мен білім дегеніміз не, яғни оған қандай анықтама беруге болады? Ары қарай, анықтамасын біліп алғаннан кейін Ғылым мен білімге қол жеткізудің жолдары, Зерттеудің әдістері, Ғылымның салалары, Ғылым мен білім нәтижесі, Ғылым мен білімді сақтау жолдары, Ғылым мен білімді сақтауға кесірін тигізетін нәрселер мен Ғылым деген кім деген мәселелердің ерекшеліктерін Абай Құнанбайұлының Қара сөздері мен өлеңдері арқылы түсіндіруге болады деп ойлаймыз.

Біз бұл мақаламызда Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ғылым-білімнің пәні мен нысанын және оның қандай мақсатта пайдалануға болатынын түсіндіруге тырыспақпыз.

Материалдар мен әдістер

Мақала жазу үшін материал ретінде 2002 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан шыққан Абай Құнанбайұлының шығармаларының екі томдық толық жинағы пайдаланылды.

Мақалада салыстырмалы-тарихи, диахрониялық-синхрониялық, психолингвистикалық, лингвомәдени, когнитивтік, коммуникативтік әдістер, статистикалық әдістердің элементтері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи, әдіс арқылы ғылым мен білім ұғымының генезисі мен олардың басқа тілдердің лексикасымен байланысы қарастырылды. Сондай-ақ бұл әдіс арқылы қазақ тілінің тарихи қалыптасқан варианттары (көне варианты мен жаңа варианты) бір-бірімен салыстырылады. Мақала кешенді тәсілде жазылды. Ғылымтанудың қағидасы бойынша, жаңалық әрқашан ғылымдардың не болмаса салалардың түйістерінен келіп шығады. Осы қағидаға сүйенсек, кешенді әдісті қолдану арқылы психолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика мен Абай шығармаларының мәтіндерін пәнаралық әдістер арқылы зерделенді. Сонымен қатар зерттеудің сипаттамалық әдісі арқылы Абай шығармаларындағы ғылым мен білімге қатысты тілдік фактілер теріліп алынып талданды, синтезделді. Бұл әдіс арқылы, біріншіден, нысанға алынған мәтіндердің құрылымы анықталды, екіншіден, ғылым мен білімге қатысты семантикалық сипаттар айқындалды. Тілтану мен философияның, таным теориясының әдістерін байланыстырып зерттеу арқылы Абай шығармаларындағы ғылым мен білімнің концептуалдық, дүниетанымдық маңызы айқындалады.

Нәтижелер мен талқылау

Абай Құнанбайұлының ғылым мен білімді жеріне жеткізіп айтқаны, өзі ғылым мен білімді өте жақсы білген және түсінгендігін Ахмет Байтұрсынұлының пікірімен келтірсек: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп, тайсақтап, тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Льюс, Дрепер деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған [1]. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған, сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар», – дейді, кезінде «Қазақтың бас ақыны» деп мақала жазған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы [2, 593 б.].

Ғұлама Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ең негізгі тақырып Ғылым мен білім екенін «Абай тілінің сөздігіндегі» сөздердің қолданылу жиілігінен де көре аламыз. Алу, беру, болу секілді қазақ тіліндегі ең белсенді қолданылатын етістіктерді айтпағанда, Адам, бала секілді зат есімдерден кейінгі орында тұрған осы ғылым, білім сөздері екендігіне көзіміз жетті. Мысалы, «Ақыл» сөзі – 199 рет, білім – 31 рет, білімді – 8 рет, ғалым – 15 рет, ғылым – 111 рет, ғылым-білім – 4 рет жеке тұрған сөз ретінде пайдаланылған. Бұл біз негізгі сөздерді ғана келтірдік, білім мен ғылымға қатысты сөздерді барлығын келтірсек, бұл тізімді ары қарай толықтыра беруге болады [3].

Ғылым мен білімнің нәтижесі. Ғылым мен білімнің нәтижелері туралы Абай Құнанбайұлының қырық үшінші Қара сөзінде келтіріледі.

Ғылым мен білімді меңгерген адам әділетке қол жеткізеді. Яғни Ғадалатқа жету дегеніміз, өз өміріне жауапкершілікпен қарап, не нәрсені де адамгершілікпен шешу. Яғни Абай Құнанбайұлы шығармаларының негізгі концепциясы **«ТОЛЫҚ АДАМ»** болу, ол он жетінші Қара сөздегі Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің Ғылымға келіп жүгінуі, бұл жерде адамның өз өміріне, өзіне өзі қожалық етуіне келіп тіреледі екен, яғни рухани тәуелсіздікке қол жеткізеді. Енді осы Он жетінші Сөзді түгел келтіргіміз келіп отыр. Бұл жерде негізгі концепция ашылып, Ғылымның нағыз мақсатына жетуі туралы айтылған:

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің, дүниеде ешнәрсе менсіз кәметке жетпейтұғынын; әуелі, ғылым, өзінді білуге, ерінбей-жалықпай ізденіп, үйреніп, орнына келтірмек – менің ісім. Құдайға лайықты

ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкерліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?», – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?», – депті.

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын аламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

«Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті.

«Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман», – депті.

«Сен үшеуіңнің басынды қоспақ – менің ісім», – депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

«Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіне жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін де жүрекке билет», – деп ұқтырып айтушының

аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті.

Осы он жетінші Сөзді Абай Құнанбайұлы «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде кестелі сөзбен былай өрнектеген:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Немесе «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» деп басталатын өлеңінің соңғы шумағын қарап көрейік:

*Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Бістық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.*

Профессор Т. Рысқалиевтің пікірі бойынша: «Адам қалай толық, жетілген тұлға болады? Абайдың жауабы қысқа, қысқа болса да нұсқа: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», – дейді. Тағы бір жерде: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек», – деп өз ойын нақтылай түседі. Адамның басқа қасиеттері осыдан шығады. «Адамзатқа не керек? Сүймек, сезбек, күйінбек, hareket қылмақ, жүгірмек. Ақылмен ойлап сөйлемек», – деп, Абай ақыл, қайрат, жүректің қалай іске асатынын көрсетеді. Батыс философиясында ақыл туралы көп айтылады. Қайратқа, практикалық ақылға, дүниені өзгертуге көп мән беріледі. Бірақ классикалық, ғылыми философияда жүрек туралы сөз болмайды. Тек бір тамаша ойшыл Блез Паскаль таным құралдарының

қатарына ақыл, парасатпен бірге жүректі қосады. «Біз ақиқатты ақыл арқылы ғана емес, жүрек арқылы да тани аламыз», – деп жазады. Жүрек нені тани алады? Сыртқы дүниені ме? Жоқ. Адам өмірінің қырлары мен сырларын. Абайдың даналығын, тереңдігін адам өміріндегі жүректің ерекше рөлін ашып көрсетуінен аңғаруға болады. Бұл арада біз тағы да Абаймен бірге әлемдік философия деңгейіне шыға аламыз. Абайда даналық деген атына сай келетін нағыз философия бар екендігіне тағы да куә боламыз. Бір ғажабы – Абай ақылды, қайратты жүрекке бағындырып қояды. Бұлар «өзім білемдікке», «әлім жеттікке» салынып, көп нәрсені бүлдіруі мүмкін. Адам өмірінде бәрі жүректің әмірімен, қалауымен болады дейді. Құдайды қалайтын – жүрек. Адамды адамға қосатын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүректің қалауы. «Әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық» – бәрі де жүректен шығады (он жетінші сөз). «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі. Ар-ұяттың бір ақыл күзетшісі» – деген де Абай. Абай ақылдың жайын терең түсінеді. Ақылды адам сөзге ден қояды, сөзді ұғады. Ақылсыз адам, керісінше, «сөзге ынтасыз» болып келеді. «Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді...» – дейді» [4].

«Ұлттық мәдениетті дамытуда материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын ұлттың мәңгі негіздері мен көздері ретінде дамыту, Батысқа көзсіз еліктеуге байланысты туындаған мәселелер, т.б. қазіргі қазақ қоғамындағы ұлт мәдениетін қалыптастыруға қатысты дінге де назар аударудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Әрине, толық өркениетті елдің бірден-бір критерийі дін бола алмайды [5, 282]. Дегенмен, «Батыс адамы дүниемен, табиғатпен, өзі сияқты басқалармен күресуде. Шығыс адамындағы күрес пафосы – керісінше; ол өзімен-өзі, өзіндегі толымсызбен күреседі» [6], – деген сияқты тұжырымдар негізсіз емес.

Сонымен, нәтижеге де келіп жеттік. Яғни Ғылым мен білімді меңгерген адам «Толық адам» болады екен.

Білім мен ғылым мәселесінің өзектілігі күн тәртібінен түспейтінін ҚР Президенті Қ. К. Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтады: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу,

алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу» [7].

Академик З. Ахметовтың «Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі – міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл творчествосының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететініне үлкен сенім артады» [8, 75 б.] деген пікірі де сөзімізді нақтылай түседі.

Бұл пікірді, Абай шығармаларының тілін арнайы қарастырған академик Р. Сыздықтың «Азаматтық сипаттағы оқу-ағарту мен ғылым-білімге қатысты сөздер Абай өмір сүріп, жазушылық құрған XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ тілі тарихында маңызды рөл атқарған мәдени факторлардың бірі – білім тарату ісі болды. Мұның өзі екі түрлі: діни және дүниауи, яғни азаматтық (орысша светское, гражданское образование). ... Сондықтан Абай лексикасынан азаматтық уклондағы оқу-ағартуға және жалпы білім-ғылымға байланысты көне-жаңа едәуір сөзді тауып, талдауға болады, – деп, Абай Құнанбайұлы шығармаларында кездесетін білім-ғылымға байланысты *мектеп, школ, медресе, оқу, интернат, ұстат (ұстаз), шәкірт, білім, ғылым, ғалым, хакім, сабақ, жазу, хат, түркітану, кітап, қаріп, қалам, сия, қағаз т.б.* білім-ғылымға қатысты сөздерге толықтай лексикалық талдау жасайды [9, 217–225 б.].

Жалпы ғылым дегеніміз не деген сұраққа жауап іздер болсақ, Түсіндірме сөздіктерде: «Ғылым (лат. scientia – білім) – уақыт пен кеңістікте бар, зерттеуге болатын шынайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын объективті түсіндіретін, эксперимент пен бақылауға негізделіп, математикалық есептеуді қолданып, жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы. Жалпы тұрғыда ол жүйелі білім мен ғылыми тәжірибені меңзесе, ал, арнайы мағынада ғылыми әдістер арқылы жинақталған логикалық білім жүйесін көрсетеді. Яғни, ғылым ғылыми білімдерді ғана емес, сол білімдерге қол жеткізудің барлық жолдары мен әдістерін түгел қамтитын біртұтас кешенді жүйе», – деп түсіндірілген [10, 183 б.].

Яғни Ғылым деген сөзді латын тілінен аударса, білім деген сөзбен түсіндіріліпті. Абай Құнанбайұлының Бірінші Сөзіндегі: «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсінде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік», – деп,

ғылым туралы ойын айтып алады. Ал Отыз сегізінші Сөзінде: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады», – дейді. Яғни әр нәрсенің түбін, кереметін білмекке деген ынтаның өзі, сөздікте түсіндірілген: «зерттеуге болатын шынайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын жайында жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы» деген анықтаманы басқаша түсіндіру деп есептейміз.

Қорытынды

Сонымен, мақаламызды қорытындылай келе айтарымыз, Абай Құнанбайұлының еңбектері бойынша Ғылым мен білімге қатысты тезаурустық түзілімді мынадай мағыналарда қолданылады: Ұлы ойшыл-ақын үшін Ғылым мен білім дегеніміз не, яғни оған қандай анықтама беруге болады? Ары қарай, анықтамасын біліп алғаннан кейін Ғылым мен білімге қол жеткізудің жолдары, Зерттеудің әдістері, Ғылымның салалары, Ғылым мен білім нәтижесі, Ғылым мен білімді сақтау жолдары, Ғылым мен білімді сақтауға кесірін тигізетін нәрселер мен Ғылым деген кім деген мәселелердің ерекшеліктерін Абай Құнанбайұлының Қара сөздері мен өлеңдері арқылы түсіндіруге болады деп ойлаймыз.

Біз бұл мақаламызда Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ғылым-білімнің пәні мен нысанын және оның қандай мақсатта пайдалануға болатынын қарастырдық.

Ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттық әдеби тілдің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған және өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тапқан Абай Құнанбайұлының еңбектерінде Ғылым мен білімнің алар орны ерекше.

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № АР09259039 «Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы»).

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бөкейхан, Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы: [Электронды ресурс] <https://abai.kz/post/12396>
- 2 Байтұрсынұлы, А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
- 3 Абай тілі сөздігі. – Алматы : Өнер, 2011. – 616 б.
- 4 Рысқалиев, Т. Абай жолымен жүрген ел озады: [Электронды ресурс] – https://www.inform.kz/kz/abay-zholymen-zhurgen-el-ozady-tilekzhan-ryskaliev_a3606402

5 **Манкеева, Ж.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Абзал-Ай, 2014. – 640 б.

6 **Хамидов, А.** Шығыс және Батыс : дүниелік қатынас және дүниетаным / А. Хамидов // Шаһар. – 1993. – № 1. – Б. 11.

7 **Тоқаев, Қ. К.** Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан: [Электронды ресурс] – www.akorda.kz

8 **Ахметов, З.** Абайдың ақындық әлемі. – Алматы : Ана тілі, 1995. – 272 б.

9 **Сыздықова, Р.** Абай шығармаларының тілі. – Алматы : Ел-Шежіре, 2014. – 384 б.

10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

REFERENCES

1 **Bökeihan, Ä.** Abai (Ibrahim) Qūnanbaiūly [Abay (Ibrahim) Kunanbayuly] [Electronic resource] – <https://abai.kz/post/12396>

2 **Baitürsynūly, A.** Qazaq tıl bılıminıñ мәseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : Abzal-AI, 2013. – 640 p.

3 Abai tılı sözdıgı [Dictionary of the Abay language]. – Almaty : Öner, 2011. – 616 p.

4 **Rysqaliev, T.** Abai joly men jürgen el ozady [The country that follows the path of Abay is ahead] : [Electronic resource] – https://www.inform.kz/kz/abay-zholymen-zhurgen-el-ozady-tilekzhan-ryskaliev_a3606402

5 **Mankeeva, J.** Qazaq tıl bılıminıñ мәseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : Abzal-AI, 2014. – 640 p.

6 **Hamidov, A.** Şyğys jäne Batys: dūnielik qatynas jäne dūnietanym [East and West : worldview relations and worldview]. / A. Hamidov // Şahar. – 1993. – №1. – P. 11.

7 **Toqayev, Q. K.** Abai jäne ХХІ ғасырдағы Qazaqstan [Abay and Kazakhstan in the ХХІ century]: [Electronic resource] – www.akorda.kz

8 **Ahmetov, Z.** Abaidyñ aqyndyq әlemi [The poetic world of Abay]. – Almaty : Ana tılı, 1995. – 272 p.

9 **Syzdyqova, R.** Abai şyğarmalarynyñ tılı [Language of Abay's works]. – Almaty : El-Şejire, 2014. – 384 p.

10 Qazaq tılınyñ túsındırme sözdıgı [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. – Almaty : Daik-Press, 2008. – 968 p.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

*К. К. Сарекенова

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан
Материал баспаға 13.06.22 түсті.

ТЕЗАУРУСНЫЙ АНАЛИЗ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ КУНАНБАЙУЛЫ

В данной статье проведен тезаурусный анализ науки и образования в произведениях великого казахского поэта Абая Кунанбайұлы и раскрывается то, что поэт является философом, который прекрасно обладал знаниями и наукой и распространял знания и науку в своем родном крае. Абай Кунанбайұлы подчеркнул, что наука и знание не просто должны быть качественными, а задали ему определенную задачу и обозначили две главные цели в изучении знания и науки. Одной из них является то, что основная концепция произведений Абая необходима для того, чтобы быть «совершенным человеком», другой - чтобы служить независимости казахов через знание и науку. Выводы, касающиеся науки и образования, приведенные в произведениях Абая Кунанбайұлы, изучаются в сопоставлении с тем, что в настоящее время остаются актуальными и сегодня. В работах Абая Кунанбайұлы проведен тезаурусный анализ слов, относящихся к образованию и науке, приведены статистические данные по их значениям и частоте употребления. В заключение следует отметить, что вопросы знаний и науки занимают особое место в трудах Абая Кунанбайұлы, в которых отражены национальное самосознание, мир, быт, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет, язык, дух. Статья написана в рамках научного проекта «AP09259039 – поэтический тезаурус стихов Абая», финансируемого грантом МОН РК.

Ключевые слова: казах, Абай Кунанбайұлы, слова назидания, поэма, образование, наука, значение слова.

*К. К. Сарекенова

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 13.06.22.

THESAURUS ANALYSIS OF THE WORKS OF ABAY KUNANBAYULY

In this article, a thesaurus analysis of the results of science and education based on the works of the Kazakh poet Abay Kunanbayev and reveals that the poet is a philosopher who perfectly possessed knowledge and science and spread knowledge and science to his native land. Abay Kunanbayuly stressed that science and knowledge should not just be literate, but set a specific goal for him and outlined two main goals in the study of knowledge and science. One of them is that the basic concept of Abay's works is necessary in order to be a «perfect person», the other is to serve the independence of the Kazakhs through knowledge and science. The conclusions concerning science and education presented in the works of Abay Kunanbayuly are studied in comparison with the fact that at present issues that were not included in the agenda remain relevant. In the works of Abay Kunanbayuly, a thesaurus analysis of words related to education and science is carried out, statistical data on their meanings and frequency of use are given. In conclusion, it should be noted that the issues of knowledge and science occupy a special place in the works of Abay Kunanbayuly, which reflect national identity, world, life, life, worldview, character, soul, religion, mentality, language, spirit. The article was written within the framework of the scientific project «AP09259039 – Poetic thesaurus of Abai's poems», funded by a grant from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: kazakh, Abay Kunanbayuly, words of edification, poem, education, science, meaning of the word

FTAMP 17.09.91

<https://doi.org/10.48081/MMVA6275>***С. Н. Сүтжанов¹, Б. Ш. Құралқанова²****Э. С. Құрманғожаева²**^{1,2}Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

^{3,2}Алматы менеджмент университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»

Мақалада ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-тарихи жағдайларға орай қазақ зиялыларының, оның ішінде алашшыл әдебиет өкілдерінің ұлттық идеясының азаттық-ағартушылық арнада тоғысулары сөз болады.

Шынында, өткен ғасырлар тоғысында ұлт келешегі үшін аса қажетті оқу-ағарту мәселелері зиялы қауым өкілдерін түгел толғандырды. Ұлт үшін ұлардай шулаған ұлдар өздері шығарған газет-журнал беттері мен кітаптарда бұл мәселені бірінші кезекке қойды. Жәдитті жақтап, халқын өнер-ғылымға, іргелі ел болуға үндеген Алаш ардақтылары елді бостандыққа, еркіндікке шақырды.

Жазылымда қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңіндегі азатық-ағартушылық, ұлттық сарынның дәстүрлі жалғастығы Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт шығармалары негізінде дәйектеледі. Сондай-ақ қаламгерлер туындыларындағы ұлттық, елілдік сарынның қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен байланыстылығы, төл сөз өнеріміздің тақырыптық, идеялық тұрғыда дамуына да әсер-ықпалы үнемі сабақтастырыла талданған. Ұлт-азаттық идеяның тууына ықпал еткен көркемдік ойлау, оның жанрлық сипаты, тақырып ерекшелігі, мазмұн сонылығы, пішін өзгешелігі қоғамдық үрдіспен тығыз байланыста зерделеніп, ғылыми танымнан өткізілді. Осындай ғылыми ізденістер нәтижесінде қаламгерлердің жаңашыл қырлары сараланып, тиісті баға берілді. Мақала авторлары тақырыпқа қатысты сыныш, ғалымдардың еңбектерінде айтылған ғылыми тұжырымдарды түгел ескеріп, өзіндік ой-пікірлерін де білдірген.

Кілтті сөздер: алашшыл әдебиет, ұлттық идея, көркемдік ойлау, тақырып, жанр, әдеби сабақтастық.

Кіріспе

XX ғасыр басындағы әдеби үрдісте сол тұстағы тарихи-мәдени жағдайға орай туындаған әрі қазақ көркем сөз өнеріне арқау болған ұлт-азаттық идеяға негізделінген алаштық әдебиет өкілдерінің шығармалары зерттеу объектісіне алынды.

Сол тұстағы қоғамдық-тарихи факторларға байланысты ұлт келешегі зиялы қауым өкілдерін түгел толғандырды. Халқын өнер-ғылымға, іргелі ел болуға үндеген ұлт зиялылары елді бостандыққа, еркіндікке шақырды. Алаш арыстарының ұлттық идеяны азаттық-ағартушылық арнада тоғыстырып, шығармашылықтарында арқау еткені тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Сонымен бірге зерттеу тақырыбына қатысты қазіргі таңда жинақталған тың материалдар пайдаланылды. Жазу барысында ғасыр басындағы елшіл-азатшыл тұрпатта жазылған туындылардың көркемдік пішінін пайымдай отырып, жанрлық сипатын, көркемдік-эстетикалық деңгейін айқындау да нысанаға алынды.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың материалы ретінде XX ғасыр басындағы әдебиет туралы зерттеулер, алашшыл әдебиеттің қайраткерлері, ақындарының еңбектері алынды. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді сұрыптау, талдау, тарихи-салыстырмалы, мәтіндік талдау, жүйелеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелерді талқылау

XX ғасыр басындағы Ресей қоғамындағы саяси-әлеуметтік жағдай, соған орай туындаған факторлар империяның шығыс өңірін мекендейтін халықтардың этникалық, тілдік және діни тұрғыда тұтаса түсуіне итермеледі. Әсіресе 1905–1907 жылдардағы революциялық қозғалыстар Ресей мұсылмандарының саяси-идеялық тұрғыда өсуін тездетті және ұлттық рухының оянуы мен нығаюына әрі демократиялық ұстанымдардың сақталуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Бәрінен де ұлт ретінде жойылып кету қаупін тудырған отаршылдыққа қарсы тұру үшін тәуелсіздікті мақсат еткен ұлы күш пайда болды. Бұл күш ұлт жүрегінде сақталған биік рухтан қуаттанды.

Қазақ зиялылары да отаршылдыққа қарсы тұрып, сол тұстағы саяси әл-ахуалды ұлттық мүддеге сай міндеттермен ұштастыруды ұсынды. Өлбетте, саяси сахнадан енді көрініп келе жатқан жас қазақ зиялы қауымы саяси-экономикалық, шаруашылық мәселелерді шешуде біржақты принцип ұстанған жоқ. Өйткені жаңа қалыптаса бастаған қазақ зиялылары ұлт мүддесін қорғау мақсатында елдің прогреске жету жолдарын іздестірумен ғана шектеді.

Қазақ қоғамының осы бір қасіретін халықтың озық ойлы, көзі ашық өкілдері аңғара бастады. Олар халықты саяси күрес додасына бастап шықты. Бұған себеп

болған 1917 жылғы Ресейдегі қос төңкеріс еді. Патша үкіметінің тақтан құлауы саяси күресті одан әрі қыздыра түсті. Сөйтіп саяси сахнаға қатерлі жолдан жалтақтамай, жанқиярлықпен күрескен көрнекті тұлғалар шықты.

Ал 1917 жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртының бостандық алуына мүмкіндік туғызып, сенім ұялатты. Патша өкіметі құлаған соң, қазақтың тәуелсіздігі жолындағы күресуші қайраткерлері «Алаш» партиясының төңірегінде топтасты. 1917 жыл – түркі елдерінің бірінен кейін бірінің автономия жариялауымен тарихымыздың ерекше атаулы жылы болып табылады. 21-28 шілдеде Орынбор қаласында Бірінші бүкілқазақ съезі өтті. Бұл съезде 14 мәселе қаралды.

Сөйтіп мемлекетті билеу түрі Ресейде демократиялық, федеративтік парламенттік республика болу керек дегенге байланысты пікір қуатталды. Ал 1917 жылы 24 маусымдағы «Қазақ» газетінде автономиялықтың негізі туралы әртүрлі пікір-ұсыныстар айтылды. Бірақ бұл съезде депутаттар нақты пікірге келе алмады. Сондай-ақ жер мәселесі Құрылтай съезіне қалдырылды. Күн тәртібінде айрықша мәнге ие болған дін, оқу-ағарту, әйел мәселелері және сот жүйесі болды. Бұрынғы ескі сот жүйесі («Народный сот») таратылып, олардың орнына «Қазақ тұрмысына лайық айрықша сот құрылуға» тиіс болды. Келесі мәселе – оқу-ағарту саласы жүйелі жүргізілу керектігі айтылып, тіл мәселесі айрықша назарға алынып, білім берудің тегін болуы талап етілді. Білім алудың орта, арнайы, жоғарғы сатылары туралы да сөз болды.

1917 жылы «Қазақ» газетінің 21 қарашадағы санында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Ғұмаров және т.б. бір топ қайраткерлердің атынан Алаш партиясы бағдарламасының жобасы жарияланып, осы жылдың 5-13 желтоқсанында Орынбор қаласында екінші қайта шақырылған Бүкілқазақ съезі өтті. Оған барлық қазақ облыстарынан, Алтай губерниясы мен Самарқан облысы қазақтарынан және Жетісу облысы қырғыздарынан, бәрі – 82 өкіл қатысты. Съездің күн тәртібінде 10 мәселе қойылды. Соның алтауы таза мемлекеттік мәселелер болды. Съезде Алаш автономиясының орталық атқарушы-өкімет органы Ұлт кеңесі – Алашорда үкіметі құрылды. Үкіметте барлығы 25 орын белгіленді. Соның 15-і съезде сайланды. Алашорда Ұлт Кеңесі үкіметінің төрағасы болып Ә. Бөкейханов сайланды. Мүшелері қатарында М. Шоқай, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов сияқты ұлттың зиялы қауым өкілдері де болды.

Бұл Ұлт кеңесі органы автономияның орталық билігі болып табылды. Ұлттың тұтастығы идеяда десек, қазақ зиялыларын біріктірген қасиетті ұғымдардың бірі – Алаш идеясы еді. Алаш Тұтас Түркістан идеясын терістемеді, керісінше оны жаңа сапада толықтыра түсті. Алаш – Түркістан түріктерінің ұлт-азаттық ұраны болды. Мұны А. Байтұрсынұлымен пікірлес Ж. Аймауытұлының «Әскер марсельезі» өлеңіндегі мына үзінді дәлелдей түседі:

Арғы атам – Ер Түрік,
Біз – қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз! [1, 20].

Автономия жарияланғанда сүйінші қуанышымен барлық қаламгерлер шабыттанды. Бұл қуаныш әсіресе көсемсөздік шығармалардың көптеп жазылуына әсер етті. «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз hükімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті», – деп ел көсемдері Әлихан, Мұстафа, Міржақыптар «Қазақ» газетінде жар салды [2, 11].

Сол тұстағы «Алашорда» партиясының қайраткерлері мен басқа да түркі халықтары оқығандарының қоғамды қайта құру жөніндегі ой-пікірлері Қазақстан мен Орта Азия ұлттары өкілдерінің эстетикалық көзқарастарына да белгілі дәрежеде өзіндік игі әсерін тигізді.

Азатшылдар «Ресейдің отаршыл саясаты патша билігімен бірге күйреп, еліміз азаттық алады» деп үміттенді. Сондықтан да ұлт әдебиеті жаңа дәуірге тәтті үміт пен үлкен сенім тудырған бостандық таңын жырлаумен аяқ басты. Мысалы, Міржақып Дулатұлы:

Бүгін халықтың қуанышты кең күні.
Күн менен түн – таразының тең күні.
Құт-береке болмаса екен кем күні, -
Деп тілейік, қолың жай, ау, Алашым! [3, 55]

– деп, барша азатшыл ақындар мен түркістандықтардың патшалықтан кейінгі жаңа кезеңдегі көңіл-күйін аңғартты. Мағжан да «Бостандық» өлеңінде:

Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды
Келді ұшып бостандық, [4, 240]

– деп, ұлт үмітіне жүрек кернеген қуанышымен үн қосты. Жаңа шаңырақ көтерген Алашорда мемлекетінің болашағына деген зор сеніммен С. Торайғыров та таза жеңіс жырын жырлады:

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді Алашты ешкімнің
Қорлығына бермейміз!

Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз.

Жасайды Алаш, өлмейміз,
Жасасын Алаш, жасасын! [5, 95]

Бұл – автономияға қол жеткізген түгел түрік халықтарының толғанысқа толы күйлерінің әдемі естелігі.

Әлбетте ұлттың ұлы атанар ұлы қасиет екінің біріне тиесілі емес. Бұл жөнінде Алаштың ардақтысы Мұстафа Шоқайдың: «...біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттар соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр», – деуі сөзімізді нақтылай түсері даусыз.

Әрине ұрпақтың ұлтжанды болып өсуі төл этникалық ортаға байланысты екені баршаға мәлім. Сол ортада бойға дарыған қасиеттерді шыңдау, жетілдіру арқылы іргелі елдің ұл-қыздары, тұлғалы азаматтары өсіп-өнбек. Сөйтіп, ұлттық асыл қасиеттерді бойға жинақтаған жан ғана халық үшін өзін құрбан етуге бар.

Бұл ретте тағы да М. Шоқайдың тұжырымдамасына сүйенеміз: «Жалпы, ұлттың мүддесін жеке қожалықтар мен жеке топтардың мүддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге, белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында құрбан ете білген адамдар ғана ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады» [6, 105].

Түркі халықтарының жоқтаушысы, қазақтың қамқоршысы ұлт тағдырын сөз қылып, оны басқа мүдде атаулыдан жоғары қояды. Көсем сөз иесінің бұл тұжырымы көңіл көрігінен шыққан жүрекжарды сөзі екені айдан анық. Өйткені Мұстафаның өзі де халықтық қасиеттерді бойға жиған, ақиқат жолына түскен жан емес пе еді?!

Әрине мұндай киелі атау-ұғымдардың мән-мағынасын халықтық таным-түйсік өресінде түсінбейінше, кісілікке бейімделу де мүмкін емес. Былайша айтқанда, адамгершілік қарым-қатынастарды да, халықтар арасындағы достықты да осы ұлттық қасиеттер реттейді.

Байқауымызша, ұлттық қасиеттерді бойға дарытқан зиялылар басқа халықтардың да мұң-мұқтажын, мұрат-мақсаттарын түсінеді. Сөйтіп ұлт мүддесі жолында тізе қосып, күш біріктіреді. Олар ұлт руханиятының өрлеуі жолында, халық өмірін қайта құру мақсатында еңбектенеді де.

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері қоғам өмірінің объективі тұстарын өзгертуді күшпен емес, сананың сол үрдіске енуі арқылы жүргізілуге тиіс деген түйінді пікірді қуаттады. Олар иық тіреген басты тұжырым – бостандық пен рухани езгіден құтылу және

халықты жалпы адамзат құндылықтарымен нәрлендіру секілді мақсаттарға негізделінді. Нақтылай айтқанда, олар қазақ елінің өркениетті, егеменді мемлекет болып, дамыған елдер қатарынан көрінуін мұрат тұтты. Ол мақсат-мұраттардың негізі байырғы төл мәдениетіміздің өрісі мен рухани дүние өресінде екенін зайырлы қауым өкілдері жете түсінді. Сондықтан олар империя кезінде бастаған іс-әрекет, қимылдарын қызыл үкімет тұсында да жалғастырды.

Алайда елдің санасын сергітіп, намысын найзаға іліп, халық арасында рухани қозғалыс туғызған бұл үрдістің адымы ұзаққа бармады. Кеңестің келеңсіз саясаты ұлттық зиялылардың дұрыс пайымдарын пайдаға асырмай, оң істерін теріске айналдырды. Сөйтіп, ұлтына «ұлтан, атына тұрман» болуға даяр арда ұлдар мен асыл арыстардың бостандыққа деген шабыты ұзаққа созылмады. «Алаш» қозғалысы қарулы басқыншылықпен таратылғанан кейін жеңіс жырының орнын қасіретке толы ғұмырлар алмастырды.

Қорытынды

Түйіндей айтқанда, ұлт-азаттық идеяның тууына ықпал еткен көркемдік ойлау, оның жанрлық сипаты, тақырып ерекшелігі, мазмұн сонылығы, пішін өзгешелігі қоғамдық процесспен тығыз байланыста зерделеніп, ғылыми танымнан өткізілді.

Аталмыш басылым қазақ әдебиеттануына тұщымды тұжырымдар қосары анық. Әсіресе XX ғасыр басындағы әдеби үдеріс жан-жақты ашылып, бүгінгі тәуелсіздік тұсындағы танымға сәйкес әдеби мұраларымызды түгендеп, ел игілігіне жарату тұрғысында алаштық қаламгерлердің туындыларын және олардың идеялық-эстетикалық мән-маңызын айқындау нәтижелі болмақ.

Бүгінде түркі халықтары, оның ішінде қазақ елі жеке мемлекет болып, егемендік алып отыр десек, бұның бәрі өткен ғасыр басында жан қиярлық қажырлы қайрат қылған сол ардақты ерлердің мұрат-мақсаттары мен арман-аңсарларының жүзеге асқандығы болар.

Түйіндей айтқанда Алаш арыстарының мақсат-мүддесі мен «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің бағдарламасының бүгінгі сындарлы да салиқалы саясат жүргізуші Президентіміз Қ-Ж Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан құру» бағдарламасымен үндестік тауып жатса, ол біздің келешекке деген сенімімізді нығайтып, жарқын болашаққа бастары анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Аймауытов, Ж.** Бес томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : 5 томдық. Т. 1 / Ж. Аймауытов. – Алматы : Жібек жолы, 2002. – 320 б.

2 «Қазақ» газеті / Құрастырушылар : Ү. Сүбханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы, 1998.

3 **Дулатұлы, М.** Оян, қазақ! [Мәтін] : өлеңдер, аудармалар / М. Дулатұлы. – Алматы : Жазушы, 2003. – 136 б.

4 **Жұмабаев, М.** Сүй, жан сәулем [Мәтін] : өлеңдер мен поэмалар. / М. Жұмабаев. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.

5 **Торайғыров, С.** Алаш ұраны [Мәтін] : таңдамалы шығармалары / С. Торайғыров. – Алматы : Жазушы, 2002. – 152 б.

6 Түркістанның қилы тағдыры / Құраст. Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы : Жалын, 1992. – 184 б.

7 **Қамзабекұлы, Д.** Алаштың рухани тұғыры [Мәтін] : ғылыми зерттеу / Д. Қамзабекұлы. – Алматы : Ел-шежіре, 2008. – 357 б.

8 **Кенжебаев, Б.** XX ғасыр басындағы әдебиет / Б. Кенжебаев. – Алматы : Білім, 1993. – 248 б.

9 **Әбдиманұлы, Ө.** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті [Мәтін] : оқулық / Ө. Әбдиманұлы. – Алматы, 2012. – 408 б.

10 **Жұртбай, Т.** Ұраным – алаш [Мәтін] : зерттеу / Т. Жұртбай. – Алматы, 2012. – 643 б.

REFERENCES

1 **Aimaıytov, J.** Bes tomдық shyǵarmalar jınaǵy [Collection of works in five volumes] [Text] : in 5 volumes. Volume 1 – Almaty : Zhibek Zholy, 2002. – 320 p.

2 «Qazaq» gazetі / Qurastyryshylar : ǘ. Súbhanberdına, S. Dáıytov, Q. Sahov [Kazakh newspaper / authors : U. Subkhanberdina, S. Dautov, K. Sakhov] – Almaty, 1998.

3 **Dýlatuly, M.** Oıan, qazaq! [«Wake up, Kazakh»] [Text] : poems, translations – Almaty : Writer, 2003. – 136 p.

4 **Jumabaev, M.** Súı, jan sáylem [«Kiss, dear»] [Text] : lyrics and poems - Almaty : Atamura, 2002. - 256 p.

5. **Toraıǵyrov, S.** Alash urany [Alash's motto] [Text] : selected works – Almaty : Writer, 2002. – 152 p.

6 Túrkıstannıń qılı taǵdyry / Qurast. B. Serikbaruly Qoshym-Noǵai [The fate of Turkestan / comp. B. Serikbaevich Koshim-Nogay] – Almaty : Zhalyn, 1992. – 184 p.

7 **Qamzabekuly, D.** Alashtyń rýhanı tuǵyry [The spiritual pedestal of Alash] [Text] : scientific research – Almaty : El-shezhire, 2008. – 357 p.

8 **Kenjebaev, B.** XX ǵasyr basyndaǵy ádebiet [Literature of the beginning of the XX century] – Almaty : Bilim, 1993. – 248 p.

9 **Ábdımanuly, Ó.** XX ǵasyr basyndaǵy qazaq ádebieti [Kazakh literature of the beginning of the XX century] [Text] : textbook – Almaty, 2012. – 408 p.

10 Jurtbai, T. Uranym – alash [My motto is Alash] [Text] : research - Almaty, 2012. – 643 p.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

*С. Н. Сутжанов¹, Б. Ш. Куралканова,² Э. С. Курмангожаева³

^{1,2}Павлодарский педагогический университеті,

Республика Казахстан, г. Павлодар,

³Алматинский университет менеджмента,

Республика Казахстан, г. Алматы

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ИДЕЯ АЛАШ И «НОВЫЙ КАЗАХСТАН»

В данной статье речь пойдет об объединении национальной идеи казахской интеллигенции, в том числе представителей алашской литературы в освободительно-просветительском русле в связи общественно-историческими условиями начала XX века.

Действительно, на рубеже прошлых веков вопросы просвещения, столь необходимые для будущего нации, волновали представителей интеллигенции. В газетах, журналах и книгах, издаваемых ими, просветители, деятели ставили этот вопрос на первый план.

Чтимые народом алашовцы, выступавшие за джадид, просвещение призывали народ к свободе, независимости. Традиционное продолжение освободительно-просветительского, националистического мотива периода становления и развития казахской литературы анализируется на основе произведений Мыржақыпа, Ахмета, Жусупбека, Султанмахмута. Также анализировалась взаимосвязь национального мотива с общественно-социальными условиями, его влияние на тематическое, идейное, жанровое развитие литературы.

